

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ
ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ МИНИСТРЛИҒИ
БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИ**

ӘДЕБИЕТТАНУҒА КІРІСПЕ

(Лекциялық курс)

Дайындаған: ф.ғ.к. Қ. Аралбаев

Пикир жазғандар

филология ғылымдарыны кандидаты, доцент.Илия Дилманов

филология ғылымдарының кандидаты. Низаматдинов Жеңис

НӨКІС - 2007

лекция 1

ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ПӘНІ, ОНЫҢ СИПАТЫ, МАЗМҰНЫ МЕН МАҚСАТЫ

Жоспар:

1. Әдебиеттану көркем әдебиет туралы ғылым.
2. Пәннің мақсаты, міндеттері.
3. Әдебиеттану ғылымының предмети (объекті).
4. Көркем әдебиеттің екі жақты мәні.
5. Әдебиеттану ғылымының даму тарихы туралы.

1. Әдебиеттану- көркем әдебиет туралы ғылым.

Әдебиеттану- көркем әдебиет туралы пән болғандықтан, ол көркем әдебиет жөніндегі жалпы теориялық деректермен мәліметтерді төмендегіше бірізділікпен үйренеді.

«Әдебиет» атамасының мазмұны мен қолданылуына келетін болсақ, ол арабша сөз болып – *адаб* -әдеп сөзінің көпше мәнісін білдіреді. Сөз төркіні тұрғысынан алғанда –жақсы мінез, әдептілік дегенді білдіреді. Әдебиет атауы және тар мағынада қолданылады. Кең мағынада әдебиет сөзінің түсінігі – кітаптар, мақалалар, түсіндірмелі талдаулар және қалың жұртшылықтың оқып үйренуіне арнап жазылған, басылып шыққан (баспахана жоқ дәуірде қолжазба күйінде тарқалған) туындылар дегенді білдіреді. Әдебиет термині қазіргі кезде түрліше салаларға бөлініп айтылып жүр. Мәселен ауыл шаруашылығына тиістілері –ауыл шаруашылығы әдебиеті, техникаға тиістілері – техникалық әдебиет, медицинаға тиістілері – медициналық әдебиет, саясатқа тиістілері саяси әдебиет, ал сөз өнеріне жататындары көркем әдебиет деп аталып келеді.

Ал енді «әдебиет» атамасы тар, яғни арнайы мағынада қолданылғанда тек көркем туындылар (роман, повесть, әңгіме, очерк, өлеңдер, баллада, драма, комедия т.б.) дегенді танытады.

Қазіргі кезде әлемнің бірқатар елдерінде соның ішінде Россияда «литература» деп аталса, қазақ және басқа да түркі, шығыс халықтары тілдерінді «әдебиет» делініп жүр. «Литература» (француздың *litterature* жазба әдебиет) атамасы әлем ілімінде XVIII-XIX ғасырларда пайда болған, негізінде «жазба әдебиет» мағынасында қолданылған.

Қазақ тілінде «әдебиет» атауы адамдарға жақсы әдепті, мінез құлықты, жалпы өмірді, тұрмысты дұрыс түсініп, дұрыс ғұмыр жасауды үйрету мақсатында жазылған шығармалар деген мәнде қолданылған.

Көркем әдебиет адамның сезімі мен рухани дүниесіне күшті әсер етеді. Жалпы алғанда, көркем әдебиеттің танымдық және эстетикалық мәні өте зор.

Көркем шығармалардың мәнін дұрыс түсіну және әдеби оқиғаларға баға беру үшін, алдымен көркем әдебиет туралы ілімді, яғни әдебиеттану ілімін толық меңгеру қажет. Олай болмаған жағдайда адам болмысты дұрыс түсініп, дұрыс бағалай алмауы мүмкін.

3. Әдебиеттанудың объекті (предметі) және міндеттері.

Әдебиеттану атауы- этимологиялық тұрғыдан әдебиет сөзіне- тану сөзінің қосылуы арқылы жасалған.

«Әдебиеттану» атамасына қысқаша әдебиет энциклопедиясында былайша сыпаттама берілген:

«Әдебиеттану көркем әдебиетті, оның мәнін, келіп шығуын әлеуметтік байланыстарын жан-жақты үйрететін пән, сөз арқылы көркем ойлаудың өзіне хас ерекшеліктері жайында, көркем творчествоның генезисі (негізі), құрылымы, тарихи-әдеби процестің белгілі мекен мен кезеңге тиісті жалпы заңдылықтарын үйрететін пән, ал бұл сөздің тар мағынасын алғанда- әдебиеттану - көркем әдебиетті және творчестволық процесті үйрену бағыттырын, әдістерін танытатын ғылым¹».

Әдебиеттанудың объекті (предметі) тарихи жағдайлармен тығыз байланыста болған әдеби туындылар және оның жаратылу процесі.

¹ КЛЭ т.4 М. 1967. 331-б.

Демек, классикалық көркем туындылар, ұлы ақын-жазушылардың әдебиет жөніндегі пікірлері, тарихи-әдеби процесс және оның барша белгілі шығармашылық мұрасы – әдебиеттанудың объектісін құрайды. Орта ғасырларда жаратылған Қауыснама, «Құтатқу-білігі», «Бабырнама» т.б. шығармаларда сөз өнерімен ғылым, әдеп-мінез т.б. араласып кеткен, дегенмен бұл туындылар да әдебиет деп аталған.

Өткен дәуірлерде «әдебиет» сөзінің түсінігі болғанымен, оны нақты белгілейтін атамалар аз болды. Әдебиетті нақтылы белгілеу үшін –шығыста, оның ішінде шығыс әдебиетінде де –назым, шығыр, насыр, манзума, қасида деген сөздер мен ұғымдар қолданылды.

XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин т.б. ақын-жазушылар мен оқымыстылар “әдебиет” атауын дербес мағынада қолдана бастағанын көреміз.

2. Көркем әдебиет пен оны үйренудің танымдық және эстетикалық маңызы.

Әдебиет- өнердің бір түрі, яғни сөз өнері. Көркем әдебиет тұрмысты сөз арқылы бейнелеп көрсетеді. Әдебиетте өмірдің белгілі бір оқиғалары, адам баласының өзіне тән өзгешеліктері, рухани дүниесі, арман-мақсаттары, қайғы-мұңы, ішкі сезімдері мен сырлары суреттеледі. Сондықтан да әдебиет өмірді үйренудің құралы болып қызмет етеді. Ақын не жазушы тұрмысты, оқиғалар мен фактілерді үйренеді, олардан қажет қорытындылар жасайды. Осы жасаған қорытынды – ой пікірлерді жанды образдар арқылы бейнелеп береді. Демек, олай екен, көркем әдебиет дүниені көркем түрде меңгере білу деген сөз.

Көркем әдебиет, дәл қазіргі уақытта, дүниені өзгерту құралы да. Себебі ұлы ақын-жазушылар қоғамның алға ілгерілеуіне, дамуына барлық уақытта себеп болып, жәрдемдесіп отырған.

Көркем әдебиет - қоғамдық сананың бір саласы

Көркем әдебиеттің екі жақты мәні бар, оның бір жағынан өнер туындысы, екінші тараптан қоғамдық сананың формаларынан бірі екендігін

айтып өттік. Енді неліктен көркем әдебиет қоғамдық санаға тиісті екендігін, оның қоғамдық сананың формасы ретінде өзіне ғана хас сипатын көріп шығу қажет.

Белгілі орыс филолог-ғалымы А.Потебня көркем әдебиет жайындағы лекцияларын “ең жалпы түсінік – адамның қызметі” деген сөздермен бастаған екен. Бұл – дұрыс пікір. Өйткені Адам баласы тарапынан жаратылған нәрселердің бәрі еңбектің яғни қызметтің жемісі, демек бірінші рет біз “қызмет” ұғымына тоқталуымыз шарт. Адам қызметі өте кең және көп қырлы болады, біз төменде оның ең маңыздыларына тоқтап өтеміз.

Барлық жанды мақлұқтар арасында біздің арғы бабаларымыз ғана табиғатта даяр тұрған нәрселердің өзімен шектеліп қалмай, жай-жағдайлардың өзімен қанағаттанып қалмай, олар табиғатты, бар нәрселерді, өз талап тілектеріне сәйкес өзгертіп жасады, өйткені олар тірі қалуы, ұрпақ жалғастығын сақтауы үшін де осылай етуге мәжбүр еді.

Адамның өмір сүруі үшін табиғатты өзгерту процесі “еңбек” (амалдағы қызмет) деп аталады. Адам баласы өзінің “амалдағы қызметінде” табиғатты, айнала қоршаған ортаны өзгертіп келеді – өзі өмір сүру үшін жағдай жаратады, тіршілік үшін азық, қорек табады.

Пікіріміз дәлелді болуы үшін суретші творчествосына жүгінейік. Суретші жаратқан пейзаж – табиғат көрінісі суретімен “натура” – туындыға негіз болған ақиқат көрініс арасында өте үлкен сырттай ұқсастықты табуымыз тіпті “дәл өзі” деп таң қалуымыз мүмкін.

Табиғатты өзгерту процесінде өзгертушінің (адамның) өзі де өзгеріп барады, себебі дене еңбегі арқылы ол тәжірибеге ие болады, өзін қоршаған ортаны тереңірек түсінеді, адамның болмыс туралы түсінігі байып, санасы өсіп жетіледі. өз кезегінде, болмыс туралы ұғым мен білімнің бағасы дене еңбегінің (амалдағы қызметтің) жемісті болуына жағдай жасайды. Демек, осы дәуірлерден бастап-ақ адам қызметі (еңбегі) екіге – амалдағы еңбек (дене еңбегі) және теориялық еңбек (рухани еңбек) түрлеріне ажыратылған. Негізінде бұл екі еңбек бірі-біріне байланысты және әрбір адамда олар әр түрде өтеді.

Шындығында ақыл еңбегінің (ой еңбегі) өзі “ақыл” және “сезім” сияқты түрлерде болып, әрқашан бір-бірін толықтырып тұрады.

Көркем әдебиет – адамның рухани (ақыл) еңбегінің жемісі. Көркем әдебиетті рухани қызмет түрінің бірі дегенде, творчество адамы (жазушы, ақын) өз еңбегі жұмсалған предметті (кең мағынада алғанда болмысты) өз санасында өзгертеді және көркем образбен бейнелейді. Демек “әдебиет дүниені өзгертеді” деген пікірді бір жақты түсінуіміз қате болар еді. Себебі, әдебиет реал, нақты оқиғаны өздігінен емес, әртүрлі мүмкіндіктер арқылы яғни-дүниені өзгерту, адамды өзгерту арқылы жүзеге асырады.

Әдебиеттанудың негізгі міндеттері

а. Әдеби процесті, әдебиеттің даму бағыттарын, заңдылықтарын терең үйренуден, олардан әдеби процесті дамыту үшін қажетті қорытындылар шығаруға, әдебиеттану – көркем әдебиетті заман қойып отырған талаптар негізінде үздіксіз дамытуға, халыққа қызмет етуге ұмтылады.

ә. Әдебиеттану оқырманның эстетикалық талғамын орнықтыруға, оны теориямен қаруландыруға қызмет етеді. Әдебиеттану әдебиет пен өмір, жазушы мен оқырман арасын байланыстырушы, оларды өзара бірлестіруші көпір қызметін де атқарады.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІҢ ЕКІ ЖАҚТЫ МӘНІ

Жоспар:

- 1. Көркем әдебиет хақындағы әдебиеттану іліміндегі әртүрлі пікірлер.**
- 2. Көркем әдебиет әрі қоғамдық сана, әрі өнер туындысы екендігі.**
- 3. Көркем әдебиеттің қоғамдық- әлеуметтік табиғаты.**

XX ғасырдың басынан бастап-ақ “көркем әдебиет деген не өзі” тәрізді сұрақ туып, оған әралуан түрде жауаптар беріліп келгендігі мәлім.

Егер, байыптап қарасақ, адамзат өзін-өзі саналы түрде танығанынан берлі осы сауал беріліп келгенін көреміз.

Бір ғажабы, бұл сауалға әрбір дәуір өзінше жауап береді, оның үстіне, тіпті бір дәуірде жасаған, өмір сүрген адамдардың жауаптары да бір бірінен

ажыралып тұрады. Үзілді- кесілді жауап беруге мүмкін болмаған “әдебиет деген не” тап қазіргі кезде де күн тәртібінен түспегені ақиқат. Бүгінгі күнде бұл сауал төңірегіндегі талас-тартыстар “әдебиет өнер ме, әлде сананың көрінісі ме”, “әдебиет қоғамдық болуы керек пе, әлде жоқ па”, “әдебиет бұқаралық (массалық) болуы керек пе, әлде элитарлық па” тәрізді мәселелерден көрініп отыр.

Анығы, бізге белгілі нәрселердің, оқиға-құбылыстардың көпшілігі, соның ішінде әдебиет те өте күрделі, қайшылықты жақтары жетерлік құбылыс. Жоғарыдағы сұраудың біріншісіне “әдебиет өнер ме, әлде сананың түрі ме” деген мәселеге келсек, бұнда бір нәрсе айқын көрінеді.

Кейінгі кездерде кеңес дәуірінде өте жалаң қоғамшылданған әдебиетке, оны қалың халықты, бұқараны коммунистік рухта тәрбиелеу мақсаттарына бойсындыру тәжірибесіне қарсы күресу мақсатында әдебиетті “таза өнер” сипатында, түсіндіру онда тек ғана өнерге хас құбылыстарды көру принциптері көбірек көзге түседі.

Бірақ әдебиетте тек қана құралдануды көру қаншалық қате болса, онда “таза өнерді” ғана көру де соншалық қате болар еді.

“Таза өнер” деген пікірді қолдаушылар әдебиеттің қоғамдық сананың көрінісі екенін бекерге шығармақ болады, біреулері әдебиеттің бұл жағына көз жұмып қарайды.

Біз неге ақыл мен сезімді бір-біріне қарсы қоямыз, ар-ожданмызда ақыл мен сезімнің бір уақытта пайда болуына, екеуінің бірлікте адамның рухани дүниесін жасайтындығына жетерлі көңіл бөлмейміз. Не үшін адамның рухани жетілуінің жемісі болған әдебиет осы екеуін де (ақыл, сезім) өзінде біріктіре алмас екен.

Бұл мәселені көркем творчествоның табиғаты тұрғысынан тану және түсіндіру оңайырақ көрінеді. Қазіргі адамның ойлау дәрежесі, әдебиет пен өнердің даму дәрежесі бұрынғы дәуірмен салыстырғанда біраз ілгерілеп кетті. Дегенмен, қай дәуірде, қайсы заманда да көркем творчествоға түрткі болатын, қозғау салатын ең басты фактор – үнемі білуге құштарлық, білуге ұмтылу болып қала береді. Бір қаламгерді қоғамның белгілі жағдайы немесе дамуы

қызықтырса, екіншісі өзін өзі бақылау, зерттеу арқылы құдайды тану (суфизм поэзиясы), тағы біреуін жүрек, көңіл күйлерін (яғни өзін) тану және соған сәйкес жалпы білу қажеттілігі тартады.

Дей тұрсақ та, кейінгі кездердегі шығармаларда білуге ұмтылу айқын сезілмеуі, қаламгердің суреттемек болған нәрсесінің шығармада басқаша бейнеленіп кетуі де байқалады. Демек, қаламгер өзі көптен бері шеше алмай келе жатқан, өзі түсінуге ұмтылған мәселенің шешімін табиғат қойнында, тұрмыстағы оқиғада т.б. көруі де ықтымал. Кешегі қызыл империя кезінде адамның қадірінің төмендеуі, бүкіл қоғамның тоталитар түзімнің алдындағы әлжуаздығы, адамдардың өзгелер қайғысына бей-жай болып, құры тамашалаушы болып тұрғандығы І.Есенберлиннің(Айқас, «Ғашықтар) О.Бөкеевтің (Атаукере) шығармаларында көрінісін табады.

Ақиқатын айтсақ, айналада болып жатқан оқиғаларға зерделі, сын көзбен қарайтын, бақылап, көкірек көзімен танитын адамдар да аз емес. Бірақ олардың бәрін бірдей өнер қайраткері дей алмаймыз. Ары кеткенде “ақын жанды”, “сезімтал” деп сипаттауымыз мүмкін. Олардан айырмашылығы – өнер адамы нәрсенің, оқиғаның мәнін ашушы, басқа жәйітті көріп қана қалмай, оны өзінің сезім-дүниесінде бейнелеуші болып тапбылады.

Рухани дүниенің қайталанбас, бір жағдайы болып келетін – шығармашылық санада өнер адамына өзі іздеген мағынада белгілі болады, ал білуге болған талап тек шығармашылық процесінде ғана қанағаттандырылады. өнер адамының творчестводағы санасы оның әбден аңсап, зарығып, тулап тұрған жүрегі оның шығармаларында мөрленіп қалады. Бұдан шықты, көркем шығарма білуге қаратылған процесс екен, демек, көркем әдебиет те санаға байланысты құбылыс, тек мұнда білудің өнерге тән болған жолымен баруға болады. Осы айтылғандардан шығатын қорытынды – әдебиет екі жақты құбылыс, ол өнерге де, қоғамдық санаға да бірдей байланысты болады екен.

Әдеби пікір таластарында тез-тез көтеріліп тұратын “әдебиет қоғамдық болуы керек пе, жоқ па” деген мәселе де кеңес дәуірі әдебиеті саясаты әсері астында пайда болып, өткірлесіп кеткен еді. Әдебиеттің қоғамдық екендігін

бекерге шығару дұрыс болмайтынындай, оның дара құбылыс екенін де жоққа шығарып болмайды. Бұл сұраққа жауап беру үшін біз әдебиеттің предметі мәселесінде тоқталуымыз қажет.

Әдеби-теориялық ой-пікірлердің дамуы

Ғылыми-теориялық-әдеби ой пікірлер ерте дәуірлерде пайда болып, оның дамуы әртүрлі қайшылықты көзқарастар мен күрестерге ұласып отырды.

Біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасырда ежелгі грек философы, ғалымы Аристотель әдебиет теориясы бойынша “Поэтика” деп аталған ең бірінші еңбегін жәриялады. Мұнда Аристотель поэзия нағыз ақиқат тұрмысты бейнелейтінін, оның негізгі предметі -адам екендігін, ол өте маңызды ағартушылық, тәрбиелік маңызға ие екендігін дәлелдеп берген.

Әсіресе, Аристотельдің поэзияның адам ғұмырында орын алуы мүмкін болған немесе қажет деп табылған оқиғаларды көрсетуге, көркем жинақтаулар жасауға қабілеттілігі туралы ілімі -үлкен мәнге ие еді.

Аристотель бірінші рет- көркем өнердің бір түрі болған поэзияға тән бірқатар ерекшеліктерді санамалап көрсеткен, оның ғылымнан айырмашылығын және даралығын жалпы түрде көрсетіп берген.

Драмалық өнердің ең жетекші түрінен саналған трагедия туралы, оның предметі, кейіпкерлері және міндеттері жайында Аристотель өте терең тиянақты пікірлер айтқан. “Поэтикада” көптеген тұжырымдар берілген және әдебиет саласындағы кейінгі зерттеу жұмыстары үшін жол ашып берген. Көптеген замандарда Аристотельдің “Поэтикасы» әдеби-теориялық ой пікірдің биік шыңы саналып келді.

Аристотель өзінің теориялық тұжырымдарын жасауда ежелгі Грецияның Гомер, Пиндар, Эсхил, Софокл, Еврипид, Аристофан сияқты ұлы жазушыларының тәжірибесіне, сол дәуірде жаратылып, кейінгі замандарда да өз бағасын жоғалтпаған асыл әдеби мұраларға сүйенеді. Сондықтан да “Поэтика” туындысының өзі де аса биік бағаға ие болды.

Бірақ ол әдебиет өмірге еліктеуден жаратылады деп есептейді. Бұған қарамастан, ғалымның бұл екі еңбегі де дүние жүзінде эстетика мен әдебиет теориясы тарихында өшпес із қалдырды.

Ояну дәуірінің корифейлерінің бірі – Леонардо да Винчи өнердің көзі табиғат, яғни болмыс деп көрсетеді. Сондықтан да ол өнер адамынан өмірді жан-жақты терең білуді талап етеді. Леонардо да Винчи өнер адамын “мұғалім”, ал өмірді “мұғалімдердің мұғалімі” деп атаған.

Испан драматургы Лопе де Вега, француз Рабле, итальян Боккачо, әсіресе сол дәуірдің ұлы суреткерлері Сервантес және Шекспир өздерінің әдеби көзқарастарымен әдебиет теориясының дамуына ерекше әсер еткен.

XVIII ғасырдың екінші жартысында француз классицизмінің теорияшысы Н.Буало “Поэзия өнері” еңбегінде Аристотельдің “Поэтика” еңбегіндегі теориялық көзқарастарды дамытып, көркемдік критерияларын жасайды.

XVIII ғасырдағы ағартушылық дәуірінің ірі қайраткерлері Дени Дидро және Лессингтер эстетика бойынша жазылған еңбектерінде поэзияның әлеуметтік мәні, оның өзіне тән ерекшеліктері, әдебиеттің өнердің өзге түрлері арасындағы орны туралы ілімді тереңдете түскен.

Ұлы неміс философы Гегель Г.В.Ф. (1770-1831)өзінің эстетика бойынша лекцияларында әлем әдебиеті үлгілері негізінде эпос, лирика, драмаға баға берген. Гегель поэзияны ең бай, шет-шегі жоқ өнер деп бағалаған. Ол Гетені барлық ақындардан жоғары қояды, әсіресе, Фаусты жоғары бағалайды.

В.Г.Белинский (1811-1848) - профессионал орыс сынының атасы. Ол өз дәуірінде әдебиеттің міндеті крепостнойлыққа (басыбайлылық) қарсы күрес деп білді. Реалистік ағымның жолбасшысы болды, әсіресе, әдеби процесс бойынша шолуларымен даңқын шығарды. “Әдеби қиялдар”, “Гоголге хат” мақалалары өз кезінде үлкен мәнге ие болды. Ол әдебиеттің, объективтік және тарихи критерияларын жасап берді, поэзияның тек пен түрлерге бөлінуін зерттеді, сынды “әрекеттегі эстетика” деп атады. Оның пікірінше “әдебиет дәуір қойып отырған барлық мәселелерге жауап беруге міндетті. Реализм өнердегі дамудың ең жоғарғы басқышы”.

Н.А.Добролюбов (1833-1831) «Обломовшылдық деген не?», «Қараңғылық ішіндегі сәуле», «Орыс әдебиетінің халықшылдық дәрежесі туралы», «Ақиқат күн қашан келер екен?», т.б. мақалаларымен кең танылды. Әдебиеттің дамуында жаңа жол ашты, «нағыз өнер-өмірдің көркем образдар арқылы сәулеленуі,-дейді». Ол әдебиетті дұрыс түсіну үшін дұрыс талдау жасай білудің үлгілерін жасап кетті.

Қазақ әдебиеттану ғылымының ХІХ ғасырдағы аса ірі өкілі Шоқан Уәлиханов еді (1835-1835). Ш. Уәлихановтың сөз өнері туралы ғылымға қатысты еңбектері екі сала. Бұл ретте, Шоқанның өзі “Дала Илиадасы” деп бағалаған әйгілі қырғыз эпосы “Манастың” бір тарауын (Көкетай ханның асы) тұңғыш жазып алды, өз халқының ұлан-ғайыр өлең жырларын ел аузынан іздеп тауып, талдап тексеріп баға берді, оларды араб поэзиясымен салыстыра келе, “бірақ қазақ тілі –татаусыз төгілген, тұнық мөлдір тіл екенін” дәлелдеді. Соншалық байсалды пікір. “Мен Аякөзді сүйемін, -Бәлкім, бұған бір кезде өмір сүрген сұлу Баянның алтын айдарлы Қозы-Көрпешке ғашықтығы туралы аңыз әсер еткен болар” –дейді. ғалым. Сондай-ақ ғалым қазақ поэзиясын бес түрге(жоқтау, жыр өлең, қара өлең, қайым өлең) бөліп, бұлардың әрқайсысына өзінше мінездеме береді.

Ыбырай Алтынсариннің әдебиет туралы ғылымға қосқан үлесі жұртқа мәлім ағартушылық еңбектерімен сабақтас. Осы ретте ерекше атап айтарлық нәрсе- ұлы педагогтың тарихта тұңғыш рет орыс алфавитімен жазып бастырған “Қазақ хрестоматиясы” (1879). әдебиет оқулығын жазу үстінде Ы.Алтынсарин қазақтың ауыз әдебиетін жинау, жариялау ісіне де көп еңбек сіңірді.

Қысқасы, Ыбырай Алтынсарин іс жүзінде қазақтың әдеби тілінің тазалығы, әдеби шығармалардың халықтығы, тәрбиелік мәнінің биіктігі үшін күресті

Халқымыздың ұлы классик ақыны Абай Құнанбаев (1845-1904) өзінің эстетикалық көзқарасын жүйелейтін ғылыми трактат жазып қалдырған зерттеуші де, сыншы да емес. Бірақ оның сөз өнері хақында ұғым-түсініктері

мен ой-пікірлері барша көркем шығармаларының өн- бойында желі тартып жатыр.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1938) қазақ тілінде әдебиеттану туралы тұңғыш оқулық жазған ғалым. Оның “Әдебиет танытқыш” кітабы - қазақ тілінде шыққан бірінші әдебиет теориясы еді.

1926-жылы басылған бұл еңбек күні бүгінге дейін пікірлерінің дұрыстығымен, жүйелілігімен оқырман назарын өзіне аударуда.

Әдебиеттану ғылымына әр кездерде арнайы еңбек жазып, елеулі қосқан Қажым Жұмалиев (1907-1969), Есмағамбет Ысмайылов (1911-1966), Зейнолла Қабдолов(1927-2006) т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері мен әдебиеттану туралы оқулықтары -әдебиетшілер даярлауда аса бағалы құралдар болды.

ТІРЕК СӨЗДЕР МЕН ТІРКЕСТЕР:

әдебиеттану ғылымы, әдебиеттану сөзінің мәні, көркем әдебиет, қоғамдық сана, фольклористика, ғылыми әдебиет, әдебиет термині –тар және кең мағынада. Аристотель- “Поэтика”, әл-Фараби, Шоқан Уәлиханов.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. З.Қабдолов. Сөз өнері,
2. Д.Қуранов. Адабиетшуносликка кириш.
3. Абрамович. Введение в литературоведение.
4. Қ. Жұмалиев Әдебиет теориясы.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Көркем әдебиет деген не? Әдебиет терминінің екі жақты мағынасын айтып бер.
2. Әдебиеттану пәні не туралы, нені зерттейді, нені үйретеді?
3. Көркем әдебиеттің екі жақты мәні дегенді қалай түсінесің?
4. Әдебиет туралы ілімнің пайда болу, қалыптасу жолы туралы айт.
5. Аристотельдің “Поэтика” еңбегінің мәні не?
6. Қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу жолдары туралы не білесің?

лекция 2.

ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ҚҰРАМДАС САЛАЛАРЫ.

Жоспар:

1. Әдебиеттанудың негізгі және қосымша салалары туралы.
2. Әдебиет сыны.
3. Әдебиет тарихы.
4. Әдебиет теориясы.
5. Әдебиеттанудың жәрдемші салалары, историография (тарихнама), текстология- мәнбетану (источниковедения), библиография т.б.

Әдебиеттану ілімінің құрамдас бөлімдері туралы әңгіме болғанда, оның негізгі және жәрдемші салаларын назарда тұтамыз.

1. Әдебиеттанудың тарихи даму процесінде одан дербес пәндер -әдебиет теориясы, әдебиет тарихы және әдеби сыны ажыралып шыққан. Өзара тығыз байланыста болған бұл пәндердің өз алдарына дербес ғылымдық және практикалық міндеттері бар.

Әдебиет тарихы сөз өнерінің пайда болу, қалыптасу, даму тарихын зерттейді, адамзат қоғамының тарихи дамуында көркем әдебиеттің ролі мен маңызын белгілейді. Әдебиет теорияшысының зерттеуінде айқын көркем шығармалар, белгілі қаламгерлер мен сыншылардың шығармашылығы, көркем, творчестволық методтар (әдістер), жанр және түрлердің қалыптасуы, ерекшеліктері, тарихи тағдырлары тәрізді мәселелер турады.

Әдебиеттану ғылымының салалары: сыны, тарихы, теориясы.

Әдеби процесс және көркем әдебиетті зерттеуші ғылым -әдебиеттанудың құрамына бір неше пәндер кіреді. Бұлардан бастылары: Әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдеби сын, әдебиеттанудың методологиясы, текстану (текстология), библиография, әдеби көздер (манба-источниковедения), фольклористика т.б. Бұлардан «әдеби сын- әдеби процесс туралы, әдебиет тарихы –көркем әдебиеттің тарихи даму жолдары жайында, «әдебиеттану методологиясы»- өткен дәуір мен қазіргі кезеңдегі әдебиетті үйрену

бағыттары мен әдістері жөнінде «әдебиет теориясы» -көркем әдебиет пен творчестволық процестің заңдылықтары туралы пікірлейтін ілім салалары болып есептеледі.

Былайша айтқанда, әдебиеттанудың ең төменгі сатысы -әдебиет сыны болса, орта сатысы- «методология» мен, «әдебиет тарихы» да ең жоғарғы сатысы- «әдебиет теориясы» деу мүмкін. Әрине, бұл шартты түрдегі бөлу. Негізінде бұл предметтерді бір-бірінен жоғары қойып та болмайды.

Әдебиеттанудың құрамдас бөлімдері туралы айтпас бұрын оларды шартты түрде екі топқа бөліп үйрену мүмкін.

1. Әдебиеттанудың негізгі салалары. Ертеде әдебиеттану ілімдері жинақталған яғни бір бүтін ретінде қарастырылған. Кейін келе әдебиет туралы ілімнің даму процесінде одан арнаулы пәндер қатарында-әдеби сын, методология, әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, бөлініп шыққан. Анығына келсек, ертеде әдебиеттанудың өзі де философия, логика, мораль, көркем әдебиет т.б. бірлікте, біте қайнасып кеткен.

а. Әдебиет сыны- әдебиеттанудың әдеби процеске дереу, жедел араласатын түрі. Әдебиет сыны біріншіден, белгілі бір дәуір әдеби процесінің көкейтесті мәселелерін көтеруі және оларды заманның идеялық-эстетикалық талап-тілектері тұрғысынан жасап тудыруы үшін әдебиет алдында тұрған басты міндеттерді белгілейді. Екіншіден -әдеби процеске араласқан барлық ақын жазушылардың шығармашылық қызметтеріне талдау жасау арқылы (жетіскендіктері мен кемшіліктерін анықтау, оларды жинақтау) олардың творчествосын дамыту; үшіншіден ең жаңа шығармаларды өз уақытында тез-талдап талқылап, автордың жетіскендіктерін кең насихаттап, кемшіліктеріне тұжырым жасау, әсіресе, төртіншіден миллиондаған оқырмандардың эстетикалық талғамдарын өсіруге, әдеби дүниелерді нәзіктікпен сезе, түсіне білуге көмектесу болып табылады.

Сонымен бірге әдеби сын қаламгердің творчестволық қызметіне құрметпен, өте байыптап қарауға және оны әділ бағалауға міндетті. Нағыз әдебиет сыны барлық уақытта қоғамдық ой-пікірлерді белгілеп отырады,

көркем әдебиет пен өмірдегі оқиғалардың мәнін терең түсінуге де өз үлесін қосады.

Қазақ әдеби сыны да -әдебиет тарихының айнымас серігі болып келді.

Әдебиет дамуы –сынның дамуымен өте тығыз байланысты.

Жазушы өмір, тұрмыс туралы өз әсерлерін көркем образдар арқылы бейнелесе, сыншы өзінің әдебиет туралы пікірін, тұжырымды ойын логикалы пікірлеумен танытады. Бұл ретте әдебиет сынмен тығыз байланыста болып, бір біріне әсер етіп отырады.

Осы тұрғыдан қарағанда, әдебиет сыны тарихын үйренбей тұрып, көркем әдебиет тарихын үйренудің өзі нәтижелі болмақ емес.

Әдебиет сыны әрқашан дәл өз тұсындағы әдебиеттің тірі процесіне белсене араласып, нақты әдеби туындыны жан-жақты талдау, оның идеялық-көркемдік құнын белгілеу, бір жағынан жазушыға жазғандарының бағалы қасиеттері мен кемшіліктерін көрсетіп оның творчестволық өсуіне тікелей қолғабыс жасайды, екіншіден оқырманды оқыған шығармасының байыбына барып, оны дұрыс түсініп, бағалауға үйретеді. Сыншы оқырман қауымның талабы мен талғамының жаршысы.

Сын тек жазушы үшін ғана емес, оқушы үшін де жазылады. Әдеби сында көркем шығарманы бағалаудың жолдары, тәсілдері, шарттары, критерийлері болады. Кез келген шығармадан үлкенді-кішілі кемшілікті табу оңай, ал шығарма несімен жақсы екенін белгілеу, оның нағыз поэтикалық сұлулығы неде екенін анықтау бәрінен қиын.

ә. Әдебиет тарихы. Белгілі бір халық әдебиетінің тарихи өсу жолын, ақын-жазушылар шығармашылығы және олардың әдеби шығармаларының көркем әдебиеттің дамуында алатын орнын, мән-маңызын үйрену, үйрету әдебиет тарихының қызметіне жатады.

Әрбір халықтың әдебиет тарихы өзінің дамуында ұзақ күрделі тарихи жолдарды өткен. Әдебиет қоғамдық сананың бір формасы болғандықтан, онда әралуан рухтағы, идеядағы шығармалар да болады. Әдебиетте әрқилы ағымдар, көзқарастар болып, олар өзара қайшылықта көрінген, бірі бірімен күресіп отырған әралуан эстетикалық принциптер де болған. Әдебиет тарихы

пәні әрбір ұлттың, халықтың көркемдік дамуының өзіне тән өзгешеліктері мен жай-күйін ғылыми негізде үйренеді.

Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым. Бұл ғылымға беташар тәрізді әдебиеттің табиғатына тән ең бір қарапайым қағидалар, ілкі түсініктер “Әдебиеттану ғылымына кіріспе” деп аталатын арнаулы пән арқылы талданып, тексеріледі. Одан арғы күрделі мәселелердің бәрі әдебиеттанудың өзге салаларының үлесіне қалады. Ал әдебиет туралы ғылым, негізінен, мынадай үш түрлі ғылыми салаға бөлінеді: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы және әдебиет сыны.

Әдебиет теориясы көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, оның қоғамдық қызметін, көркем шығарманы талдаудың принциптері мен методикасын, әдеби жанрлар мен оның түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен көркемдік әдіс мәселелерін түп-түгел тек әдебиет теориясынан ғана танып білуге болады.

Мәселен, бірінші сұраққа жауап беру, яки қандай оқиға болғанын айту – сол шығарманың тақырыбы мен идеясын сөз ету;

екінші сұраққа жауап беру, яки оқиғаның қалайша болғанын айту – шығарманың сюжеті мен композициясын сөз ету;

үшінші сұраққа жауап беру, яки оқиға кімдердің басында болғанын айту- шығармадағы тип пен характер жайын сөз ету;

төртінші сұраққа жауап беру- яки (болған) оқиға қалай баяндалғанын айту- шығарманың тілі мен суреткердің стилін сөз ету.

бесінші –сұраққа жауап беру-яки болған оқиғаға автордың көзқарасын айту-суреткердің дүниетанымы мен көркемдік әдіс мәселесін сөз ету.

Міне, осылардың бәрін тек әдебиет теориясын білген адам, сол арқылы өз заманының талабы дәрежесінде өзінің эстетикалық талғамын қалыптастырған адам ғана істей алады.

Бұл ретте, әдебиет теориясы көркем творчествоның психологиясы мен спецификасына қатысты суреткер лабораториясынан да белгілі мөлшерде нақты мәліметтер берері даусыз.

Сонымен, әдебиет теориясын білмей, қандай да болса әдеби құбылысты нәзік түсіну, шынайы сөз өнерінің шындық өмірге қарым-қатысын білу, әдебиеттің өсіп-өрбуіндегі адам баласының жалпы көркемдік дамуындағы сыр сипатын тану мүмкін емес.

Әдебиет теориясының ереже секілденген эстетикалық қағидалары мен қисындары-әдебиет тарихы арқылы табылып, тексеріліп, жүйеленген ұшан-теңіз нақты әдеби деректерді терең талдау, байыптау нәтижесінде қорытылған талғамдар, түйін-тұжырымдар.

Әдебиеттанудың жанама, қосымша салалары – текстология, историография және библиография болып табылады.

Текстология - әдеби туындының текстерін зерттеп, танудың принциптері мен методикасын жинақтайды. Бұл өз алдына пән. Текстология көркем шығарманың тұрақты түп нұсқасын белгілейді, оның автордың өз қолымен жасалған ақтық яғни соңғы нұсқасын, редакциясын анықтайды. Әралуан варианттарын салыстырады, әр басылымын автографпен салыстыра тексереді, текстің автор еркінен тыс қысқарған, немесе басқа адам тарапынан өзгертілген жері болса, қалпына келтіреді, түп нұсқаны көшіріп, не әріп терушілерден кеткен ең арғысы емле қателер болса да түзетеді. Текстологияның ең өзекті мәселесі –екеу: ғылыми мақсатпен, екіншісі – практикалық мақсатпен байланысты.

Историография- әдебиет теориясының, тарихының, сынының ғасырлар бойы тарихи дамуы туралы дәйектемелер мен деректер, мәліметтер мен материалдар жинағы. Мұның бірыңғай ғылыми мақсат үшін керегі көп.. Әдебиеттің тарихының, теориясының мәні мен маңызы сол мәселенің историографиялық материалының мөлшері мен мазмұнына байланысты.

Библиография- көркем әдебиеттің өзіне тән және әдебиет туралы ғылымға байланысты көрсеткіштер мен анықтамалар, шолулар мен сілтемелер жиынтығы. Әдебиет пен әдебиеттану тарапындағы қандай

арнаулы зерттеулер болсын, оған қажет нақты материалдардың – текстер мен тексерулердің, сын мақалалар мен зерттеу еңбектерінің бәрін библиографиялық көрсеткіштер арқылы, анықтамалар арқылы іздеп тауып, пайдалануға болады.

ТІРЕК СӨЗДЕР МЕН ТІРКЕСТЕР:

әдебиет теориясы, сыны, тарихы, библиография, историография, источниковедение, кино өнері, фольклористика, өзара байланысы, құрамдас бөліктер, зерттейтін мәселелері

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Әдебиеттанудың салалары қандай принциптер бойынша жіктеледі?
2. Әдебиет сынының зерттеу объектісі туралы айт.
3. Сынның мақсаты неде?
4. Әдебиет теориясының зерттейтін мәселелері туралы әңгімелеп бер.
5. Әдебиет тарихының тарихқа, идеологияға қатынасы жайында не білесің?

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Т.Бабаев. Адабиетшunosлик асослари.
2. Д.Құранов. Адабиетшunosликка кириш.
3. З.Қабдолов. Сөз өнері.
4. С.Ахметов, Қ.Сұлтанов. Әдебияттану.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІҢ СПЕЦИФИКАСЫ.

КӨРКЕМДІК ПЕН ОБРАЗДЫЛЫҚ

Көркем әдебиет-өнердің бір түрі. Өнер туралы ұғым. Өнердің қолданбалы және көркем түрлері. Көркем әдебиеттің өнердің өзге түрлері арасында алатын орны және өзіне хас ерекшеліктері. Көркем әдебиеттің өнердің өзге түрлерімен байланысы.

Көркем әдебиет әлеуметтік проблемаларды, мораль принциптерін, ойлау (логика) формаларын бейнелеуі жағынан – философия, мораль, логика, тарих, заң ғылымы тәрізді идеология формаларына және қоғамдық-гуманитарлық пәндерге жақын тұрады, олармен ортақ қасиеттерге ие.

Тарих түрлі халықтар өмірінің даму басқыштарын, өзіндік өзгешеліктерін, таптар, топтар арасындағы қарама-қарсылықтар мен күрестерді фактілерге, құжаттарға негіздей отырып үйренеді. Сондай-ақ философия өмірлік фактілерді, философиялық талдау, ғылыми саралау, ойлау арқылы жинақтап қорытса, әдебиетте көркем қиялдың күшімен нақты образдар арқылы бейнеленеді.

Көркем әдебиет адамды бір бүтіндікте бейнелейді, оның пікірлеуі, рухани дүниесі, сыртқы келбеті, табиғат пен қоғамға болған қатынасы, іс-әрекеті, т.т. толық көрініс табады.

Әдебиеттің негізгі мақсаты-адам характерін, оның ішкі дүниесінің әралуан қатпарларын табу, адамның ойлау, сезім қабілетін байыту, тәрбиелеу және жетілдіру. Сондықтан да әдебиетте адам характері және өмірі – табиғаттағы, болмыстағы оқиғаларме байланыста, даму үстінде суреттеледі.

Солай етіп адам әдебиетте бүгінгі бар болмысымен суреттеліп отырады. Ал адам өмірін осылай жан-жақты бейнелеу образдылыққа алып келеді. Әдебиеттің басқа қоғамдық сана түрлерінен айырмашылығы оның образдылығы арқылы айқын көрінеді.

Өнер сөзі –тілімізде сөздік және қолданбалы мағынаға ие. Қолданбалы мағынада өнер дегенде адам баласының әсемдік заңдары негізінде болмысты көркем менгеруге арналған жаратушылық қызметі және оның нәтижесінде пайда болған заттар түсініледі.

Соған байланысты біз қолданбалы «өнер» және «көркем өнер» деп білеміз. Қолданбалы өнерге қыштан бұйым жасау (гүлөл), оймашылық, кестешілік, зергерлік, модельерлік т.б. жатқызсақ, көркем өнерге суретшілік, музыка, мүсіншілік, кино, театр т.б. тәрізді жатқызамыз.

Бұлардың ең елеулі айырмашылығы- қолданбалы өнер туындысы (өнімі) адамның материалдық қажетін өтеуге қызмет етсе, көркем өнер үлгілері адамның рухани қажетін қанағаттандыруға қаратылған.

Бұдан шығатын қорытынды- қолданбалы өнер өнімінің құндылығы ең алдымен оның тұрмыста пайдалылығына қарап өлшенеді.

Мысал үшін ежелгі грек мүсіншілері жаратқан мүсінді алып қарайық. Мүсінді жасаушы грек өнерпазы одан практикада, тұрмыста пайдалануды мақсат етпеген. Ол өзі жасаған туындысын алдымен өзінің ой-сезімі арқылы сызып, оны өзінің творчестволық қиялы арқылы образға айналдырған.

Өнер түрлері арасындағы тағы бір айырмашылық рецепиент (оқушы, көруші, тыңдаушы) тарапынан қабылдану ерекшелігіне байланысты. Мысалы суретші жасаған пейзажды қабылдау процесі мен эпикалық шығармадағы сөзбен салынған пейзажды қабылдау бірдей емес. Әралуан бояулармен салынған туындыны бір бүтін күйде көреміз, алғаш бүтін күйде көрсек, кейін бүтінді бөлшектерге (детальдарға) бөлеміз. Ал көркем әдебиетте болса керісінше, әрбір бөлшек (деталь) бүтінге қарап барады.

Көркем әдебиет өнердің өзге түрлерінің дамуына әсер еткеніндей, басқа өнер түрлері де көркем әдебиеттің өркендеуіне үлкен әсер жасайды. Яғни әдебиет өзге өнер түрлерімен байланыста жасайды және дамиды. Мысалы, қазақтың ұлттық театрының өсіп-өркендеуінде -қазақтың ұлттық прозасының суреттеу, бейнелеу мүмкіндіктерінің әсері күшейгені, ал театрдың прозалық шығармалардың структурасын өзгерткені де мәлім.

Ұлттық тұрмыстың өмір ырғағының өзгерісі нәтижесінде музыкалық ритмде де өзгерістер пайда болды. Бұл өзгерістер поэзияда да байқалып отырды. Ұлттық бейнелеу өнеріндегі ерекшеліктер, әсіресе портрет, пейзаж жанрларының дамып жетілуі -ұлттық прозамыздағы портрет, пейзаждағы өзгерістер, сонымен қатар пейзаждық өлеңдер туралы да осыны айтуға болады.

Қысқартып айтқанда, нағыз әдебиетші болу үшін біріншіден өнердің барлық түрлерінен шабыттана білетін дәрежеге, екіншіден ондағы өзгерістерді жете біліп, талдау жасауға, яғни терең ақыл- парасатқа ие болу қажет.

Әдебиеттің көркемдігі- оның образдылығынан шығады. Көркемдік дегенде суреттелген оқиғаны өмірдің өзіндегідей, жанды бейнелерде, оқырманға эстетикалық зауық, көзге елестетерліктей пікірлер оятатын дәрежеде беруді айтар едік.

Көркемдік шығармада өмірдегі нағыз шындықпен берілуі, характерлердің типтілігі, өнер адамы жасаған қоғамдық идеалдың мықтылығы шығарманың халықтығы, қаламгердің форма мен мазмұн элементтерін бір-біріне сәйкес етіп шығаруы тәрізді принциптермен белгіленеді.

Абайдың «Ескендір» поэмасы, А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» атты поэзиялық романы, В.Шекспирдің «Отеллосы», М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні» әңгімесі, Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» романы, М.Мақатаевтың өлеңдері т.б. көптеген әдеби туындылар көркемдік жағынан жетілген шығармалар. Себебі бұларда оқиғаның мән-мазмұны көркемдік шындықпен жан-жақты ашылған., биік адамдық қасиеттер, мәнді идеалдар суреттелген, композициясы мығым, тілі образды, шебер, барлық формалық элементтер идеялық мазмұнға сәйкес. Олардың көркемдік биіктігі де дәл осылардан көрінеді.

Сөз өнерінің ең басты қасиеті де сонда, көркем туынды негізінде адамның жүрек сезімі, оның рухани дүниесі тұрады.

Тұрмыс оқиғаларының заттық қасиеттерін, сыртқы келбетін, фотосуретпен бейнелеу де мүмкін, ал көркем әдебиетте суреттелген адамның жан дүниесі, рухани әлемі кеңдігін ешбір ғылыми-техника құралымен бейнелей алу мүмкін емес.

Мысалы «Қобыланды»да Қобыланды Тайбурылға қарата тіл қатады.

-... Кешегі кеткен Қиятқа,
Қоямысың намысқа,
Айналайын Бурыл ат,
Барыңды бүгін қарышта ...
... Анаңыз тұлпар деп еді,
Анаңның сөзін сынайын... .

Бұдан батырдың жарына, жары сыйлаған Тайбурылға деген ықыласы, құрметі айқын көрінеді. Көркем ойлау-ғылыми ойлаудан басқашалау. Ғылыми немесе қарапайым логикада адам хайуанға қарай сөйлемейді. Ал көркем поэтикалық логика болса, әлемдегі барлық нәрселерді жандандырады, өзара қатынасқа енгізеді. Демек, болмысты жандандыру, оларға сезім, ой пайда ету-көркем әдебиет пен өнердің ең елеулі қасиеттерінің бірінен саналады.

Көркемдік сөзі, әдетте түр мағынасында (ғылыми әдебиет, көркем әдебиет дегендей), көркем шығарманың жетілгендігін, мықтылығын да аңғартады.

Көркемдік – бұл алдымен көркем туындының бүтіндігі, образдары мен проблемалардың табиғилығы, ақиқаттығы, шабыт, зауықтану, биік талғам, әралуан бояулар т.б. түсініктермен байланысты.

Қаламгер өмірдегі әралуан оқиғаларға өз көзқарасын тікелей білдірмейді, әлеуметтік жағдайларды «бұл жақсы, мұнысы жаман» деп бағаламайды. Шығарма кейіпкерлері де қаламгердің қатынасына қарап әрекет етпейді. Керісінше, әрбір кейіпкер өзінің мінез-характеріне сәйкес әрекет етеді. Егер жазушы (ақын) өз геройларын өз қалағанынша әрекет етуге көндірсе, олар өздерінің тірі жанды келбетінен айырылып, қуыршаққа айналып қалар еді.

Нағыз талантты жазушы шығармаларында кейіпкерлер өзінше, дербес түрде іс-әрекеттерге араласады, себебі оларды өмірдің өзі солай етіп жаратқан.

ТІРЕК СӨЗДЕР МЕН ТІРКЕСТЕР

өнер, қолданбалы және көркем өнер, өнердің түрлері, рухани қажеттілік, эстетикалық талғам, синтездеу, жинақтау, даралау.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қоғамдық сана, оның көріністері.
2. Әдебиеттің өзіне хас және спецификалық ерекшеліктерін түсіндір.
3. Көркем әдебиеттегі суреттеу объектіне нелер кіреді, оның басты предметі не?
4. Әдебиеттің, қоғамдық-эстетикалық функциясы нелерден тұрады?
5. Орта, пейзаж, предметтер, хайуанат дүниесі т.б. өнер туындысында қандай қызметтер атқарады?
6. Көркем өнер түрлерінің жалпылық және даралық сипаттары қайсылар?
7. Көркем әдебиеттің өзіндік ерекшелігін басқа өнер түрлерімен (мәселен музыка) салыстырып түсіндіріп бер.

Әдебиеттер.

1. А.Байтұрсынов Әдебиет танытқыш. Алматы, 1992.
2. З.Қабдолов Сөз өнері. Алматы, 1996.
3. Т.Бабаев Адабиетшунослик асослари. Тошкент 2002
4. Д. Куранов Адабиетшуносликка кириш. Тошкент, 2004

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ТИПТІЛІК. ТИП ПЕН ХАРАКТЕР

Жоспар:

1. Характер туралы түсінік. Оның образ жасаудағы маңызы
2. Тип туралы мәлімет. Типтік образ, оның спецификасы.
3. Образ жасаудағы тип пен характердің орны.
4. Образ бен типтің айырмашылықтары мен ұқсас жақтары

Тірек сөздер мен ұғымдар:

**Образ, көркем бейне, характер, деталь, типтік бейне,
жинақтау мен даралау, жалпылық пен нақтылық, персонаж,
жанама мінездеу, тип-ұнамсыз бейне, тип-образдың жетілген
түрі**

Әдебиетте адам бейнесін жасаудың амалы алуан түрлі. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады.

Шындықты көркем жинақтау жайлы әртарап пікірлер бар. Жинақтау дегеннің өзі -әдеби тип жасау әрекеті.

Әр жазушының творчестволық лабораториясын зерттеген адам оның өмір шындығын көркем жинақтау, әдеби бейнелерді типтендіру әрекеті, көбіне, әр типке прототип табудан басталғанын байқар еді. М.Әуезов эпопеясының әр типінің өмірде моделі – прототипі болған. С.Мұқановтың Амантайының түп төркіні Аманкелдіде жатса, Балуан Шолағы – Балуан Шолақтан, Шоқаны –Шоқаннан, Сәкені –Сәкеннен туды. Ғ.Мүсіреповтың Ақаны мен Қайрошы да солай. Ал Х.Есенжанов трилогиясындағы типтер ше? Бәрінің негізінде прототип жатыр. Задында, прототип реалистік

шығармалардағы көркем бейнелерді нанымды етудің, шындықты шынайылаудың құралы секілді.

Сонымен, әдебиеттегі шындықты, яки адам образын жасауға қажет өмірлік материалды жинақтау (обобщение) тек типтендіру тәсілімен ғана жүзеге асады. Мұның өзі типтілік проблемасы - әдебиеттің жалпы мәні мен маңызына теліне беретін жадағай, жалаң уағыз емес, жаппай жапсырыла беретін жамау емес, терең творчестволық сипаттағы орасан күрделі мәселе екенін аңғартады.

Мінез адамның ішкі болмысы, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы барлық психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы.

Көркем бейне, яки әдеби қаһарман дейік, я болмаса шығарма геройы не кейіпкері немесе персонажы дейік, бәрібір, осылардың бәрі-бір- ақ ұғым – образ. Бейнелеу – образдылық болса, бейне образ.

Біз енді осы образ дегеннің өзін пайымдамақпыз. Образ жасау – тек таланттыға ғана тән әрекет. Ал “таланты жазушының әрбір образы тип” дейді. Белинский. Демек біз тип туралы толғаймыз.

Жазушының өмірдегі ұсақ түйек, кездейсоқ жайлардан аулақ биік талғамы арқылы жинақтау және даралау әрекетінен әдеби бейне туады. Әдеби бейненің өмірдегі модельдерін өзгерте, құбылта, құлпырта келгенде суреткердің шығармасындағы әр кейіпкердің болмыс бітімінде бір адамның емес, бір алуан адамның сыр сыпаты жатады. Сонда бұл белгілі бір әлеуметтік ортадағы бір топ адамның өкілі ретінде танылады. Тип сыры осында.

Типтендіру проблемасы секілді типтің өзі де тым кесек һәм күрделі нәрсе. Неге десеңіз, мінез, бітім, әрекет, ұғым, рух, парасат жағынан байыптап қарасақ, нағыз суреткердің қолынан туған әрбір әдеби тип - әрі әбден жинақталған, сондықтан өзі секілділердің бәріне ұқсайтын жалпы тұлға, әрі әбден дараланған, сондықтан өзінен өзге ешкімге ұқсамайтын жалқы тұлға. Демек, типтің түрі мен мазмұнында “жалпы” мен “жалқының” бірлігі жатыр. Мұның көркем образ ретіндегі кесектігі де, күрделілігі де осындай деп білу керек.

М.Әуезовтың “Абай жолында” ондаған, жүздеген кейіпкер бар; көбі – тип. Мысалға бір ғана Құнанбайды алып байқайық, бұл кім? Аса күрделі бейне: “әбден дараланған, бүкіл ішкі-тысқы бітімі, әрекеті бар. Бұл ретте Құнанбай жалпы тұлға, бүтін бір әлеуметтік ортаның әр қилы өзгешеліктерінің жиынтығы. С.Мұқановтың “Ботакөзіндегі” Амантай мен Асқар, Ғ.Мүсіреповтың “Оянған өлкесіндегі” Игілік пен Жұман, Ғ.Мұстафиннің “Қарағандысындағы” Мейрам мен Әлібек, Х. Есенжановтың “Ақ жайығындағы” Хакім мен мен Құныскерей... Тағы кім керек? Осылардың әрқайсысы, әлгі айтқанымыздай, әрі бір адам, әрі бірнеше адамның жиынтығы.

Типтік образ жасаудың осы шарттарының бәрі, түптеп келгенде, көркем әдебиетте ақиқат шындықтың ең негізгі заңдылықтарын көрсету үшін керек. мәселен, әдебиеттегі бір байдың образы өмірдегі бір неше байдың, бір кедейдің образы бірнеше кедейдің ең елеулі ерекшеліктерінен құралады да, тип болады. Сол арқылы ақиқат шындықтағы байлар ортасы мен кедейлер ортасындағы тіршілік тағдыр заңдылықтары танытылмақ. Итбай мен Игілік, Амантай мен Дәркембай солай жасалған. Әйтпесе, дәл осындай адамдар ақиқат өмірдің өзінде дәл осынау сом тұлға, мықты мінез қалпында болды деп ұғу қате. Әрине, осыларға бір жағы болмаса, бір жағынан ұқсайтын итбайлар мен игіліктер, амантайлар мен дәркембайлар болды, бірақ олардың бәрі мыналардан әлдеқайда шағын, қораш ұсақ, күйкі болатын.

Ал әдебиеттегі әлгі бір үлкен Итбай -өмірдегі ұсақ итбайларды, Игілік – игіліктерді, Амантай – амантайларды, Дәркембай – дәркембайларды түгел қамтып, тұтастыра көрсететін биік шоқы қарауыл төбе іспетті. Типтендірудің тамашалығының өзі осында, әдебиеттегі бір адам арқылы өмірдегі мың адамды бір-ақ қамтып танитығынымызда жатыр. Адам бар жерде мінез бар. Ал өмірдегі алуан түрлі мінездің әдебиетте жинақталған бір тұтас типі бар. Өмірге қарап өнерді бағаласақ, өнерге қарап өмірге де “үкім” айтамыз: зымиян болса –Құнанбай, сараң болса Қарабай, аңқау болса айтарымыз Мырқымбай, жалқау болса Судырахмет дейміз. Өмір мен өнердің бұлайша

астасуы, өнердің өмірге айналуы –ұлы құбылыс. Бұл құбылыс сөз өнерінде тек типтендіру тәсілімен, нәтижесінде нағыз тип арқылы ғана болмақ.

Мінез адамның ішкі бітімі болғанда, тип –оның тұлғасы екені мәлім. Осылардың сырының біз айтқаннан басқа да көп-көп қырлары, яки нақтылау тәсілдері бар.

Тек мінез жағына ғана назар аударып көрейікші. Осының өзін жазушы іс жүзінде қалай жасайды? Әр түрлі тәсілмен жасайды. Бірі – тура мінездеу. Мысалы Ә.Нұрпейісов “Қан мен терде” Ақбаланың әкесін, яки Еламанның қайын атасын былай мінездейді: “Сүйеу – ел ішіне сиымсыз, тікбақай тентек шал.” Өз үйінде де жыландай ысқырып отыратын болғасын қатын-балалары оның қай жағынан шығып қаларын білмей, қыпылдасып болатын. Бір ғажабы, осы қытымыр, қатал шал дегенде Еламанның жны жоқ. Еламанға Сүйеу қарттың ықыласы басқа. Күйеу баласын “балықшы ”деп атап, оған айтқан бар сөзін әзілге шаптырып, осқырынып күліп отырады. Жақсы көріп, әлде шынымен жек көріп, кекетіп отырғанын айыру қиын”. Сүйеудің осы мінез-құлқы трилогияның өнбойында бұлжымай, айрықша сипатта қалып қояды.

Тағы бір тәсіл – жанама мінездеу. Мұнда әлгідей төтеден сипаттау болмайды, жазушы мінез-құлқын, әдет-ғұрпын анықтағысы келген жеке адамның немесе бір топ адамның өзі емес, соның қатысы бар өзге заттарды суреттеу арқылы әлгінің өз құлқын не ғұрпын айқындайды. Мысалы Ғ.Мүсіреповтың “Этнографиялық әңгімесін” алып қарайық. Бұл әңгімеде жазушы Жаңбыршы деген ауылдағы бір рудың өмірге икемсіз, сөзге бар да іске дәрменсіздігін,сіңірі шыққан кедейлігіне қарамай, баяғы бір күндеріндегі құр кеуде, паң, керенау, кердең құлқы әлі өзгермегенін, “Жыртық төбелерінен жүн жұлынып шығып тұрса да тымақтарда бір тәкаббарлық бар екенін ащы мысқыл мен масқара мазаққа айналдырады.

Әдебиет туралы жалпы түсініктердің барлығының келіп құяр арнасы – образ және образдылық болып есептеледі. Мұны анық түсіну үшін әдебиеттің негізгі объектісі өмір, ал предметі адам екенін тану қажет.

Образдың қазақшасы көркем бейне. Ең қарапайым мағынасындағы образ – суретті сөз.

Күлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлантып әр нені.

(Абай)

“Образ” деген сөз әдебиетте екі түрлі қолданады. Бірінші көркем сөз мағынасында, екіншісі адам образы тип мағынасында. Көркем сөз ұғымында – образға теңеу де, эпитет те, троп пен фигуралардың барлық түрлері жатады. Оны кейде образ не бейнелеу деп те айтамыз.

Образ деп адамдардың ішкі сыртқы дүниесін, алуан тұрмыс оқиғаларының, өсімдік пен жануарлардың, табиғат дүниесінің жалпыландырып, жинақталып және нақтыланып суреттелуін, сонымен бірге белгілі бір идеялық-эстетикалық міндетті атқаратын картинасын айтамыз. Көркем шығармада образ кең және тар мағынада да қолданыла береді. Кең мағынада қолданылуы дегенде жазушы өз шығармасында суреттеген оқиғаның айқын кең сәулеленуі түсініледі. Мәселен, Н. Гоголь “Ревизор” комедиясында ХІХ ғ. 30-жылдарындағы Россияның самодержавиелік билеп-төстеуге негізделген қоғамдық болмысын толық ашып берді дейміз, демек онда сол дәуірдегі Россия образы жаратылғаны мәлім.

Ал тар мағынада дегенде жазушының жаратқан образы – белгілі бір персонаж немесе жазушы қолданған кейбір көркемдегіш элементтер, образдарды түсінеміз.

Образ әдебиет пен өнерде көркем пікірлеудің негізгі ұсылы, идеялық мазмұнды келтіріп шығарудың ең негізгі формасы болып табылады.

Әдеби образға тән болған ең басты – бірінші белгі оның нанымдылығы мен жандылығы және айқын да анықтылығында. Мысалы М.Әуезовтың “Абай жолы” роман эпопеясында ХІХ ғ. екінші жартысындағы халқымыздың өмірі, тарихы, сонымен қатар даланың пейзаждық көрінісі, әншілік пен ақындық, кейіпкерлердің тағдыр талайы, т.б. өте нақты және жанды бейнеде суреттеледі.

Сонымен бірге образға тән тағы бір белгі-ол өзінде ешбір қайталанбайтын айқын және жинақталған типтік белгілерді де біріктіреді.

Әдебиеттану ілімінде образ-персонаж және пейзаж образдар түсініктері де белгілі. Көркем әдебиетте кісілер образы негізгі орынды иелейді. Көркем шығарма – адамтанушы ілімге сәйкес екен, демек онда жазушының адам образының жасалуына ерекше көңіл бөлетіні мәлім.

Адам образының идеялық және көркемдік тұрғыдан жақсы жасалуы оның “жанды” адам сипатында суреттелуінде. Жазушы кейіпкерге жанды адам ретінде қарап, оның өзіне ғана хас болған қасиеттерін көрсетіп береді.

Әдетте, тұрмысты көркем суреттеуде екі үлкен ерекшелікті ескермей болмайды. Бірі – образ өмір оқиғаларының, адамдар характерінің ең негізгі белгілерін жинақтап көрсетсе, екіншісі осы образ арқылы өмірдің өзіндегідей нақты, жанды, индивидуаль түрде суреттеп бейнелеуінде. Сондықтан да әр бір жақсы жасалған образ жинақталған және дараланған сипатта болып келеді.

Характер – адам бойындағы кездейсоқ ерекшеліктерін емес ең басты да негізгі ұзақты көдейтін нағыз адамдық бетін белгілейтін нәрсе. Пікірлеу мен сезіну, мораль, оқиғаға көзқарас, дүниетаным яғни әрбір адамның тек өзіне хас болған ерекшеліктері – характерді белгілеуші нәрселер болып табылады.

Сонымен “Мінез – адамның ішкі болмысы, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы, барлық психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы”.

Әрбір дәуір өзінің типтік характерлеріне ие болады. Көркем шығармада характер дегенімізде – жасау жағдайы, үміттілігі, мінез-қалпы, қоғамдық, дүниелік көзқарасы т.б. толық көрсетілген образдарды айта аламыз. Көркем характер оқиғаны көркем образдар арқылы беру көрінісіне ие. Белгілі дәуірдегі типтік характерлер жаратылған да болады. Типтік характерді типтік жағдайға лайықты етіп көрсету – реализм методының ең басты сипаты.

Көркем шығармадағы характердің ең жоғарғы және күрделі формасы - әдебиеттану ілімінде әдеби тип деп аталады. әдеби тип дегенімізде белгілі бір топтың мәлім бір өркендеу – даму жолында характерлерінің еркін қалыптасуы түсініледі.

Көркем бейне немесе әдеби қаһарман дейік, немесе кейіпкер, не персонаж дейік – осының бәрі бір ұғым яғни образ ұғымы.

Жазушының өмірдегі ұсақ түйек, кездейсоқ жайлардан аулақ, биік талғамы арқылы жинақтау және даралау әрекетінен әдеби бейне туады. Әдеби бейненің өмірдегі модельдерін өзгерте, құлпырта келгенде, суреткер шығармасындағы әр кейіпкердің болмыс-бітімінде бір адамның емес, бір алуан адамның сыр-сипаты жатады. Сонда бұл белгілі әлеуметтік ортадағы бір топ адамның өкілі ретінде танылады. Типтің сыры, міне, осында.

Типтік дегеннің өзі – жинақтау және даралау арқылы жүзеге асады. Жинақтау дегеніміз – көркем шығармадағы бұл не ол образда сол образ тиісті болған белгілі бір әлеуметтік орта, топ адамдарына ортақ, тән болған жалпы ортақ ерекшеліктерді, белгілерді жинатып суреттеу, көркемдеп, қиялдан қоса бөрттіре беруді түсінеміз.

Типтік образ жасаудың бұл шарттары түптеп келгенде ақиқат шындықтың ең негізгі заңдылықтарын көрсету үшін керек. Мәселен, әдебиетте бір байдың образы өмірдегі бірнеше байдың елеулі ерекшеліктерінен құралса, ол тип болады. Сол арқылы ақиқат шындықтағы байлар ортасы мен кедейлер ортасындағы тіршілік заңдылығы танылмақ. Итбай мен Игілік, Амантай мен Дәркембай солай жасалған.

Көркем әдебиеттегі типтік образдарға қарап отырып, белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі қоғамдық дамудың негізгі және шешуші тенденциясын тануға болады. Айталық, қазақ қоғамының өткен ғасырдағы ұнамды қасиеттерінің бір алуанын М.Әуезов Абай образына шоғырландырып танытқан десек, осындай парасат енді ХХ ғасырдың бас жағындағы жаңа дәуір қасиеттерін С.Мұқанов Асқар образы арқылы таныта алған. Тек адам ерекшеліктерін ғана емес, әрқайсысы өмір сүрген заман өзгешеліктерін де дәл байқап, сол арқылы жалпы қоғамдық дамудың негізгі және шешуші тенденцияларын танытқандығын бақылаймыз.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Характер деген не, ол қалай қалыптасады?
2. Характердің дәуірге, ортаға, жағдайға байланыстылығы.
3. Тип пен характердің өзара байланысын түсіндір.
4. Персонаж туралы не білесіз?
5. Көркем әдебиеттегі жинақтау мен даралау туралы айтып бер.
6. Типтік жағдай, типтік ситуация, типтік характер, типтік образ дегендерді қалай түсінесің, айтып бер.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қабдолов З . Жебе.
2. М.Хасенов Көркем образ және типтендіру
3. Т.Бабаев. Адабиетшунослик асослари.
4. Қ.Жұмалиев. Әдебиет теориясы
5. А.Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш.
6. З.Қабдолов. Сөз өнері.
7. Абрамович. Введение в литературоведение.

лекция-5

ӘДЕБИ ОБРАЗ, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

- 1. Образбен ойлау- өнерге тән өлшем**
- 2. Көркем образ туралы ұғым.**
- 3. Көркем образдың негізгі ерекшеліктері.**
- 4. Образдың жалпылығы мен даралығы.**
- 5. Әдеби образда көркем қиялдың ролі.**
- 6. Көркем образдың эстетикалық әсер-күші.**
- 7. Образдың классификациясы.**

Тірек сөздер мен тіркестер:

ой мен сөз, логикалық пікір, өнер туындылары, көркем образ бен көркем ой, көркемдегіш қиял, образдылық пен образ, персонаж, тип, типтендіру, жинақтау мен даралау, жалпылық пен нақтылық, әдеби метод, әдіс, романтикалық, реалистик, натуралистік образдар, юмор, сатира, миф, фантастика, геройлық, трагедиялық, эпсаналық образдар

Образдылық - өнердің негізгі қасиеті, өмірді түсініп білудің, өзіне тән формасы, әдісі, оның өмірдегі болып жатқан оқиғалар үстінен шығаратын үкімі. Образ- өнер туындысындағы адам бейнесі. Демек, образдылық - кең мағынада, ал көркем образ - тар мағынада қолданылады екен. Ал “образ” атауының өзі де кең әрі тар мағынада болады. Кең мағынасында образ ұғымына адам бейнесінен тыс пейзаж, деталдар, бұйымдар, нәрселер, хайуанат, өсімдік дүниесі т.б. жатады, тар мағынада қолданылғанда, адам өмірінің көрінісі аңғарылады. “Образ” сөзі бірінші рет неміс философы Гегельдің эстетикаға арналған еңбектерінде қолданылған. Орыс әдебиетіне В.Г.Белинский әкелген, ал қазақ әдебиеттануында “образ” термині ХХ ғасырдың 20-жылларында кіріп келген.

КӨРКЕМ ОБРАЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

Өнер мен әдебиетте өмір образ арқылы бейнеленеді. Өнер адамы өмірді бақылайды, бақылап тексерген оқиғаларын ой-елегінен өткізеді, оларды қайта өңдеп өмірдегі жанды формаға әкеледі. Өмірдің, тұрмыстың әл алуан оқиғаларын, іс-әрекеттерін тірілтуде образдың мәні өте зор. Ең алдымен көркем образ дегенімізде, әсіресе, адам образын түсінеміз, ол әдебиетте жетекші күшке ие. Идеялық –көркемдігі жоғары шығармалардағы образдар арқылы біз белгілі бір дәуірдің ішкі-тысқы тұрмысы хақында кең әрі нақты мәліметтерге ие боламыз.

Көркем образдың негізгі белгілері дегендер: а) жалпылық, ә) нақтылық, б) көркем қиялдан пайдалану, в) әсерлілік.

1. Көркем образдың жалпылығы. Л.Н.Толстойдың айтуынша “Әдебиетте белгілі бір тип жасау үшін сол топқа, тайпаға жататын көптеген адамдарға тән болған қасиеттерді таңдап алып, көркем бір бүтінге айналдыру, жинақтау қажет”.

Демек, әдеби шығарманың кейіпкері өмірдегі көп қана адамдарға ұқсап жатса да, олардың нағыз өзі бола алмайды. Шығармадағы бір ғана образдың өзінде жүздеген адамдарға тән болған іс-әрекеттер, белгілер жалпыланып, жинақталып, беріледі. Мысалы Ғабиден Мұстафиннің “Дауылдан кейін” романындағы Шәкен мырза –XX ғасырдың басындағы төңкерістен соңғы – пұшайман, іштей жаңа түзімге қарсы қазақ байларының, оның ішінде де ақылды да айлалыларының, заман ағымын жете байқайтындарының типі екенін танимыз.

2. Көркем образдың нақтылығы мен даралық сипаты. Көркем туындыда суреттелген образ тек жалпылық яғни жинақтау нәтижесі ғана емес, ол дәл бір уақытта нақтылық пен даралаудың да жемісі болып табылады. Әдетте, әдеби кейіпкер даралық бейнеде болуы шарт. Өйткені, қаламгер көркем образды жеке-дара қасиеттерімен суреттеу арқылы нақтылық, образға жанды кейіп, өміршеңдік, табиғилық сіндіреді, сонымен бірге эмоционалдық яғни оқырман сезіміне әсер етуге, оны сендіруге ұмтылады. Образдың жасалу тәсілдеріне лайық образдың түрлері туады. образдың жасалу тәсілдерінің әр алуандығы тәрізді оның түрлері де әр алуан.

Образдың түрлерін белгілеудің бірнеше (әдістік, тектік, тәсілдік) факторлары бар. Көркемдік тұрғысынан келгенде, образ екі түрлі: романтикалық образ, реалистік образ. Әдеби тек тарапынан келгенде, образ үш түрлі: эпикалық образ, лирикалық образ, драмалық образ. Ал жалпы жасалу тәсілдеріне бақсақ, образ тағы да бірнеше түрлі: юморлық образ, сатиралық образ, фантастикалық образ, трагедиялық образ, геройлық образ т.б. Осылардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар, оны білу әдебиетшіге ауадай қажет.

Әдебиеттегі көркемдік әдіс, негізінен екі түрлі (романтизм, реализм), бұл мәселеге біз осы еңбегіміздің ақырғы тарауында арнайы тоқтаймыз. бұл жолы

тек осынау көркемдік әдіс тұрғысынан анықтағандағы образдың екі түріне, бұл екеуінің ерекшелігіне ғана азырақ назар аударып өтпекпіз.

Романтикалық образ - әдебиеттегі адам бейнесінің байырғы түрлерінің бірі. Бұл образдың алғашқы үлгілері баяғы көне дүние әдебиетінде, оның “әрі өнген топырағы, әрі байлық қоры” боп табылатын мифте, қала берсе, қай халықтың болса да ауыз әдебиетінде жатыр. Романтикалық образдың негізінде қиял жатады. Романтикалық образ өмірдегі болған немесе бар деректен гөрі өмірде әзірше жоқ, бірақ болатын дерекке негізделеді.

Қазақ әдебиетіндегі романтикалық образдың ежелгі түрі халық ертегілері мен аңыздарында, батырлық дастандары мен тарихи жырларында жасалады. Сонау Желаяқ пен Көрегеннен, Сакқұлақ пен Таусоғардан бастап, Алдар Көсе мен Асанқайғыға дейін, одан Алпамыс пен Қобыландыға, Тарғын мен Қамбарға дейін қазақ фольклорындағы романтикалық образдың небір ғажайып үлгілерін көруге болады.

Романтикалық образ – қай жанрдың туындыларында болса да, молынан кездесетін, образдың дәстүрі қалыптасқан түрі. Бір ғана Ғ.Мүсіреповтың өзі прозадағы аналар бейнесінен драматургиядағы Ақаны мен Ақтоқтысына дейін романтикалық образдың алуан түрі әсем типтерін айта қалғандай шеберлікпен жасап берді.

Реалистік образ- әдебиеттегі адам бейнесінің ең сымбатты шынайы түрі. Мұның сымбаттылығы да, шынайылығы да шыншылдығында; бұл кәдімгі өмірде болған, бар және бола беретін, бірақ қайталанбайтын, әрқашан бұрын-сонды белгісіз тың қырынан көрініп, ылғи жаңарып отыратын тип. Дұрысында, образ атаулының айрықша мағыналы, мәнді түрі де осы реалистік образ. Өйткені бұл образдың эстетикалық идеалы –романтикалық образдағыдай бұлыңғыр емес, анық, адам қолы жетпейтін тым асқақ, алыс емес, қолмен ұстап, көзбен көргендей затты әрі жақын нәрсе. Сондықтан реалистік образдың эстетикалық, тәрбиелік мәні де қоғамдық өзгертушілік күші де айрықша үлкен.

Реалистік образ-нанымды образ; оның мінез-құлқы, іс-әрекеті, оны қоршаған орта, оның басынан өтетін оқиға ... бәрі өлшеулі, бәрі мөлшерлі.

Өйткені суреткер, шыншыл образ жасау үстінде өзін шындық шеңберінен шығармайды, өзін-өзі меңгеріп, қажетті жерде ылғи іркіп отырады.

Реалистік образ-типтік образ. Ол бізге күнде көріп жүрген етене таныс секілденгенмен –“таныс бейтаныс” көптің бірі көрінгенмен- бірегей. Өйткені өнердегі шыншыл образ өмірдегі бір адамнан ғана көшірілген жоқ, бірнеше адамнан жинақталып және творчестволық қиялға суарылып шығарылған.

Эпикалық образ - кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекетімен тұтас көрінген әрі толық жинақталған, әрі әбден дараланған тип. Портрет пен мінездеу, диалог пен монолог, түрліше сезімдер мен характерді суреттеу секілді көркем бейне жасаудың көп-көп амал тәсілдері әсіресе, эпикалық образ үшін керек. Өйткені мұнда адамның түр-түсін де, ішін де, терең әрі жан-жақты танытуға мүмкіндік бар. Оған эпикалық шығарманың өрісі де, құшағы да еркін жетіп жатыр. Оқырман эпикалық образдың тек түсін танып қоймайды, енді оның ішін білгісі келеді. Бұл ретте эпикалық жанр енді оның мінез-құлқын асықпай ашып танытуға, ойын, сезімін, тіпті, сөз мәнері мен сөйлеу машығына дейін оқырман алдына жайып салуға мүмкіндік береді. Мысал үшін, әлгі образдардың бәрін бас-басына талдап, тексеріп жатпай-ақ, Құнанбай мен Қарақатынның мінездері мен сөздеріне аз-кем назар аударып байқайықшы!

Құнанбай көл-көсір кісілік болмысын, ағыл-тегіл ақыл-ойын, қырық қатпар амал-айласын айтпағанда, қаталдығымен, найза бойламас тұңғиық әрі тоңмойын сұмдығымен дараланып шықса, Қарақатын табақ жасырмас жайдақ, жадағай құлқымен, жер ошақ басында шаңытқан көң-қоқыр өсек-аяңмен, өзге қатындардың өзінен қыл елі артықшылығын көрсе, өле жаздайтын іші тар, іш пыстырар, сол халге түсіп байқағысы келген адамды азып-тоздырар алапес, күйкі қызғанышымен ерекшеленеді.

Эпикалық образ- бедерлі бейне; әрі нақты, әрі затты тұлға; қәдімгі тірі кісідей өзін көзбен көруге, сөзін құлақпен естуге, мінезін ұғуға, қимылын бақылауға болатын, бүкіл өмір жолын бар бұралаңы мен байыптауға болатын күрделі, кесек қаһарман.

Лирикалық образ-сыршыл өлең жырлардағы ақынның өз бейнесі; оның ішкі бітімі; ақынның мұң-шерлі көңіл күйінен –нәзік сыры мен сылқым

сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер. Мұнда, эпикалық образдағыдай; ұзақ, кең, мол суреттеліп, жан-жақты ашылған адамның сыртқы кескін кейпі де, қым-қуыт, шиеленісіп жатқан тағдыры немесе іс-әрекеті мен қимыл харакеті де тұтасып көріне бермеуі мүмкін. Оның есесіне адамның сыртқы кескін кейпі де, қым-қуыт шиеленісіп жатқан тағдыры да, адамның аса терең әрі нәзік ашылатын ішкі сыры, мінез-құлқы, жан-тынысы айрықша әсем айшық табады.

Атың Сана, көзің қара гөзәл қыз,
Жыр жаздырдың жүрегімнен амалсыз,
Мен кетермін, альбом ашып қарарсыз,
Ақын қазақ ағанды еске аларсыз.

Табриз-Баку, аспанында күн, Сана,
Күміс Каспий жағасында гүл, Сана,
Жүрегіңмен жүрегімді бір сана,
Айтарым көп, айтқызбай – ақ біл, Сана.

Осы өлеңде әзербайжан қызының әдемі образы бар. Бұл образ қалай жасалған? Ақынның өзі айтып отырған “Күміс Каспийіндей” шалқып толқыған көңіл күйі арқылы, таза терең тербелген телегей сезімі арқылы жасалған.

Эпикалық образ-нақты болса, лирикалық образ –шартты. Александр Пушкин өзінің атақты “А.П.Кернге” деген өлеңінде асқан сұлу әйелдің ажар-көркін адамның ақылы жетпейтін әлдебір асқақ, аса биік асылдыққа теңеп, “Как гений чистой красоты” дейтіні бар емес пе? Осы жолды Қуандық Шанғытбаев “Тәңірімдегі ғазиз көріктің” деп аударады.

Драмалық образ-эпикалық не лирикалық образдар секілді қағаз бетінде емес, тура өмірдің өз аясында –сахнада көзбе-көз, қолма-қол жасалатын көркем бейне. Мұны кейде тура “сахналық бейне” деп те атай береді. Антигона мен Отелло, Тартюф мен Хлестаков, Сатин мен Яровая, Қарабай мен Телқара, Жүзтайлақ пен Сәуле- бәрі де драмалық образдар, өйткені

бұларды біз тек қана сахнадан, актёрлердің ойындары арқылы жүзбе-жүз көріп таныдық.

Драмалық образдың жасалу тәсілдері өзінше бір бөлек, Эпикалық образ кең құлашты баяндаулар мен суреттеулер арқылы, лирикалық образ түрліше көңіл-күйлері мен шабытты толғаныстар арқылы жасалса, драмалық образ шиленіскен тартыстар мен қым-қиғаш қимыл-әрекеттер арқылы жасалады.

Образдың жасалу тәсіліне байланысты түрлерін таратып, бас-басына сипаттама бермес бұрын, жалпы әдемілік туралы ілімде бірнеше (комедия, трагедия, және фантастика дегендер тәрізді) эстетикалық категориялар болатыны мәлім. Комедия ақиқат шындықтағы, не адам мінезі мен бітіміндегі күлкілі жайлардан туса, трагедия оған қарама-қарсы қайғылы құбылыстардан туатыны; героика аса бір асыл, аяулы қасиеттерден туса, фантастика асыңқы, асқақ әрекеттерден туатыны мәлім Міне, осы тәсілдердің әрқайсысына лайық геройлық, трагедиялық, фантастикалық образдар болатыны сияқты, комедиялық тәсіл арқылы көркем образдың юморлық және сатиралық түрлері жасалады.

Юморлық образ – күлкілі кейіпкер; юмор - өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі. Күлкі жоқ жерде юмор да жоқ. Ал күлкіні әшейін жеңіл-желпі нәрсе деуге болмайды. Күлкіде зор қоғамдық сипат, әлеуметтік сыр жатады.

Эстетиканың комедиялық категориясындағы юмордың, сатираның, иронияның сарказмның әрқайсысындағы күлкінің сипаты әр бөлек. Юморда күлкілі құбылыстардың ең бір майда зиянсыз түрлері алынады. Юмордағы күлкі - әзіл; ал әзіл кемежеге айналса – ирония, келемеж ащы мысқылға айналса, сын үдей түссе – сарказм болғаны.

Қазақ драматургиясындағы көптеген юморлық образдардың ішіндегі ерекше нұсқалыларының бірі – Ғ.Мүсіреповтың Қоңқайы (“Ақан Сері - Ақтоқты”) адал әрі аңқау, дәрменсіз әрі даңғой Қоңқайдың театр сахнасында атақты Серке Қожамқұлов жасаған бейнесі көрген адамның көз алдынан кетпей қояды. Қоңқай образының әсерлілігі сондай, ол ел аузында құдды Қожанасыр секілді аңызға айналып кетті. Айталық “Қазақ солдатты” романы түгел тұрысымен юморға толы. Мұнда Ғ.Мүсірепов өзінің ұнамды кейіпкерлерінің бәріне, әсіресе, Қайрошқа ылғи жымыып күле қарайды. Бұл сынаудан емес,

сүйсінуден туған күлкі. Бұл арқылы оқушы әдеби қаһарман бойындағы жамандықты, мінді емес, жақсылықты, қасиетті түйсінеді және мұны жай аңғармай, серпіле отырып, сергек ұғады. Бұл күлкінің күші. Күлкінің бір алуан тәрбиелік мәні де осында жатыр.

Сатиралық образ – ұнамсыз тип. Сатирамен суреттелер құбылыс – керексіз, кесір құбылыс. Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, қағып сілкеді, мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді.

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға

Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға.

Бұл арада елін сатып, ұлықтан шен тағып, шекпен жамылған екі жүзді болысты ақын ащы сатирамен аяусыз түйреп, масқара мазаққа айналдырып отыр.

Сатираның юмормен бірлігі – мұнда да юмордағы секілді күлкі болады, бірақ бұл күлкі жай, әзіл әжуа емес, ызалы - күлкі.

Сатиралық образ жасаудың тәсілдері әр түрлі; солардың бірі –ирония – кемшілікті, мін–мерезді астармен перделеп сынау, сықақтау, мысқылдау, кекету. Мәселен, Абайдың Крыловтан аударған бір өлеңінде ағаш басында отырған қарғаның аузындағы ірімшігін алдап қағып әкету үшін түлкі оны былайша “мақтайды”:

Не еткен мойын, не еткен көз!
Осыдан артық дейсің бе,
Ертегі қылып айтқан сөз?
Қалайша біткен апыр-ай,
Мұрныңыз бен жүніңіз!

Періштенің үніндей,
Деп ойлаймын үніңіз.

Осының бәрі тұрысымен мазақ ету, келемеж қылу.

Сатира- қазақ әдебиетінің бөлінбес бір бұтағы. Шола қарасақ, Майлин мен Мүсіреповтың көркем прозасынан, Жансүгіров пен Тоқмағамбетов поэзиясынан, Тәжібаев пен Мұхамеджановтың драматургиясынан әр қилы сатиралық образдың түрлерін көптеп ұшыратамыз.

Фантастикалық образ- қиялдан туған қаһарман, адамның ақиқатқа ұқсас арманында бедерленген бейне; әдебиеттегі адам образының бағзы замандардан күні бүгінге дейін келе жетқан түрлерінің бірі.

Қай халықтың сөз өнері болсын, оның ең байырғы түрлерінің бірі – ертегі десек, сол ертегі түгелге жуық қиялға негізделетіні ертегілердегі адам бейнелерінің көбінде мәлім. Бұл да фантастикалық образдың көнелігін куәландырса керек.

Дүние жүзілік көлемде тұңғыш фантастикалық қаһарман ретінде Жерден Күнге дейін ұшып барғандарды атайтын болсақ, қазақ ауыз әдебиетінің де өз көлемінде туғызған кереметтері бар. Солардан бірі – Ер Төстік. Бұл образ туралы академик Жұмалиев былай деген:

“Халықтың тілегі, арманы – табиғатқа ие болу, табиғатты өзіне бағындыру, ең күштісі адам болу, Ер Төстіктің образы сол тілек пен арманның сәулесі деуге болады.” Бұдан шығатын байлау – фантастикалық образ құр қиял ғана емес, көпке ортақ биік мақсаттарға, асқақ армандарға тамыр тартады.

Трагедиялық образ - әдебиетте тым әріден келе жатқан адам бейнелерінің бірі. Трагедиялық образ адамдық пен жауыздық арасындағы ымырасыз күрестен, бітіспес тартыстан туады. Трагедиялық құбылыстар өмірде де, өнерде де юмор-сатиралық құбылыстарға қарама-қарсы; юмор-сатирада күлкілі жайлар, әжуа, мысқыл көрінсе, трагедияда қатерлі нәрселер қайғылы, қорқыныш, қаза түрінде көрінеді. Трагедиялық қаһарманның өмірі көбіне өліммен аяқталады. Өйткені оның жауы өзінен үнемі үстін келеді.

Қазақ әдебиетінде трагедиялық образдың небір керемет үлгілері бар. Әсіресе, әйгілі образдар айрықша галерея құрай алады. Қамар мен Шұға,

Еңлік пен Сұлушаш т.б. Осылардың қай-қайсысының да қасіретті, қиын тағдырлары оқырманды сезімсіз қалдырмайды.

Геройлық образ – ұнамды кейіпкер: адамға тән небір тамаша сипаттардың синтезі секілді сом тұлға. Ұнамды кейіпкер – тарихи категория.

Геройлық образ туралы әңгіме қозғағанда, жалпы ұнамды кейіпкер проблемасына арнайы назар аударып, оның кешегі халі мен бүгінгі жайын, міне дәл осы тұрғыдан байыптаған жөн.

Әдебиеттегі геройлық дегеннің өзі – қоғамдық, адамдық биік мақсат жолындағы өрлік пен ерлікті, қайсарлық мен қаһармандықты жырлау. Адам рухының ұлылығын қастерлейтін әдебиеттегі геройлық - сөз өнерінің ең сұлу һәм сырлы қасиеттерімен біртұтас. Бұл ретте, геройлық образ – суреткердің ең биік идеалының, яки асыл мұратының көркем жинақталуы.

Геройлық образ – еңбек пен күрес адамының көркем әдебиеттегі ең көрнекті типі, лұғатты түрі, биік үлгісі. Сөз өнеріндегі геройлық дегеннің орасан зор тәрбиелік мәні де осында жатыр.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Әдеби образдың анықтамасын айт.
2. Персонаж, образ, тип деген ұғымдарды қалай түсінесің?
3. Жанрлық ұғым тұрғысынан образдар қандай түрлерге бөлінеді?
4. Әдеби творчестволық әдіске байланысты образ түрлерін ата, нақты мысалдар келтір.
5. Жасалу жолдарына байланысты образдарды топқа бөлу қалайша жүзеге асады ?
6. Өзің оқыған көркем шығармалардан образ түрлеріне талдаулар жаса.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Д.Куранов. Адабиетшуносликка кириш.
2. З.Қабдолов. Сөз өнері.
3. М.Хасенов. Көркем образ және типтендіру.
4. Б.Майтанов. Қаһарманның рухани әлемі.

ӘБЕБИЕТТАНУДЫҢ ХАЛЫҚТЫҒЫ МЕН ҰЛТТЫҒЫ

ЖОСПАР:

1. Жазушының дүниетанымы, көзқарасы, олардың қаламгер творчествосындағы көрінісі
2. Әдебиеттің халықтығы. оның басты белгілері.
3. Әдебиеттің ұлттығы, оның ерекшеліктері.
4. Әдебиеттің халықтығы мен ұлттығының өзара байланысы мен айырмашылықтары

Тірек сөздер мен ұғымдар

әдебиеттегі дүниетаным, көзқарас, дүниетанымдағы қайшылық, идеология-қоғамдық сана, болмыс, жеке-даралық болмыс, эстетикалық идеалдар, адамбасылық байлық, әлеуметтік дерт.

Бәрінен бұрын ескеретін бір жай: әдебиеттің халықтығы – тарихи категория. Прогресшіл адамзаттың жалпы көркемдік даму тарихының әр кезеңінде бұл ұғым әр сипатта болды. Әр ұлттың тарихи тағдырына сай, туған топырағына, өсіп өркендеген табиғи ортасына лайық мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, салт-санасы қалыптасатыны мәлім. Мұның бәрі әр ұлттың өзіне тән өзгешеліктерін – сыртқы түріндегі ғана емес, ішкі сырындағы айрықша сипаттарын да белгілейтіні хақ. Бұл өзгешеліктерді суреткер іздеп тауып, өз шығармаларында суреттеп көрсетуге тиіс. Алайда, әр ұлтқа тән мұндай айрықша сипатты жалқы алып қараудың орнына жалпы мағынаға көшіріп, әдебиеттегі халықтық категорияны осыдан ғана іздеу тағы да бір жақты, әрі ағат.

Өнердің кәусар туындысы халық өмірінің терең және мөлдір қайнарынан шымырлап шығады да, сол халықтың өзінің рухани сусынына айналады. Горькийде мынадай нақыл бар: “Зевсті халық жасаған, Фидий тасқа қашаған”. Рас-ақ, шын мәніндегі өнерде халық даналығының таңбасы жатады. Демек, өнердің әлгідей жасампаз күші оның халықтан туып, халық

қажетіне жарауында жатыр. Жер бетінде халық бар болса, халық өмірімен біте қайнаған, халық мақсатына қалтқысыз қызмет ететін өнер де бар. Әдебиет пен өнердің халықтығын, міне, осы тұрғыдан таныған жөн.

Халықтық сипат ең алдымен белгілі бір көркем шығармада күллі халықтық мәні бар мәселенің көтерілуінде жатыр. Айталық, Абай өзінің бүкіл ақындық өнерінің өн- бойында өзінің туған халқы үшін заманының ең келелі мәселелерін көтеріп отырды. Ұлы ақынның реализмі мен гуманизмін өз алдына қойғанда, биік эстетикалық идеал тұрғысынан өзі өмір сүрген қоғамдық ортадағы керенаулық пен кеселді, оспадарлық пен опасыздықты сынау арқылы қазақ даласындағы феодализмнің дағдарысын көрсетуі – бүкіл халықтық күрделі мәселені көтеруі болатын. Абай халықтығының бір шеті осында жатыр.

Халық үшін маңызды мәселені көтеру бар да, оны халық тұрғысынан шешу не шешпеу бар. Демек, халықтықтың екінші шарты -көркем шығармада суреттелген шындық алға тартқан келелі мәселені халық мақсаты мен мүддесіне сай шешу. Тағы да Абайдың ақындығын мысалға алуға болады. Ұлы ақын өзінің күллі көркем туындылары арқылы оқушы жұртты алға, арманға бастады, жарқын келешекке шақырды. Жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа сүйсіндіре, кең, биік мұратқа мегзеді. Абай халықтығының екінші бір жағы осында жатыр. Талант неғұрлым ірі болса, соғұрлым қарапайым болатыны, көркем шығарма неғұрлым шебер жазылса, соғұрлым ұғымды болатыны мәлім. Абай өлеңдері сауатты адамға да, даладағы қойшыға да бірдей жетімді, екеуін бірдей тербетеді, екеуіне бірдей әсер етеді.

Сонымен, әдебиеттің халықтығы – оның халықтық ірі мәселелерді халыққа жетімді түрде оның мүддесіне сай көркем шешуі болып табылады.

Тілімізде “пікірлеу”, “ойлау”, “идеология” сияқты өзектес, мағыналас сөздер бар екені мәлім. Алдыңғы екі сөзбен өзектес болған “идеология” сөзі нені аңғартады? Идеология дегенде белгілі бір қоғам, мемлекет, ұлт және соған ұқсаған әлеуметтік топтардың саяси, экономикалық т.б. мақсаттарына сәйкес болатын мәлім бір жүйеге келтірілген пікірлер мен идеялар

жиынтығын түсінеміз. Демек “идеология”, “пікір” мен “ойлау” түсінігіне қарағанда ерекшелігі бар, арнайы ұғым, түсінік екен.

Тағы бір өзгешелігі “пікір” мен “ойлау” әрбір адамның табиғатына тән нәрсе болса, “идеология” ең алдымен қоғамдық құбылыс ретінде аренаға шығады, соң әрбір жеке адам тарапынан меңгеріліп алынады.

Әрбір қоғам мүшесі, соның ішінде жазушы да мәлім бір әлеуметтік топтың өкілі, демек өзінің жасайтын қоғамдық ортасында қалыптасқан көзқарасына, арман- мүддесіне ие, бұлар сол топтың дүниетанымы, үміт-тілектеріне көп жағынан сәйкес, ыңғайлас болып отырады.

Соған қарамастан қаламгер алдымен жеке адам, сондықтан да шығарманың өн бойында, мазмұнында даралық пен қоғамдық бірігіп барады. Ал керісінше жолдан барылса, яғни қаламгердің даралығы (өзіндігі) қоғамдықтың өзіне сіңіп кетсе яғни жоғалса, – творчестволық та жоғалады. Бұндай жағдайда жазушы суреттеген оқиғаны даяр қалыпта көреді, осы дайын қалып бойынша бейнелейді және бағалайды – бұдан схематизм келіп шығады.

Компьютер техникасы жоғары дамыған біздің дәуірімізде мұндай схематикалық шығарманы дәстүрлі түрде жақсы жабдықталған компьютер де жаза беруі мүмкін.

Кешегі кеңес дәуірі әдебиетінің трагедиясы да, міне, осында – қаламгердің даралық келбетінің қоғамдыққа сіңіп жоғалып кеткендігінде болды.

Көркем творчество дүниетаным, көзқараспен байланысты болады. Дүниеге көзқарас дегенде нақты адамның дүние туралы білімін, түсініктерін, идеяларын назарда тұтамыз.

Көркем шығармада бейнеленген оқиға-құбылыс қаламгер тарапынан қайта қаралып, өңделеді, демек, көркем шығарма мазмұны жазушының дүниеге көзқарастарымен байланысты болады. Ақиқаты, әрбір адам дүниені өзінше көріп таниды және өзінше бағалайды.

Біздер әдетте, өзіміз көрген оқиғаларды – реал оқиға деп түсінеміз, бірақ бұл оқиғаның санамыздағы біз көрген және көз алдымызға келтіргеннің

индивидуаль болмыс болатынын ескермейміз. Солай екен, бір орында, бір дәуірде жасаған екі адамның санасындағы оқиғаның бейнеленуі де бір түрде бола алмайды.

Мұның айқын мысалы ретінде Жүсіпбек Аймауытовтың “Қартқожа”, Сәбит Мұқановтың “Ботакөз” романдарын алып қарайық. Екі автордың да бір дәуірде жасаған, бір кезеңді суреттегенімен, екі романда берілген көркем оқиға бір-бірінен мүлде ажыралып тұрады. Себебі екі қаламгердің әр қайсысының туындысында да индивидуаль болмыс – олардың санасында бейнеленген оқиғалардың көркем моделі өз суретін тапқан.

Оқиға, құбылыстың қаламгердің ой- санасында қаншалықты сақталып, бейнеленуі – сөз жоқ, оның көзқарасына байланысты. Мысал үшін, екінші дүние жүзілік соғыс оқиғаларын бір-біріне қарама-қарсы жақтың өкілдері болған ақын-жазушылар да суреттеген. Олардың бірі - мысалы, Берлинде өз өмірін қауіп астына қалдырып, танк астынан неміс қызын құтқарған совет жауынгерін бейнелеп көрсетсе, екіншісі болса, бүкіл өн-бойы ыза мен кекке толған, жауыздыққа жауыздықпен ғана жауап қайтаруға бекінген совет жауынгерін іштарта бейнелеп беруі мүмкін. Демек, соғыс кезінде мұның екеуі де болғандығын ешкім бекерлей алмаса керек.

Адамзат қоғамы әралуан көзқарастағы адамлардан тұратыны сияқты, әр түрлі идеологияға ие болған топтардан да тұрады. Бұл идеологиялардың әрқайсысы нақты бір қоғамдық саяси мақсатты көздейді. Бізге белгілі болған идеологиялар арасында адамзат қоғамы дамуына қызмет еткендерімен бірге, мұның керісінше күресетіндері де болады. Солай екен, өнер мен әдебиет бұл идеологиялардан тек бүкіл адамбасылық мақсаттарға сәйкес келетіндерін ғана өзінде көрсетеді.

Әдебиет пен өнердің арақатынасы қандай болуын төмендегіше көрсету мүмкін: қаламгер қандай да бір идеологияға қатысы бола тұрып, оның эстетикалық идеясы жалпы адамбасылық руханият негізінде құрылған, демек бұл идеяда бағы замандардан бергі ата-бабамыз ұнатқан, армандаған ізгі мақсаттар өз бейнесін табады.

Бұл айтылғандардан, қаламгердің идеологияға қатынасы ерікті болуы шарт, әрі мәлім бір идеология көлемінде өзін жеке адам сипатында таныта алуы қажет екені көрінеді. Екінші жағынан эстетикалық ... нақты идеологияға қарағанда адамдық руханият басым болуы шарт, сонда ғана көркем шығарма өткінші, маусымдық нәрсе болып қалмай, қоғамға лайық тұрақты болып қалады.

Идеология – қоғамның ілгері басуында, үздіксіз өркендеуінде оның күштерін біріктіріп түпкі мақсатқа қарай бағыттауда үлкен мәнге ие. Соған орай тәуелсіздікке еріскен Республикамыз Өзбекстан жағдайында ұлттық идеологияны жасау, қалыптастыру, халыққа кеңінен тарату мәселесі мемлекет саясатындағы ең басты мәселеге айналады, өйткені ұлттық идеологиямыз Өзбекстанның жарқын болашағын жасау, әлемдік аренада ұлы бабаларымыздың қалдырған өшпес мұраларын насихаттауда және жарқын келешегімізге лайық орында болуымызда – шешуші факторлардан бірі. Олай болса, демек ұлттық идеологияны жасап, оны байытуда, халықтың санасына сіндіруде көркем әдебиеттің алдында үлкен міндет, айқын мақсат тұрады.

Соңғы кезде кеңес дәуіріндегі коммунистік идеологияға қызмет еткен жазушыларды, олардың шығармаларын бағалауда біржақты пікірлеулер, қорытындылар орын алып отырғаны мәлім.

Осының себебінен “әдебиет идеологиядан тысқары болуы керек”, “әдебиет идеологияға қызмет етпеуі тиіс” деген тәрізді пікірлер сырттай дәлелді, дұрыс көрінгенімен, шындығында қате пікірлердің пайда болуына алып келеді.

Өйткені әдебиет пен идеология арасында табиғи, ешбір зорлаусыз – қаламгердің өз көзқарасы, ар-ожданымен байланысты қатынастар да болуы мүмкін. Жоғарыда көрсеткендей-ақ идеология қоғамды белгілі бір мақсатқа жұмылдырады. Қош, онда бүгінгі жасалып жатқан ұлттық идеология қандай мақсатты көздейді.?!

Бұл идеология бізді ұлы Өзбекстанды өркендету мақсатына бастайтыны айқын. Ал енді осы құрылатын мемлекет келешекте адамның еркін, бақытты жасауы, өз бойындағы рухани, ақыл және күш-қуатының барлық

мүмкіндіктерін толығымен шығаруы, кәмелетке қарай ұмтылуына жағдай туғызады.

Қош, бұл мақсат қайсы жағынан бізді қанағаттандырмауы мүмкін? Немесе қайсы тарапынан көркем әдебиет пен өнердің шын мәніне айналған жалпы халықтық руханиятқа, ізгілік пен гуманизм принциптеріне қайшы келуі мүмкін?

Біріншіден, қоғамымыз алдына қойылған мақсат ешбір өнер адамын өз ожданына, идеалына қарсы баруға мәжбүрлемейді. Керісінше, бұлар өзін нағыз суреткер және өз халқының перзенті деп білген әрқандай қаламгердің идеалы болуына үндейді емес пе?

Демек, бүгінгі күнде қоғамымыз, оның алдыңғы өкілдері көздеген мақсат жалпыхалықтық рухани байлыққа, ізгілік пен гуманистік принциптерге барлық жағынан сәйкес келеді.

Сондықтан да біз ұлттық идеологиямызды қалыптастыру және халыққа сіңдіру ісінде көркем әдебиет белсенділік көрсету керек, бұл оның әрі мақсаты, әрі міндеті деп білеміз.

Ең алдымен нағыз суреткер қоғамның ең алдыңғы қатарында болуы шарт әрі табиғи, себебі ол идеалмен жасайды. Суреткердің идеалы ғайыптан пайда болмайды., ол біржағынан ғасырлар бойы ата-бабамыздан өтіп келген қадырият, екінші жағынан осы суреткер өмір сүрген ортаның өзінде жетілген ең алдыңғы арман- мүдделерді өзінде топтастырады. Демек, суреткердің эстетикалық идеалына өз заманының алдыңғы қоғамдық-әлеуметтік мүддесі де сіңіп отырады. Тек бір нәрсеге сақ болу керек. Осынау әлеуметтік мақсат суреткер үшін сонша дәрежеде жекеленіп (индивидуалланып) кетуі қажет – енді ол сол әлеуметтік мақсатқа өз мақсатым деп қарасын, әлеуметтік пен индивидуальдық шекаралары жоқ болып кетсін. Міне, осы мақсаттан шыққан жазушы енді ешкімнің қызметкері емес, дәлірек айтқанда тек өз идеалының ғана қызметшісі.

Еркіндік пен Тәуелсіздіктің жыршысы Мағжан Жұмабаевты алып қараңыз. Ол өз дәуірінің ең алдыңғы әлеуметтік мақсаты ұлт азаттығы, еркіндігі деп таныды. Мағжан санасында соншалық индивидуалдасып кеткен

бұлар– енді ақынның жеке басының қайғысына, арманына, өмірінің мазмұнына айналып та кетті.

Біздіңше, қоғамымыз көздеген мақсат ешбір суреткердің ожданына, идеалына қайшы келмейді. Керісінше, бұлар өздерін нағыз суреткер және осы халық перзенті деп білген әрбір суреткердің өз идеалы болуына мүмкіндік береді. Сондықтан да біз ұлттық идеологиямыздың қалыптасып, жалпы халыққа кең таралуында көркем әдебиет ең алдында болады деп білеміз.

Ұлттық идеологияға қызмет қылу деген – Отан, егемендік т.б. туралы ғана жазу деген емес. Нағыз суреткер не нәрсе туралы жазса да – ол көкейтесті проблемаларды көркем түрде талдай ма, өзінің жүрек сөзін жырлай ма, ышқы- махаббат туралы жаза ма -әйтеуір өзі көркем бейнелеп талдамақ болған нәрсе мен құбылысты жалпы адамбасылық қадырияттар, ізгілік, адамгершілік тұрғысынан жаратар екен, бағалар екен, ол ұлттық идеологиямыздың қалыптасуына, бекемделуіне, оны қоғам мүшелері санасына сіндіруге қызмет еткен болады.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Әдебиеттің халықтығы деген не?
2. Әдебиеттің ұлттығы туралы айт, оның әдебиеттің халықтығымен байланысын және айырмашылығын түсіндір.
3. Қаламгердің дүниетанымы дегенді қалай түсінесің, оған заман мен ортаның, идеологияның әсері бола ма? Қазақ әдебиетінен мысал келтір.
4. Қаламгердің дүниеге көзқарасы оның шығармаларына, идеалық-көркемдігіне әсер ете ме т.б.?

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Миллий истиклол ғояси. Тошкент.
2. З. Қабдолов. Сөз өнері.
3. Т. Бабаев Адабиетшуносликка кириш
4. С.Ахметов . Әдебияттаныу

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ МЕН ИДЕЯСЫ

Жоспар:

1. Көркем шығармадағы тұтастық, мазмұн мен форма.
2. Шығарманың тақырыбы. Негізгі және қосалқы тақырыптар.
3. Тақырыптың маңыздылығы. Тақырып таңдаудың мәні.
4. Идея туралы түсінік.
5. Шығарманың негізгі және қосалқы идеялары.
6. Авторлық идея мен объектив идея.
7. Тақырып пен идеяның бірлілігі.
8. Лейтмотив, оның мәні.

ТІРЕК СӨЗДЕР МЕН ҰҒЫМДАР:

тема, тематикалық өзгешелік, тақырып таңдау, актуальдылық, проблемалық тақырып, автордың дүниетанымы, автордың ізденісі, лейтмотив, пафос, идея, көзқарас, объектив және субъектив идея, көркемдік шешім.

Тақырып (грекше *thema*-негізі) –көркем шығармада философиялық, қоғамдық, моральдық, т.б проблемаларды ортаға тастайтын және соны шешуге қызмет ететін, сол туындының өмірлік, тұрмыстық мән-мазмұнын біріктіретін –оқиғалар мен іс-әрекеттер көрінісі. Бір сөзбен айтқанда тақырып біріншіден, жазушының таңдап алған және көркемдеп суреттеген оқиғалар тізбегі; екіншіден шығармада көтерілген және жаратылған тұрмыстық мәселелерден тұрады.

Тақырып екі мағынада қолданылады:

1. Тақырып атауы шығармада суреттеу үшін қаламгердің өмірден таңдап, саралап алған іс-әрекеттері мен оқиғалар. Мысалы қазақ еңбекші халқының патша мен оның аппаратының зұлымдығына, жергілікті би-болыстарға қарсы 1916-жылғы көтерілісі – М.Әуезовтың "Қилы заман" романының негізгі тақырыбы болып табылады.

Тақырып – көркем шығарма мен өмірді өзара байланыстырушы құрал.

2. Тақырып өнер туындысында көтерілген және сөз болған негізгі әлеуметтік, қоғамдық мәселе. Себебі "Қилы заман" романында қазақ еңбекші бұқарасының нақты оқиғалар әсерімен өздігін сезінуі, өз правосы, еркіндігі үшін зұлматқа қарсы бас көтеруі суреттелген. Осы мәселе шығарманың тақырыбын айқындайды.

Бір қатар шығармалардың аттарының өзі тақырыбының қандайлығын айқындайды. Мәселен, "Ақылдан қайғы", "Біздің заманның батыры", "Кім кінәлі", "Не істеу керек", "Қылмыс пен жаза", "Оянған өлке", "Дауылдан кейін" « Қатерлі өткел» т.б. шығармалардың тақырыптарының сипаты бұл ойымызды растайды.

Тақырып сюжет арқылы ашылады, сюжет тақырыпты терең және нақты ашуға қызмет етеді. Тақырыптың тағы бір ерекшелік сипаты – ол шығарманың бөлімдерін біріктіріп, бір бүтін туындыға айналдырады.

Тақырып сонымен бірге кейде жанрлық сипатты белгілеуде де маңызды рол атқарады. Мысалы: тарихи роман, автобиографиялық повесть, тарихи-биографиялық туынды, детектив немесе ғылыми-фантастикалық т.б.

Ірі көлемді шығармаларда негізгі және қосалқы тақырыптар болады. І.Жансүгіровтың "Құлагер" поэмасында Ақан тағдыры - тақырып. Дегенмен, поэмада ескі қазақ елінің тұрмыс-тіршілігі, балуан күрес, әншілік өнері, таптық қарама-қарсылық, ат бәйгісі т.б. көмекші тақырыптар да бар, бұлар өз кезегінде – Ақан тағдырын жан-жақты ашуға қызмет етіп, туындыны бір бүтіндікке алып келген.

Әдебиетте "мәңгі" деп аталған тақырыптар да бар. М.Горькийдің көрсетуінше "өлім мен махаббат» мәңгі тақырып, бұдан тыс – қызғаныш, өш алу, жауыздық, достық, отан сүйшілік т.б. мәңгілік тақырыптар болып саналып келген.

Әдеби шығарманың тақырыбы маңызды болуы шарт. Сондықтан да ақын-жазушылар тақырып таңдауға немқұрайды қарай алмайды. Тақырып таңдауда жазушының дүниетанымы, сана-сезімі т.б. жетекші орында болады. Өз заманының алдыңғы қатардағы перзенті болған жазушы – үнемі өмірдің

аса маңызды мәселелерін көтереді, сол туралы өз туындыларын жаратады. Біздің әдебиетіміз - тақырып жағынан аса бай әдебиет.

Көркем шығарманың тақырыбы – оның предметі арқылы белгіленеді. Көркем шығарманың предметі болса, адам өмірінің әл түрлі жақтары, күрес-тартысы, арман мүддесі, табиғатқа, болып жатқан оқиғаларға қарым-қатынасы т.б. тұрады.

Жазушы, қаламгер адамдардың типтік характерін (Ботакөз, Аман, Қайрош), тарихи оқиғаларда да (Соғыс және бейбітшілік), (Қан мен тер), революцияда да (Қызыл жебе) адамның рухани күйін, табиғи көріністерін, жалпы тұрмыстың барлық жақтарын да бейнелеп беруі ықтымал. Бірақ бұдан көркем шығармада өмірдің тек бір жағы ғана суреттеледі екен деп ойлауға болмайды. Жұмысшылар тұрмысы, интеллигенция өмірі, ауыл шаруашылығы, өндіріс тұрмысы т.б. тақырыптар деп болу өте шартты нәрсе. Себебі, қаламгер өзінің өнер туындысында адам өмірінің әр алуан жақтарын рухани-әлеуметтік қайшылықтарды т.б. суреттеу арқылы типтік характерлер жаратады.

Тақырып таңдау қаламгердің қайсы салаға қызығуымен де байланысты. Бірқатар жазушылар негізінен бір тақырыпқа қайта-қайта қалам тартады. Мысалы, Бейімбет Майлин өз шығармаларында көбінесе ауыл тұрмысындағы алуан-түрлі әрекеттерден, оқиғалар мен жағдайлардан тақырып алған. Оның “Сексен сом”, “Айранбай”, “Кедей теңдігі”, “Күлтай болыс”, “Бұқабай” т.б. өткен ғасырдың 20-30- жылдарындағы ауыл өмірінің, адамдарының әр алуан жай-күйлері, тағдырлары бейнеленеді.

Ғ.Мүсірепов әңгімелерінде көбінесе ана тақырыбы – асқан шеберлікпен әр алуан жақтарынан суреттелгенін айқын танимыз.

Идея туралы ұғым.

Н.Г.Чернышевскийдің ұқтыруынша - өнер өмірдің белгілі бір мәселесін көркемдеп суреттеп береді. Өмірдің мәні мен мазмұнын терең әрі жан-жақты түсіндіру арқылы –суреттеп отырған объекті үстінен “үкім шығаруды мақсат етеді”. Демек өнердің суреттеп отырған объектісі үстінен шығарған “үкімі” оның идеясы болып есептеледі.

Идея – шығармада қойылған және жаратылған мәселелердегі мән-мазмұнынан, характерлер мақсатынан логикалық тәрізде туындайтын қорытынды, тұжырым.

Идея – қаламгердің өзі жаратқан образдарына болған қарым-қатынасынан келіп шығатын образды, эмоциональды және жинақталған тұжырымы яғни қорытындысы.

Көркем идеяда әлеуметтік, қоғамдық мазмұн болғанымен, оны философиялық, әлеуметтік идеямен теңгеріп болмайды. Поэтикалық идея бірнеше пікірлермен анықталмайды. Ол шығарманың үлкен не кіші болып келуіне қарамастан, шығарманың бүкіл рухани болмысынан келіп шығады.

Атақты қаламгер Шыңғыс Айтматовтың “Ақ кеме” повесінде үлкен арман-үміттермен жасап келе жатқан бала көңіліне, жүрегіне жауыз, надан адамдар жара салуы – оның жауыздыққа қарсы әлсіз күресі, қарсылығы, қайғылы түрде бейнеленіп, романтикалық тәсілмен берілген. Шығармада арман, үміт кемесі “Ақ кеме” туралы қайта-қайта айтылады. Шығармадағы басты тартыс (конфликті) – қайта-қайта берілуі –оның идеялық-лейтмотиві болып табылады.

Тақырып –шығарманың идеясымен тығыз байланыста болады. Басқаша айтқанда, жазушы өмірдегі ол не бұл жағы жайындығы өз ойын, пікірін оқырманға жеткізбекші болады. Осы негізді шығармадағы образдарға, айталық мәселелерге сіндіреді. Оқырман шығарманы оқып танысқан соң, оқиғалар мен іс-әрекеттердің барысынан, характерлер логикасынан идеяны тауып алады. Идея шығарманың өн-бойына қаншалықты сіңіп бірігіп кетсе, оның көркемдігі, әсерлілігі, эмоциональдық күші соншалықты болады.

Әдеби шығарманың идеясы дәл тақырыбы сияқты шығарманың мазмұнында көрінеді. Нағыз көркем жазылған шығармалардағы әрбір эпизод, әрбір образ, тіпті бөлек-бөлек детальдар да негізгі идеяны ашуға қызмет етеді. Шығарманың идеясын толық түсіну үшін онда суреттелген, оқиғалар, образдар, детальдар туралы терең ой жүргізіп, Жан жақты талдау жасау қажет. Өнер туындысының идеясы-көркем идея. Ал көркем идея - өнер туындысының мазмұнындағы жалпы жинақталған, эмоциональ және образды

пікір. Шығарманың идеясы туралы сөз болғанда оның осы ерекшеліктерін есепке алмай болмайды.

Тақырып пен идеяның көп түрлілігі мен бүтіндігі.

Қаламгер туындысында өмірді бір тұтас күйінде бейнелесе, әрине, бір-бірімен байланысты болған мәселелерді алады, оларға өз көзқарасын білдіреді, бағасын береді.

Жалпы алғанда, шығармада бейнеленген әрбір образ, әр қандай өмірлік ситуация өзіне хас тақырыпқа және бағаға ие болады. Осы тұрғыдан қарағанда, әдеби шығарма көп проблемалы яғни көптеген тақырыпқа ие болуы және көптеген идеясы болуы да ықтимал. Әдетте, әдебиетшілер, сыншылар бір шығарманы талдағанда, бір-бірін қайталамайды, сол шығармадан көрсетілген мәселелерден өзіне керектісін, қызығарлысын алады, соны өзгелерден ажыратып үйренеді.

Шығармада көтерілген орталық проблема шығарманың негізгі идеясы деп аталады. Ал шығарманың негізгі идеясы ондағы қосымша идеяларды жоққа шығармайды. Қосалқы идеялар біріншіден өзіне тән дербес пікірді білдіреді, екіншіден олар сол идеяны жарқын, әдемі, терең етіп ашуға қызмет етеді.

Идея - өнер туындыларында көтерілген, шешімін тапқан мәселелерден туындайтын логикалық тұжырым.

Образ – қаламгер идеясынан кең, яғни образ автордың бейнеленген оқиға-әрекеттері туралы өзіндік жеке пікірінен тыс суреттелген оқиғалар ағымынан объектив қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Өнер туындысын әділ бағалау үшін, әрине ондағы авторлық идеяны да, суреттеу процесінде логикалық тұрғыда пайда болған қорытындыны, объектив идеяны да есепке алу зәру.

А.П.Чеховтың ұқтыруынша өнердегі ең бастысы “мәселені дұрыс қоя білу, оны шешіп беру шарт емес”. “Анна Каренина”, “Евгений Онегин” романдарында көтерілген мәселелер шешімін таппаған, бірақ соған қарамастан, олар оқырманды толық қанағаттандырады, өйткені бұл шығармаларда мәселелер дұрыс қойылған.

Мәселе дұрыс қойылса ғана, ол дұрыс шешімін табады. Әдебиетте де дәл осындай: егер қаламгер өз туындысында мәселені дұрыс қоя білген болса, одан оқырман да дұрыс қорытынды жасайды.

Тақырып пен идеяның органикалық бірлігі шығарманың бірден бір идеялық-тақырыптық негізін жасайды. Тақырып пен идея бірлігі, негізінен, шығармада көтерілген және шешімін тапқан орталық проблемада өзінің толық көрінісін танытады.

Тематика (тақырыпша) –көркем шығарманың негізгі, жетекші тақырыбымен бірге, оған бағынышты болған өзге де кішкене тақырыптарды өз ішіне қамтып, шығармада идеялық-көркемдік, бір бүтіндікті пайда етеді.

Қорыта айтқанда, тақырып пен идея - өнер туындысының бөлімдерін бір-бірімен байланыстырушы, шығармаға бүтіндік, өміршеңдік, көркемдік дарытушы құралы – шығарманың өзегі болып табылады. Сондай-ақ тақырып пен идея өнер туындыларына эмоциональдық дарытушы да. Әдетте, көркем шығарманы талдаудың тақырып пен идеядан басталатындығы да осыдан.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Тақырыптың анықтамасын айт. Тақырып таңдау дегенді қалай түсінесің ?
2. Негізгі және қосалқы тақырыптар, олардың бірлігі.
3. Идея деген не? Шығарма идеясының авторға байланысты, байланыссыз болу себептерін айт, мысал келтір.
4. Объектив идея дегенді қалай түсінесің?
5. Идеясы “айқын” емес шығарма бола ма?
6. Тақырып пен идеяның ара қатынасы дегенді қалай түсінесің ?

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Умуров. Адабиет назарияси
2. Т.Бабаев Адабиетшунослик асослари.
3. Қабдолов. Сөз өнері.
4. Ахметов. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі.

лекция 9

КӨРКЕМ СЮЖЕТ, СЮЖЕТТІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІМДЕРІ

Жоспар:

1. Сюжет туралы ұғым.
2. Тартыс (конфликт) –сюжеттің шыңы.
3. Сюжеттің орналасу тәртібі.
4. Сюжет.
5. Сюжет пен фабула.
6. Сюжет типтері.

Тірек сөздер мен ұғымдар

Сюжет, көшпелі сюжет, конфликт, экспозиция, байланыс, шиеленіс, ситуация, шарықтау – кульминация, шешім, сюжет типтері, пролог, эпилог, фабула.

Өмірдегі шындықтың көркем шындыққа айналуында яғни тақырыптың идеялық көркемдік шешім табуында сюжет пен композицияның атқаратын қызметі орасан.

Өмірдегі әралуан оқиғаларды көркем түрде бейнелеуде қаламгерлер әр түрлі құралдардан пайдаланады. Солардан ең негізгісінің бірі – сюжет.

Сюжет – (французша – предмет, негіз болатын нәрсе) көркем форманың ең басты элементтерінің бірі. Көркем шығармадағы бір-бірімен жалғасып жататын кейіпкерлердің іс-әрекеттерінен тұратын оқиғалар тізбегі десе болады. Жалпы алғанда, сюжеттілік көркем әдебиеттің өзіне тән өзгешеліктерінің бірі, барлық түрдегі шығармаларда да сюжет болады. Бірақ әрбір түрде, әр қандай жанрда тек өзіне хас тәрізде көрінеді. Мысалы, лирикалық шығармаларда оқиғалар тізбегі онша кездеспейді, бірақ лирикада да ой-пікірлер, ішкі сезім күйлері болады, бұл олардың сюжетін құрайды.

Әдеби туындының сюжетін көз алдымызға келтіре алмаймыз. Дегенмен, әрбір шығарманың, әсіресе, лирикалық өлеңнің сюжеті тек өзіне ғана хас болады.

Эпикалық және драмалық шығармалардың сюжетін төмендегіше сипаттауға келеді: адамдардың өзара қарым-қатынасы, байланыстары, олар

арасындағы қарама-қарсылықтар, симпатия мен антипатиялар, жалпы адамдардың қарым-қатынасы – характердің, типтің тарихи дамуы, ұйысуы.

Демек, кейіпкерлердің өзара күрделі қарым-қатынастары – шығарма сюжетін келтіріп шығарады деу мүмкін.

Мысалы: С.Мұқановтың “Ботакөз” романында көптеген, оқиғалар – сол кезең қайшылықтарын көрсетуге арналған, бас кейіпкерлердің (Асқар, Ботакөз) характерлерін жан-жақты сомдауға көмек болғанын көреміз.

“Ботакөз” романының сюжеті – көп қырлы, көп басқышты. “Абай жолы” романының сюжеті - өте күрделі, көп тармақты, проблемалы. Повестің сюжеті роман сюжетіне қарағанда қарапайымдау, ал әңгіме сюжеті де өзіне лайық.

А.И.Тимофеев әңгіме сюжетін талдай отырып, “әңгіме бір ғана оқиғаны негіз етеді, әңгімеде адам характері бір ғана оқиға, бірер эпизод арқылы суреттеледі” т.б. айтады.

Тенденция

1. Сюжет - характер қырлары көрінетін оқиғалар комплексі.

Реалистік шығармаларда суреттелген әрбір оқиға кейіпкер характерін ол не бұл жағын ашуға қызмет жасайды.

Сюжет көркем шығарманың мазмұнын ашып, мазмұнды пішінге көшірудің негізгі түрі мен тәсілі. Егер көркем шығарманың мазмұны түрліші мінездер мен типтердің өзара қарым-қатынасынан туған шындық өмірдегі оқиғалар тізбегі десек, осының өзі сюжетте адамдар мен заттардың тұтасқан ішкі, сыртқы қимыл, әрекет жүйесі ретінде, кәдімгідей қозғалыс, белгілі бір даму үстінде көрінеді. Сондықтан да М.Горький: “Сюжет дегеніміз адамдардың өзара қарым-қатынасы, байланысы, қайшылықтары, жек көру, жақсы көру, әр характердің, типтік өсу, жасалу тарихы” –дейді.

Конфликт және сюжет.

Конфликт –(латынша тартыс, керісу) көркем шығармада қатынасушы адамдар ортасындағы бетпе-бет күрес яғни кейіпкердің өзін қоршаған ортасы,

өзімен өзінің рухани жақтан тартысуы, алысуы. Конфликт – сюжетті әрекетке әкелуші негізгі күш.

Егер де сюжетті автомобиль деп санасақ, конфликт оның двигателі, сюжет –сыртқы көрініс болса, конфликт оның ішкі ағысы. Жазушы көркем сюжет арқылы белгілі бір дәуірдің конфликтілерін бейнелейді, оларға өз қатынасын білдіреді, кейіпкерлер характерін ашады, эстетикалық идеалды насихаттайды.

Әр жазушы өз халқы, өз табы үшін мәнге ие болған белгігі дәуірдің өткір қайшылықтарын суреттеуге ұмтылады. Мысалы С.Мұқанов “Ботакөз” романында қазақ еңбекші бұқарасының зұлымдыққа қарсы жаппай күреске аттанысын көрсеткен, оған қазақ еңбекші табы көзқарасы тұрғысынан қараған. Бұл шығармада кейіпкерлер характері міне, осы күрес процесінде ашылған, шындалған. Бұдан тыс, шығарманың идеясы да осы күрес үстінде, жарқын, әсерлі, эмоциональды тәрізде ашылады.

Өмірдегі қайшылықтар мен көркем шығармадағы конфликтілерді бір-біріне теңестіру, әсіресе, бір нәрсе деп қарауға болмайды. Өмірдегі конфликт –элеуметтік оқиға, ал шығарма сюжетінің конфликті – эстетикалық оқиға. Көркем конфликт элеуметтік конфликт негізінде жаратылса да, олар бір-бірлерінен ажыралып тұрады. Көркем конфликт – жазушының өмірдегі қайшылықтарды қайтадан істеген, эстетикалық идеал рухымен қандырылған формасы. Көркем творчествода конфликт өнер заңдылықтарына толық бағынған түрде көрініс табады.

Өнер туындысында конфликт болуы шарт, бірақ оның көріністері әралуан болуы яғни бірде “өмірдің өзіндей” немесе “күрестің суреті, елесі” тәрізде болуы ықтымал. Көркем конфликт шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне, автордың мақсаты мен стиліне қарап түрліше көріністе көрінеді.

Сюжет элементтері.

Өмірдегі барша оқиғалар сияқты сюжет те бірденеден басталады, дамиды және бір нәрсемен аяқталады. Осыған орай сюжет өзара байланысты бөліктерге ажыратып үйрену мүмкін. Ірі көлемді, классикалық туындыларда

сюжеттің экспозиция, байланыс, оқиғаның дамуы, кульминация және шешімі тәрізді негізгі элементтері болады. Кейбір шығармаларда сюжеттің қосымша элементтері –пролог пен эпилогтар да кездеседі.

Экспозиция (лат. *exposito* -түсіндіру) – сюжеттің кіріспе, басталу бөлімі, шығармадағы оқиға болып өтетін мекен, кейіпкерлердің конфликтіге дейінгі уақыттағы келбетін, жай-күйін көрсететін жағдай суреті. Экспозиция әрекетті белгілемейді, керісінше іс-әрекет үшін фон болып қызмет етеді.

Экспозиция сюжеттің байланысы сияқты шығармадағы оқиғаның кейінгі дамуына әсер етпейді.

Экспозиция шығармадағы орнына орай әртүрлі болады:

а) тура экспозиция – шығармада оқиғаның басталуынан бұрын келеді.

ә) кешіктірілген экспозиция –сюжеттің байланысынан соң жазушының кейіпкер туралы беретін мәліметі.

б) кері экспозиция – сюжеттің шешімінен соң кейіпкер туралы берілетін қосымша мәлімет. (Гогольдің “Өлі жандарында” соңынан Чичиков туралы берілетін мәлімет).

Кейбір ірі көлемдегі шығармаларда экспозициялық мәлімет сюжеттің әртүрлі орындарында берілуі ықтымал. Мысалы, Л.Толстойдың “Соғыс және бейбітшілік” романында бірқатар кейіпкерлерге тиісті экспозициялық мәліметтер сюжеттің әр жерінде шашыратып берілген. Бұндай экспозицияларды шартты түрде шашыраңқы экспозициялар деп атаса болады.

Әр түрлі жанрдағы шығармаларда экспозиция әр түрлі болады. Драмалық шығармада экспозициялық мәлімет автор тілімен емес, керісінше кейіпкер туралы мәлімет басқа образдардың сөздерімен беріледі яки сездіріледі. Өте шағын әңгімелерде әдетте, экспозиция өз алдына берілмейді, бірақ оқырман оны сезе алады.

Сюжеттің басталуы (латынша экспозиция) оның кіріспесі іспетті, мұнда әдеби қаһармандар өзара қарым қатынасқа көшпес бұрынғы хал-жағдай, тіршілік, қоғамдық орта суреттеледі. Экспозицияның бір ерекшелігі – ол шығарманың сюжеттік желісіндегі өмірлік тартысқа тікелей ықпал жасамайды.

Тура экспозицияда – автор оқырманды болашақ оқиғалар орнымен, адамдар тіршілік ететін ортаман бірден, тура таныстырады.

Мысалы, Б.Майлиннің “Шұғаның белгісінде” сюжет бірден басталмайды. Бірінші тарау түгелдей әңгіме ішіндегі әңгімеге, яғни Қасымжан жайын, оның автор мен бірге жолға шығуын баяндауға кетеді. Автор одан әрі де сюжеттегі тартыс басталмас бұрын оқушысын елмен, жермен, оқиғаға қатысатын адамдардың тіршілігімен, оқиға өтетін ортадағы жалпы жағдаймен таныстырып алады.

Сюжеттік байланыс (орысша завязка) – адамдар арасындағы әрекеттің басы, тартыстың басталуы іспетті. “Шұғаның белгісінде” сюжеттік байланыс Әбдірахманның Есімбек аулына алғаш келген, оны Шұғанның көрген жерінен басталады.

-Әбдірахман ғой – дедім.

- Әбдірахманың кім?

-Қазақбайдың баласы.

Иә, әлгі учитель баласы ма? ...

Сюжеттің дамуы адамдардың өзара қарым-қатынасынан, қимыл-әрекетінен туған түрліше жағдайларға байланысты (фр. -ситуация), шиеленістірге (интрига) байланысты.

Шарықтау шегі (кульминация) –сюжеттік дамудың ең жоғарғы сатысы, адамдар арасындағы қимыл-харекеттің мейлінше күшейіп, өрбіп жеткен жері, шығармадағы драмалық тартыстың өрісінен шыққан биігі. Бұл тұста образдар да айрықша танылып, адам мінездері жан-жақты ашылады. Сайын келгенде, сюжеттік шарықтау –шығармада суреттелген барлық шындық құбылыстар мен өзекті оқиғалардың шоғырлануы. “Шұғаның белгісіндегі” сюжеттік шарықтау шегі – Шұғаның қатты құса болып, ауруға шалдығуы; қызының оңалмас түрін көрген Есімбектің Әбдірахманды амалсыз тұтқыннан босатуы. –Жазылып керегі не? –дейді ол Қасымжанға . Бәрібір мен бақытты бола алмаймын ... Бұл Шұғаның соңғы сөзі. Шығарма сюжетін ширектіріп әкеп, шарықтау шегіне жеткізіп тұрған да осы.

Шешім (орысша развязка) –шығарма сюжетінің шешуші кезеңдерінің бірі; суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған “үкімі”, адамдар арасындағы қарама-қарсы тайталастардың, күрделі күрестердің бітуі, түрліше тартыстардан туған нәтиже, оқиғаға қатысушылардың ең ақырғы хал- күйі.

“Шұғаның белгісіндегі” сюжеттік шешім –Шұғының қайтыс болуы.

-Есіттің бе, Шұға қайтыпты –ау, -деді. Суық суды төбемнен құйып жібергендей болды. Тұрған орнымда қаттым да қалдым ... Жиналған жұрттың бәрі де бастарын шайқасты:

-Өй, Шұға десе – Шұға еді – ау! – десті.

Бұл шешімнің күштілігін оқып, әсеріне бөленген адам анық аңғарады.

Міне, солайынша көркем сюжеттің жүрегі болған конфликт байланыстан басталып, шығарманың кульминациясында өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетеді де, шешімде үзілді-кесілді аяқталады.

Пролог (гр. сөз басы, алғашқы сөз) –көркем шығармадағы кіріспенің бір түрі болып, бұндай кіріспе оқырманды автордың мақсат-ниетімен, оқиғалардан ең алғашқыларының қысқаша мазмұнымен, драмалық шығармаларда болса, персонаждармен (қатынасушылар) таныстырады. С.Мұқановтың “Сұлушаш”, Ә.Нұршайықовтың “Махаббат, қызық мол жылдар” романдарында прологтың жақсы үлгілері бар.

Эпилог – (гр. - соңғы сөз) - көркем шығарманың соңында қаһармандардың кейінгі тағдырын айтып беретін қорытынды. М.Әуезовтың “Абай жолы”, С.Мұқановтың “Ботакөз”, Ғ.Мүсіреповтың “Ұлпан” т.б. шығармаларда эпилог берілген.

Көркем сюжеттің барлық элементтерін, түрлерін кез келген шығармадан іздей беруге болмайды. Себебі, бір қатар шығармаларда сюжет элементтерінің біреуі не екеуі болмауы да ықтымал. Ал кейбір шығармаларда сюжеттің элементтерін бір-бірінен айырып та болмауы мүмкін.

Әдебиеттану ғылымында “сюжет” пен “фабула” атауын қолдануда айырмашылық бар. Бір қатар әдебиетшілер бұл екі атаманы –синоним ретінде қарайды, ал басқалары бұларды ажыратып қарастырады. Әсіресе, Россия

формал мектебі өкілдері – “фабула” дегенде шығармаларда суреттелетін оқиғалардың өмірде болған тәртібін, “сюжет” дегенде олардың шығармада орналасу тәртібін түсінеді. Оқиғалардың өмірдегі тәртібі мен олардың көркем шығармада орналасу тәртібін айыра білу – көркем шығарманың құрылысын үйренуде ерекше маңызға ие.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Сюжеттің анықтамасын айт.
2. Фабула мен сюжеттің ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын түсіндір.
3. Өзің оқыған бір әңгіме не повесть бойынша сюжет элементтерін көрсет.
4. Сюжет типтері дегенді қалай түсінесің?
5. Конфликт деген не? Оның сюжет құрудағы ролі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Т.Бабаев. Адабиетшунослік асосларі.
2. З.Ахметов. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі.
3. З.Қабдолов. Сөз өнері.

лекция 10

КОМПОЗИЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

ЖОСПАР:

1. Шығарманың композициясы, оның атқаратын функциясы.
2. Композиция элементтері.
 - а. портрет
 - ә. мінездеу
 - б. пейзаж.
3. Композиция элементтерінің образ жасаудағы маңызы.
4. Сюжет пен композицияның өзара үйлесімі.

ТІРЕК СӨЗДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

композициялық жүйе, оқиғаның құрылысы, пейзаждық баяндау, лирикалық шегініс, интерьер, қосалқы эпизод.

Композиция. Композиция (латын сөзі – *kompositio* – құрастыру, тәртіпке келтіру) – көркем шығарманың құрылысы.

Көркем әңгіме не поэма, не роман, қайсысын оқысақ та әр алуан сюжетке құрылады. Сюжет дегеніміз – шығармадағы адамдардың бір-бірімен байланысы, қарым-қатысы, күрес-тартыстары – шығармадағы оқиғаның дамуы. Ендеше оқиға қалай болса солай суреттелмейді; белгілі бір тәртіппен дамиды. Бір оқиға себеп болса, екіншісі оның нәтижесі. Адамдардың арасындағы күрес-тартыстар тек кездейсоқ нәрсе емес, өмір шындығы, өмірге екі түрлі көзқарас, екі түрлі мінездің түйісуі екендігі аңғарылады. Оқиғаның белгілі бір мекенде, белгілі мезгілдерде болғандығы көрсетіледі.

Әңгіме адамдар туралы болғандықтан, олардың сыртқы пішіні, кескіні, мінез-құлқы, іс-әрекеті, күйініш, сүйініші, сөйлеген сөзі - қысқасы, өмірдегі адам қандай болса, көркем шығармада да біз тап сондай адамдарды кездестіреміз. Сөйтіп шығармада кездесетін оқиғаның осылар тәрізді, әр алуан бөлшектердің қалауын тауып жазушы асқан шеберлікпен қиюластырып, бір бүтін нәрсе етіп шығарады. Міне, осыны шығарманың композициясы – құрылысы – деп атайды.

Көркем шығарманың құрылысы шығарманы жақсы не нашар шығарма деп баға беруде шешуші роль атқарады. Оқығанда бас алғызбай тартып әкететін оқиғаның қызықтығы, көсем серкедей, ерекше көзге түсетін образы – типі – ұнамды образдардың рух берерлік ерліктері, ұнамсыз образдардың жан түршіктіктіерлік жауыздықтары және өзекті өртерлік трагедиялық жайттардың шығармаларда табиғи заңдылықпен мүлтіксіз шебер қиюласуы – композицияның ісі. Егер ол болмаса, бір-бірімен байланыссыз оқиға да, әдемі пейзаж, портреттер де, үздік жасалған әдеби мінездер де оқушыларын қызықтыра алмаған болар еді. Ондай шығармалардың оқиға дамуларында композициялық бүтіндік жоқ, сондықтан көркемдік дәрежеге көтеріле алмаған әлсіз, құнсыз шығарма дер едік.

Сонымен қатар композиция, сюжет деген терминдердің мағыналарын аша түсетін бірнеше жайттарға тоқтала кетуге тура келеді.

Композиция (құрылыс) – көркем шығарманың барлық түріне бірдей қатысы бар ұғым. Ал сюжет тек оқиғалы шығармаларға ғана қолданылады.

Біз жоғарыда эпикалық шығармадағы оқиғалардың белгілі бір тәртіппен дамуы, кейіпкерлердің сол оқиғаны дамыту жолында алатын орны, атқаратын істері бір тұтас болып шығуы композицияға жатады десек, лирикалық шығармаларда оқиға жоқ. Сондықтан олар сюжетсіз шығармалардың тобына жатады. Бірақ лирикалық өлеңдердің де өзінше композициясы болады.

Лирикалық жанрға жататын өлеңдердің өзі сан алуан болса, олардың формалары да сондай болуы мүмкін. Демек, бұл лирикалық өлеңдердің композициялық ерекшеліктері саналады.

Әрине, көркем шығармалардың құрылысы тек түрге ғана байланысты мәселе емес, мазмұн, идеяға байланысты мәселе. Шығармаларда суреттелетін оқиғалар, олардың бөлшектерін, адамдардың іс-амалдарын жігін таптырмастай шебер қиюластыру жазушының дарындылығымен байланысты болса, қандай сюжет алу және оқиғаға қатысушылардың қайсысын қалай көрсету жазушының өмірге көзқарасы, шығарманың идеясымен байланысты. Бұл – тек сюжетті шығармаларға ғана емес, сюжетсіз лирикалық өлеңдерге де тән қасиет.

Портрет. Портрет – қатысушылардың кескінін, келбетін, пішінін, тұлғасын суреттеу. Мысалы, М.Әуезовтің “Шатқалаң” деген әңгімесінде Айшаның келбеті былай суреттелінеді:

“Айша ақырын күліп қояды. Бұл орта бойлы, толық етті, жұмыр, тұтас біткен қайратты әйел еді. Денесі – жұмысқа піскен, сом дене. Бұл пішіні де ерекшелеу келген, кесектеу пішілген қалпымен айрықша саналы, өзінше сұлу біткен пішін. Ақшыл сұрғылт бетінде күнге күйгендіктен араласқан жұқалау қызғылт бар. Әдемі қара көздері мейрімді, ойлы көз сияқты. Әсіресе, биіктеу келген, түзу біткен мұрны мұның дөңгелек жүзіне жарастығын, келісімін толықтырып тұрған тәрізді ...”

Осы үзіндінің өзінен-ақ Айшаның қандай адам екенін, оны автор қай жағынан алып көрсетпек екені мәлім. Айшаның сыртқы суретінің өзінен-ақ өте мейірімді, саналы, қарауға да көрікті және еңбекте шыныққан, қолынан іс келетін адам екендігі көрінеді.

. Жазушы Айшаның портретін бергенде, оқушылары оны ұнатқандай, оған сүйсінгендей етіп суреттеген.

Махамбет Исатайды:

Садағына Сары жебені салдырған,

Садағының кірісін,

Сары алтынға малдырған.

Тереңнен көзін ойдырған,

Сұр жебелі оғына,

Тауықтың жүнін қойдырған,

Маңдайын сары сусар бөрік басқан,

Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан, -деп, портретін осылай береді. Махамбеттің Исатай портретін бұлай жасауы да оның негізгі мақсатымен ұштасып жатыр. Исатай образы – ұнамды образ. Ендеше оның портретін де оқушы сүйсініп оқығандай, “па шіркін, өзі де жігіт екен!” дегендей етіп суреттейді. Сонымен қатар, ақынның өзі оны аса сүйгендігі де анық көрінеді.

Жазушы қаһарманның портретін кейде кең түрде бір жерде тоқтап суреттейді. Кейде қаһарманының амалын, басында болған күйініш-сүйінішін жазып отырып біртіндеп, портреттің әр бөлшегін әр жерде көрсету әдісімен жасайды. Портрет (французша *-portrait*) деген термин әдебиеттегі портрет пен живописьтегі портретті салыстыруды керек етеді. Шынында, әдебиетте адамның не басқа нәрсенің келбетіне кең тоқталып, суретін бұлжытпай қойған портреттер көп (мысалы, “Аттың сыны”, “Қыз сыны” - Абай). Бірақ әдебиеттегі портрет пен живописьтегі портреттің үлкен айырмасы бар.

Мінездеу. Жазушы шығармаға қатысушылардың сыртқы портретімен қатар ішкі портретін - мінезін, құлқын, наным-сенімін, дүниеге көзқарасын – суреттейді. Әдебиетте мұны мінездеу дейді.

Адам образын жасауда мінездеу айрықша орын алады. Өйткені әдеби образдың ерекше көзге түсуі де, мәңгілік есте қалуы да адам мінездерінің шебер жасалуымен байланысты. Сонымен қатар, шығармада әдеби мінез жеке адамға тән сипат етіп суреттелсе де, ол сандаған мінездердің жиынтығы және кейіпкердің өз ортасына тән, сол жағдайға лайықты, әбден екшеліп алынған мінездердің жиынтығы.

Қай жағынан болсын, өте әдемі, шебер жасалған мінездеудің классикалық тамаша үлгісі деп, Абайдың “Онегиннің сипаты” атты А.С.Пушкиннен аудармасын алуға болады.

Жасынан түсін билеп, сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе білдірмеген,
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген.

Кейде паң, кейде көңгіш орныменен,
Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен.
Кейде үндемей жүрсе де сөзге баяу,
От жалындай жауапкер құрбыменен.

Ғашықтық сөзге жүйрік, әсіресе,
Дем алысым, құмарым бір сен десе!
Жанын құрбан жолыңа еткен жансып,
Көз қарауы құбылар әлденеше.
Кейде ұялшақ, төменшік, кейде тіп-тік,
Қамыққансып, қайғырар орны келсе.

Жай ғана кісі болып түк білмеген,
Қалжыңын білдіртпейді қалай деген.
Жаның шошыр, өрлігі жаннан бөлек,
Кісіге балдан тәтті орны келген.

Өлеңді оқып шыққанда, Онегиннің мінез-құлқы түп-түгел көз алдында тұрады. Оның мінезінің сан алуан жағы бар. Ол кейде паң, кейде көңгіш, кейде өр, кейде ұялшақ, кейде жылы жүзді, сонымен қатар ол- түсін бермейтін, сырын ішіне берік сақтайтын адам.

М.О.Әуезовтың “Абай” романының бір жерінде Абай Байдалыға келіп, Байдалының Қаршығалы, Қопа деген қоныстарына «Сүгір мен Сүйіндік ауылдары қоса қонсын, бірге жайласын!» -деген Құнанбай бұйрығын айтады. Әр іске шапшаң, батыл айтып, батыл кірісетін Байдалының өзіне тән мінезін жазушы сөз арасында ғана көрсетіп өтеді.

«Байдалы кірпік қақпай, шұғыл ойланып үнсіз отырып, ақырында:

- Құп болсын! Қонсын Сүгір мен Сүйіндік, не деуші едім! – деді. Қайратты, шапшаң, ер адамның байлауы сияқты. Езбеді. Жақтырмаса да, күйіп отырса да, амалсыз байлауын бір-ақ кесіп, бір ақ түйді.

Адамның басында болатын күйініш- сүйінішті суреттеу. Адам баласы өмірде әр алуан жағдайға кездеседі. Оның қуанып, шаттанатын да, ренжитін, қайғыратын да кездері болады. Бұлардың бәрі де адамның ішкі сезім дүниесінде, рухани, жан жүйесінде болатын құбылыстар.

Адамның сезім дүниесінде болатын құбылыстарды суреттеуде ауыз әдебиетіндегі ең үлгілі саналатын психологиялық параллелизмге мысал үшін «Ер Тарғын» жырынан мына үзіндіні келтірелік:

Асыл туған Ақжүніс!
Көкті бұлт қоршайды.
Күнді байқай қарасам,
Күн жауарға ұқсайды.

Айды бұлт қоршайды.
Айды байқай қарасам,
Түн жауарға ұқсайды.
Көгілдірін еріткен

Көлдегі қулар шулайды.

Шулағанға қарасам,
Қол-аяғым көсіліп,
Аузы- мұрным ісініп,
Алланың хақ бұйрығы
Таянғанға ұқсайды.

Бұл – Тарғынның ауру азабынан, аштықтан әбден тарылып, өлуге таянған кездегі жан күйзелісін, ішкі сезім дүниесіндегі күйініштік халін суреттеу.

Адамның психологиясындағы өзгеріс, құбылыстарды суреттеуде қазақ әдебиетінің классигі Абайдың да сүйіп қолданғаны -осы тікелей суреттеу әдісі болды.

Қызарып, сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі,
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі – керегі.

Екі ғашық құмарлы
Бір жолдан қайта алмай,
Жолықса ол зарлы,
Сөз жөндеп айта алмай.

Аяңдап ақырын,
Жүрекпен алысып,
Сыбдырын, тықырын
Көңілмен танысып ...

Дем алыс ысынып,
Саусағы суынып,
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып.

Иығы тиісіп,
Тұмандап көздері,

Үндеспей сүйісіп
Мас болып өздері.

Жанында жапырақ,
Үстінде жұлдыз да.
Елжіреп қалтырап,
Жігіт пен ол қыз да.

Өзге ойдан тиылып,
Бірімен-бірі әуре,
Жүрекке құйылып,
Жан рахат бір сәуле.

Жүрегі елжіреп,
Буындар босанып,
Рахатпен әлсіреп,
Көзіне жас алып ...

Жүйрік тіл терең ой,
Сол күнде қайда едің?
Ғашыққа мойын қой,
Жеңілдің, жеңілдің.

Абайдың бұл өлеңінде аңсап қосылған шын ғашық екі жастың жан құмарлықтарын, жан рахат тәтті сүйістерін, бір қызарып бір бозарған бет, лүпілдеп соққан жүрек, ысынған дем, суынған саусақ, қысылған пішін, тұманданған көз, елжіреген жүрек, босаған буын, әлсіреген бой, көзге іріккен жас, қысқасы адамның сыртқы құбылыстарын суреттеу арқылы іштегі әр түрлі сезіну түйсіктерін дәл береді. Міне, осыны күйініш-сүйінішті тікелей суреттеу дейді.

Кейіпкердің тілі. Образ жасауда кейіпкердің тілі шешуші орын алады. Кейіпкерлердің сөздері монолог және диалог түрінде кездеседі. Монолог (грек сөзі *monos* – бір, *logos* – сөз) – бір адамның сөзі.

Шығармаларда қатысушы біреуге не көпшілікке қайырыла сөйлесе, басқалар оның сөзін бөлмей, тек тыңдаушы есебінде болса, ондай сөздерді монолог дейміз.

Диалог (*di* – екі, *logos* – сөз) – екі не бір неше адамдардың кезектесіп сөйлесулері.

Диалог – драмалық шығармалардың негізгі құралы. Драмалық шығармалар монолог пен диалогтан құрылады. Бұл жанрда адам образы – типі – шебер құрылған диалог, монологтар, соңғы кездерде негізінде диалогтар арқылы жасалады.

Диалог түрінде өлеңдер де жазылуы мүмкін (мысалы, А.С.Пушкиннің «Кітап сатушының ақынмен әңгімесі», Б.Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» өлеңі).

Біз жоғарыда мінездеу және оның жасалу жолдарына тоқталып, бірнеше мысалдар келтірдік. Әйтсе де қатысушылардың мінезін суреттеудің әдебиетте басқа да жоллары бар. Оның негізгісі – жанама мінездеу.

Жанама мінездеу – қатысушының өзін емес, оның айналасын суреттейді. Яғни қандай нәрсені жақсы көреді, қалай киінеді, оның үйіндегі заттарды т.б. Бірақ жазушы менің кейіпкерлерім мынаны ұнатады, ананы ұнатпайды, оның мынандай себептері бар деп түсіндіріп жатпайды. Ол туралы кейіпкерлер де сөз қатпайды. Тек барды бар күйінше ғана көрсетіп отырған тәрізді әсер қалдырады.

Мысалы, «Өлі жандардың» бір жерінде:

«Чичиков бөлменің ішін көзімен шолып өтіп: «Бөлмеңіз бір түрлі сүйкімді екен ғой», -деді. Дұрысында, бөлме сүйкімді емес еді, қабырғалары күкірт түстес, көк шулан бояумен сырланған; бөлмеде төрт орындық, бір кресло, стол, оның үстінде ортасынан бүктелген белгісі бар, жоғарыда айтылған кітап және бірнеше тарақ жазулы қағаз жатыр. Бірақ стол үстіндегі ең көп нәрсе темекі еді. Оның ішінде картузға салынғаны да, темекі дорбаға

салынғаны да, ең ақыры, столдың үстінде шошайтып жай үйе салғаны да, не керек, темекінің неше түрлері бар еді», - дейді.

Бұл үзіндіде Маниловтың өзі туралы бір ауыз сөз жоқ. Әңгіме оның бөлмесі, бөлменің сыры, ондағы заттар туралы. Жазушы Маниловтың өзі жайлы еш нәрсе айтпаса да, оған тікелей қатысы бар нәрселерді өз қалпында суреттеу арқылы оның қандай адам екенін аңғартады.

Көркем шығарманың құрылысын талдағанда, мақсат тек байланысын, дәлелдеуін, шарықтау шегі, шешуін немесе образдың жасалу жолдарын, пейзаж, баяндауларын танып, білу ғана емес, әрине, олар да керек. Бірақ негізгі мәселе солардың өзара қалай қиюласып, бір бүтін нәрсе болып, жігін байқатпауларының заңдылығын, жазушының шеберлігін ашу және бәрі жиналып шығарманың идеялық мазмұнын оқушыларға жеткізу үшін қолданылатындығын түсіну болу керек.

Көркем шығармадағы сюжет, портрет, қатысушы адамдардың сөздері, пейзаж, затты суреттеу тағы басқалардың бәрі бір-бірімен байланысты. Осылардың барлығы келіп бір бүтін нәрсе туғызады. Бұлардың барлығы да, автордың өмірді қалай түсініп, қалай тануына қарай, оның бір құбылысын суреттеу үшін пайдаланады. Автор көркем шығарманың барлық бөлімдерін алғанда, оларды қиюластырғанда, өзінің көздеген бағытына қарай бағыт сілтеп, оқушыға әсер ететін бір-бірімен байланысты, мақсатты сурет жасауға тырысады. Сол мақсатпен алады. Шығарманың түрлі бөлімдерін таңдап алып, оларды қиюластырып және байланыстыруын шығарманың композициясы дейді.

Көркем шығармаларда суреттеу мен баяндаудан басқа, автордың өз талқылауы үшін лирикалық шегіністер болуы мүмкін. Бұлардың қай-қайсысы болсын, шығарманың жалпы замысылымен байланысты болады деп біз жоғарыда айтқанбыз.

Қорытындымызда шығарманы тақырып жағынан және композиция жағынан қалай тексерудің үлгісін көрсетіп кетелік.

1. Шығармада қандай құбылыс, қай көлемде алынып суреттелген. Тереңірек алғанда шығарманың тақырыбы не, оның ішінен автордың ең бірінші орынға қоятыны не нәрсе?

2. Тақырып қай ретте (юмор, сатира т.б.) көрсетілген?

3. Образдар қандай топтарға бөлінеді, бұл топқа бөлудің идеялық мазмұны не?

4. Жеке образдар қалай суреттелген?

5. Ол образды суреттеу үшін қандай әдіс қолданған: портрет пе, мінездеу ме, күйініш- сүйінішін суреттеу ме, қатысушының сөзі арқылы ма, тағы басқа жолдар арқылы ма?

6. Шығармадағы оқиғаны қалай жалғастырады, оқиғаны бұлай дамытудың идеялық мазмұны не?

7. Оқиғаны баяндаудағы, бір-бірімен жалғастырудағы өзгешеліктер не?

8. Негізгі оқиғаның өсуін толықтыру үшін кіргізілген эпизод не эпизодтық қаһармандар бар ма, болса, олардың керектігі қандай?

9. Автор жазып келе жатып, басқа, сол оқиғаға тікелей қатысы жақ нәрсені суреттей ме, оның ерекшелігі қандай?

10. Пейзаж, оның оқиғадағы адамдармен, қатысушылармен байланысы және идеялық мазмұны?

11. Әңгіме кім арқылы айтылған, оның қандай мәні бар?

12. Оқиғаны айтып берудің түрі және мәні қандай?

Бұл арада шығарманың тақырыбы мен композиция құрылысын тексерудің негізгі, ең керекті жақтары ғана айтылады. Бірақ шығармадағы әр түрлі пункттердің қиюласу түрі әр басқа, өйткені шығармада түр мен мазмұнның авторға ең керекті жақтары әр түрлі болуы мүмкін.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР.

1. Композицияның сюжеттен өзгешелігі.

2. Композиция барлық жанрдағы шығармаларға тән дегенді қалай түсінесің?

3. Композиция элементтері, олардың өз ара қиюласуы қалай көрінеді, мысал келтір.
4. Сюжет пен композицияның өзара үйлесімі неден көрінеді ?
5. Өзің оқыған бір шығарманы композициялық тұрғыдан талда.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ.Жұмалиев. Әдебиет теориясы.
2. Д.Құранов. Адабиетшунослика кириш.
3. З.Қабдолов. Сөз өнері.
4. М.Атымов. Көркем шығарманың сюжеті мен композициясы.

лекция 11

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ТІЛІ. ПОЭТИКАЛЫҚ ТІЛ, КЕЙІПКЕР ТІЛІ.

Жоспар:

1. Тіл – көркем әдебиеттің материалы
2. Тіл байлығын үнемдеп, тиімді қолдану.
3. Сөздің көп мағыналылығы. Синоним, омоним, антоним, т.б.
4. Тілдің ажарлағыш, көркемдегіш қызметтері.
5. Фразеологизм мен архаизмдер, олардың көркем әдебиеттегі атқаратын ролі.

Тірек сөздер мен ұғымдар:

тілдік норма, тілдік қатынас, әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, кәсіби лексика, автор тілі, кейіпкер тілі, полисемиялық құбылыс, тура және ауыспалы мағына, фразалық тіркес.

Жазушының тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болуы керек. Бұл қалам иесіне қойылар бұлжымас талап. Тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ал халыққа қажет шығарма мазмұнды шығарма.

Жазушы өзінің сөздік қорын молықтыру үшін жалпы халықтық тілдің телегей- теңіз бай қазынасын, мүмкіндігінше, молырақ игеруі, оның қилы-қилы, қиын әрі қызық құбылыстарын түсінуі сөздің мағынасындағы ұланғайыр өзгерулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылулар мен құлпыруларды дәл аңғара білуі қажет. Сонда ғана жазушы әр сөзді таңдап талғап тауып, ойды анық, сезімді нәзік жеткізер тың және тартымды суреттер жасай алады. Мұның өзі жазушы тілінің үш түрлі ұтымдылығына – дәлдікке, ықшамдылыққа, сұлулыққа – негізделуі шарт.

Тіл байлығының қайнар көздері көп. Солардың бірі сөздердің көп мағыналылығы. Әр сөз жеке атау күйінде тұрып-ақ бірнеше мағынаға ие. Бұл сырды лингвистер сөздегі тура мағына және туынды мағына ретінде түсіндіреді де, «тура мағынадағы сөздер заттар мен құбылыстарға, сапа мен белгіге, іс-әрекетке тікелей бағытталып, туынды мағыналарға қарағанда айқын дара көрінетінін» дәлелдейді.

Полисемизм қаламгер үшін тек осы жағдайда қажет. Мысалға дүние деген бір ғана сөзді алайық та, осы сөзде қанша мағына бар екенін және оларды қаламгерлер қай ретте қалай қолданғанын сөздіктен қарап көрелік: «Дүние» (зат есім). 1. Ғалам, әлем, бүкіл жер жүзі. Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ, саған жар менен артық табылса да (Абай). 2. Өмір, тіршілік. Қазақ орта жасқа келген кісі, кішкене көзі жымыып, күлімсіреп тұрған сияқты – Айда, Иван, көтер, дүние екі айналып келмейді, - дейді (Майлин). 3. Мал, мүлік. Той болды жиязы артық, балуан сайыс, айдады күндік жерге жорға жарыс, шашуға тойға әкелген сан жетпейді, дүниені төгіп жатыр жақын, алыс Малдыбаев). Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз (Абай). 4. Өкінгенде бірдемені арман еткенде айтылады. Қапыда өткен дүние-ай, ақырында еш болды, ел үшін еткен еңбегім (Махамбет). 5. Дүние салды - өмірден өтті. Соны айтқанша Сарыбай талып қалды. Ышқынып бір-екі рет демін алды. Онан соң қайта сөзге келген де жоқ; сол жерде Сарыбай да дүние салды («Қозы-Көрпеш»). 6. Дүниеге келді – жас сәби туды. Арадан жарым сағаттай өткен соң дүниеге келген баланың даусы шыға қалды (Сыдықбеков). 7. Дүниеден өтті - өмір сүрмейді, өлді, қаза тапты.

Әр сөздің тура мағынасымен қабат бұрма мағынасы да бар. Кей сөздерді сол кері мағынаға көшіріп, орнымен ойната білу де әсем тәсіл. Мұндай жағдайда бұрма мағынада айтылған сөзге айрықша астар, ойға юморлық, кейде, тіпті, ирониялық сипат беріледі де, суреттеліп отырған шындықтың мазмұны тереңдей түседі.

Жаманнан туған жақсы бар,
Атасын айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда,
Жарамды бір теріге алғысыз.

(Махамбет)

Бұл өлеңде әр сөз (жаман-жаман, жақсы-жақсы дегендей) тура мағынасында қолданылып отыр. Демек, бұл арада оқшау астар да, оқыс бүкпе де жоқ. Ал мына сөзде ше?

-Менде де бар бір жаман,
Не қылайын қазақтың
Жүйрігі мен жорғасын.

(М.Әуезов.)

«Айман – Шолпан» пьесасының алғашқы нұсқасында автор Айманның аузына осындай сөз салатын. Әдемі ирония! Бұл арада жаман деген сөз тура мағынада емес, бұрма мағынада алынып отыр: Айманның жаман дегені Әлібек, ендеше оның ұғымында бұл сөз жақсының кез келгенінен артық, абзал. Сондай-ақ «Абай» романында автор Абай туралы Құнанбай аузына: «Одан да, не күтсеңдер, осы жаман қарадан күтсеңдерші», - деген сөз салады. Бұл арадағы жаман да астармен, жақсы атаулының бәрінен биік мағынада әдейі айтылып отыр.

Айтқысы келген сырын, танытқысы келген шындығын жан тебірентер әсерлі суретке айналдырып, қағаз бетіне көңілдегі қалпынан айнытпай түсіру ең қажетті бірден-бір сөз іздеп табу – шебер суреткердің қасиетті парызы. Оның дәл осы жағдайда сөз іздер атырабының бірі – синонимия (грекше *synonymos* - заттас) – айтылуы, естілуі әр түрлі болғанмен, мағынасы бір-

біріне жуық, мәні ұқсас сөздер. Мысалы: шапшаң, дереу, жедел, тез, жылдам; мезгіл, мерзім, мезет, уақыт, шақ, сәт, кез, кезең; айқас, шайқас, ұрыс, қағыс, қақтығыс, тартыс, төбелес, тайталас, кескілес т.б. Осылар секілді синоним сөздердің ішінен суреткер өз көкейіндегі сыр мен шындықты дір еткізіп дәл жеткізер ең қажеттісін ғана таңдап алады.

Мен кескекті ердің сойымын,
Кескілеспей бір басылман.
Алдыңа келіп тұрмын деп,
Ар, намысым қашырман ...
Байеке, сұлтан, ақсүйек.
Қыларың, болса, қылып қал,
Күндердің күні болғанда
Бас кесермін, жасырман!

(Махамбет)

Осы өлеңдегі синоним сөздердің әрқайсысы өз орнында, бәрін де ақын керемет талғаммен тауып, қолданған. Сондықтан олардың ешқайсысын ешбір мәндес сөзбен ауыстыруға болмайды. Кескілеспей басылман дегенді, мысалы, төбелеспей басылман десе, қандай күлкі болар еді? Кескекті ер дегендегі ұғым дәлділігі мен нұсқалылығын "айбарлы ер, айдынды ер дегендердің еш қайсысы бере алар ма? Қыларың болса, қылып қал дегендегі «ашу мен айбарды, кек пен ызаны» тек осы синоним тіркестері арқылы ғана дәл танытуға болады. Сондай-ақ «сой" дегенді түр деуге, басылманды – қойман, тоқтаман; бас кесермінді - өлтірермін, құртармын деуге тіпті де болмайды.

Бір емес, бірнеше синонимдердің, бірін-бірі үстемелей қабаттаса, қатар келуі арқылы жасалған сөз тіркесі (плеоназм) да көркем шығармада орнымен қолданылса, ой мен образға айрықша әсер, күш дарытады.

Орынды іске жүріп, ой таппаған,
Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған.
Қасиетті болмайды ондай жігіт,
Әншейін құр бекерге бұлғақтаған.

Абай

Қысқасы, синонимдер біздің сөзімізді байытады, айқындайды, түрлендіреді. Синонимиясыз әдеби тілдің сыртқы әрі немесе ішкі нәрі жайлы әңгіме қозғаудың қажеті жоқ.

Сөйлеу тілімізде синоним (заттас) сөздермен қатар омоним (грекше *homos*; *onima*- аттас) – айтылуы, естілуі бір болғанмен, мән-мағынасы әр тарап сөздер бар екені мәлім. Мысалы: қара, көр, ер, ор, сор, аң, нан, қан, таң, сан, мал, сал, т.б.

Бір сөзде бірнеше мағына болуы, әрне, байлық. Бірақ бұл байлықты аса сақтықпен, абайлап пайдаланған дұрыс. Өйткені омоним сөз орынды жерде тұрмаса, сол арадағы ұғымды бұлдыратып, көмескі, түсініксіз, кейде екі жақты мағына беруі мүмкін. Тегінде ой мен сөздің дәлдігіне зақым келген жағдайда олақтық бой көрсетеді. Ал олақ кісіні оңды қаламгер деу қиын. Сондықтан болса керек, Сұлтанмахмұттың «Қалқам, жаным, қарағым, бетіңе келмес қарағым» дегені секілді кекесін, сықақтарда, яки әншейін көңіл ашар ретіндегі әзіл, әжуаларда арнайы қолданылғаны болмаса, шын өнер иелері омонимдерді тым сарабдал талғайды.

Аттас сөздердің бір алуан ұнамды роль атқарар аренасы - өлең шығармалар. Кейде ақындар жекеленген омонимдерді әр тұста арнайы қайталап, өлеңнің ырғағын, ұйқасын құбылтып, әсерін күшейтеді.

Тағыдай таңдап су ішкен,
Тарпаңдай, тізесін бүгіп от жеген,
Тағы сынды жан едік,
Тағы келдік тар жерге,
Таңдансаң тағы болар ма?
(Махамбет.)

Тілдің кез келген құбылысы әдебиет үшін ізсіз өтіп, босқа кетіп көрген емес. Айталық антоним (грекше *anti* – қарсы, *onoma* - атау) – бір-біріне кереғар, қарама-қарсы мағынадағы сөздер. Мысалы: ақ – қара, алыс – жақын, бар – жоқ, өмір - өлім, алғыс-қарғыс, ерте-кеш, ескі- жаңа, ауыр-жеңіл, жүру-тұру, күлу-жылау т.б. Бір қарағанда, осылардың бәрі – таза лингвистік қана

нәрсе; мұндай антонимдік қарама-қарсылықтардың өнерге оның ішінде сөз өнеріне қатысы шамалы тәрізді. Шынында, солай ма? Жоқ олай емес.

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз жарым болмаса анда-санда.

(Абай)

Байқасақ, дос-дұшпан, алыс-жақын деген антонимдер әшейін сөз кезегінде тұрған жоқ, ақынның айтар ойына нық түйін, тұжырым, дәйек боп тұр.

Кейде-кейбір шығармалардың атының өзіндегі антонимдік қарама-қарсылық алыстан айғай салады: «Зұлымдық пен махаббат», «Соғыс және бейбітшілік», «Қызыл мен қара», «Өмір не өлім» т.б. осы орамдардың өзі де текке тұрып, босқа кетпейді: авторлар оқырманға шығарма мазмұнынан хабар беріп, шақырық жасау үшін дәл осылай әдейі дауыстайды.

Суреткердің сөз қорындағы бір «алтын сандық» - архаизм (грекше *archaios* –ежелгі, көне) – бүгінде ескіріп әдеттегі қолданудан шығып бара жатқан, әсіресе ауызекі сөйлесулерде көп айтыла бермейтін көне сөздер. Оларға лингвистер онша үлкен мән бермегенмен, әдебиетшілер енжар қарай алмайды. Өйткені лингвистер архаизмді әлдебір ғылыми мақсатпен ғана тексеріп өтсе, жазушылар олай етпейді, қолма-қол керекке жаратады, пайдаланады.

Әдебиет - әр халықтың көркем тарихы. Әдеби шығармаларда бүгінгі ғана емес, байырғы тарихи шындықтар да көркем жинақталуға тиіс, солай болып та келе жатыр. Қазіргі қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа жазылған шығармалар әр жанрда да бар және бірқыдыру. Міне, сол тарихи шығармалар туғызу әрекетінің үстінде суреткер архаизмді аттап та кете алмайды, орағытып та өте алмайды.

«Абай жолының» екінші томын ашып қарайық:

Таң алдында бір ғана сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді. Бірақ әлі талған жоқ. Әлі де кітап бетіне үнілуде... Парсы, түркі кітаптары бұны Шираздың гүлзарына әкетеді, Самарқандтың мазар, ғымараттарына қадалтады. Мәру, Мешһедтің миуалы, бұлбұлды бақтарына, салқын самал хауыздарына үнілтеді. Ұлы ақындар мекен еткен Ғырат, Ғазна, Бағдаттың сарайларына, медреселеріне, кітапханаларына тартады... Абайды бүгін өзіне үнілдірген – жаңағы елдер мен уәлаяттардың дәл бүгінгі көрінісі.

Осы үзіндідегі жекеленген гүлзар, мазар, ғымарат, хауыз, медресе, уәлаят сияқты сөздердің дәл бүгін жиі қолданылмайтынын айтып, бұларды архаизмге сайып жатудың қажеті аз-ақ шығар, бірақ жоғарғы үзіндідегі күллі ажар, көрік, уақыт пен кеңістікке сай шындық пен шынайылық жеке сөздердегі ғана емес, жалпы сөз тіркестеріне тән жаңа реңде жатқан жоқ, байырғы бағзы заманға лайық көне келбетте жатыр! Ендеше, тарихи шығарма сол бір өткен дәуірдің тарихи бітімін, болмысын ерекшелігін тартымды һәм нанымды көрсету үшін, қазір қанша тотыға тұрса да, мүмкіндігінше тек сол тұстағы тіл бояуын қалпына келтіруге міндетті. Мұнысыз бүгінгі оқырманға өткен тарихи дәуір тынысын таныту мүмкін емес.

Суреткердің сөз қорын молайтып, тілін байытар тағы да бір қайнар бұлақ – неологизм (грекше neos – жаңа, logos – сөз) – жалпы қоғамдық дамумен сабақтас тыңнан туған соны мағыналы сөздер. Бұл – толассыз болып отыратын құбылыс. Біздің дәуіріміздің ғылым мен техникадағы ұшан- теңіз жаңалықтары тілде бұрын болмаған жаңа атаулар әкеледі. Оларды әдебиетте де солай жаңаша атамасқа болмайды.

Жаңа сөздердің әр тілде оңай тұрақтап, жарасымды орын тебетін түрлері – сол тілде бұрыннан бар сөздер негізінде жасалған неологизмдер: *тілші, ұшқыш, екпінді, өндіріс, үгітші, тыңайтқыш, хатшы, үйірме, оқулық* т.б. Бұлар қазіргі қазақ тіліндегі қашаннан келе жатқан сөздермен жіксіз жалғасып, жақсы үйлесім табады.

Тіл халықтікі. Жазушы тілді халықтан үйренеді. Сөйте тұра жазушы халыққа тіл үйретуге де тиіс. М.Горький бір кезде жазушылар алдында тіл ұстартар тың сөздер туғызу міндеті де тұрғанын атап айтқанды. Бұл мәселеге

кезінде М.Әуезов айрықша мән берген болатын, қазір І.Жарылғапов бірқыдыру еңбек сіңіріп жүр. Оның *мороженое, шампанское, остановка* деген тәрізді сөздерді *балмұздақ, аққайнар, аялдама* деп аударуы немесе *басылу, оқушы, көруші* деген сөздердің өзін *басылым, оқырман, көрермен* деп жетілдіруі – сәтті әрекет.

Неологизмдердің бір алуаны интернационалдық сөздер және терминдер екені белгілі: *интернат, партия, капитан, эскадрон, маршал* т.б. Бұлар қазақ әдебиетінде сонау Абай тұсынан әсіресе Сәкен өлеңдерінен бері қарай орайлы жерінде қолданып келе жатыр.

Кейде кейбір тың сөз көрер көзге шет сөздермен шектесіп жатуы да мүмкін. Ал орынсыз қолданылған шет сөз – неологизм емес, варваризм.

Жаһилдер ғалым сөзін тыңдамаған,
Шарғига мықтап белін байламаған,
Бұбұлдар *фаруаз* етіп сайрар көлде,
Шығарар хапаларын бар көңілде.
Махрұм ете көрме раббым қадар,
Жат етіп әр уақытта жазам ғазал.

(Н.Наушабаев)

Осындағы жаһил (дінсіз), шарғи (дін), фаруаз (ұшу), махрұм (кұр), раббым қадар (күдіреті күшті құдай), ғазал (өлең) деген сөздердің қазақшасын алған қандай оңды болар еді, бірақ жарты ғасыр бұрын өткен Нұржан ақынға мұны айту, әрине, қиын.

Қазақстанның кейбір өлкелерінде ғана түсінікті жекеленген жергілікті сөздер де өзіне лайық қызмет атқаратыны даусыз. Оларға диалектизм (грекше *dialektos* – оқшау тіл) деп ат қойып, айдар тағу керек пе, жоқ па, ол екінші мәселе, бірақ әйтеуір, әдеби қаһарманның сөйлеу ерекшелігін танытып, мінезін даралау үшін, ол өмір сүрген ортадағы жергілікті сөздерді жазушы батыл пайдаланғаны жөн.

Біз жоғарыда термин сөздерді интернационалдық сөздермен қатар қойдық. Оның себебі бар: терминдер де, интернационалдық сөздер сияқты, әр тілдің ұлттық шекарасын оңай аттап, бар халыққа ортақ, түсінікті күйге түсе

алады. Жалғыз-ақ, термин сөздерде ұлттық бояу, ерекшелік болмаған соң ба, кім білсін, эмоциялық жылу, көңіл ұйытар әсер бола бермейді. Мағынасы нақты, тұрақты болғанмен, терминдер – бір түрлі қатқыл, ағаш, не темір секілді біраз салқындау сөздер. Сондықтан кейбір публицистикалық очерктерде болмаса, нағыз көркем шығармаларда жазушылар термин қолдану жағына тым сараң. Оның есесіне әдеби шығармаларда идиомалар (грекше *idioma* – айрықша, айшық) жиі ұшырайды.

Идиома терминге қарама-қарсы: терминдер бір тілден бір тілге оп-оңай көше салатын болса, идиомаларды өз тілінен өзге тілге аудару қиынның қиыны; кейде тіпті мүмкін емес. *Түйенің үлкені көпірден таяқ жейді* деген қазақ тіліндегі айрықша айшықты сөзді өзге тілге сөзбе-сөз аударса, күлкі болар еді ғой. Сондай-ақ орыстың *выеденного яйца не стоит* дегенін аудару да мағынасыздыққа апарар еді. Сондықтан да бір тілдегі идиоманың екінші тілден тек идиомалық баламасын іздеп табудан өзге аудару жолы жоқ.

Идиомаларды сөз зергерлері ретін тауып әр жанрда да қолданып келеді. Бұл ретте, М.Әуезовтың «Еңлік – Кебек» трагедиясындағы билер айтысы - әдеби қаһарман тіліндегі айрықша айшықтың асқан үлгісі.

Жаңа әдебиеттегі тіл көркемдігі мен сөз сұлулығы жасанды жалт-жұлтта, күлдібалам бояуда емес, сөздің табиғилығы мен қарапайымдылығында, нақтылығы мен тазалығында жатады.

Ең алдымен әр сөз тек өз орнында ғана тұруға тиіс. Сонда бір сөйлемдегі бірнеше сөз өзара бір-біріне сәуле түсіріседі де, әр сөздің бұрынғы мағынасына жаңадан тың мағына қосылып, бәрі бірігіп танытар шындық та су жаңа сұлу шыраймен мөлдірей қалады. Ал мағына тың, мазмұн мөлдір болса, оның оқырманға етер әсері де өзгеше.

Бұл арада әр сөзге ажар беріп, оның мағынасын толықтыратын ең қарапайым тәсіл – интонация (латынша *intonare* – дауыс ырғағы), яки әр сөздің айтылу мәнері. Мұның өзі көркем шығарманы оқығанда ғана емес, жазу үстінде де қатты ескеріледі. Әсіресе, жазушы кейіпкерлерді сөйлеткенде, оның әр сөзін көңіл күйіне лайық мәнерде айтқызып, оған өзі қалаған сыр ғана емес, сымбат та береді.

Әдеби тілге дауыс ырғағы емес-ау, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы да әжептәуір ажар бітіруге болады. Бұл тәсіл екі түрлі: *аллитерация* (латынша *ad-littera* – дыбыстас) бірыңғай дауыссыз дыбыстарды қайталау және ассонанс (французша *assonance* – үндес)-бірыңғай дауысты дыбыстарды қайталау. Бұлар поэзияда да, прозада да кездесіп отырады. Әрқайсысының үлгісі ретінде жеке-жеке мысал келтіріп жатпай-ақ, Қасым Аманжоловтың:

Ираншахқа мұның шақпа, Низами!

Біздің шақта гүл құшақта ,Низами!-деген екі жол өлеңін оқысақ, осында ылғи «ш» әрпін қайталайтын аллитерация да, «а» әрпін қайталайтын ассонанс та бар. Өлеңге аллитерация мен ассонанс дарытқан ажар мен әсер сондай, тіпті осы жолдарды қазақша түсінбейтін аудитория да бір сәт қызыға таңырқап тыңдап қалуы мүмкін.

Бұл тәсілдердің қай-қайсысын болса да орнымен, шебер қолдану өте-мөте қажет.

Айталық, айқындау яғни эпитет (грекше *epitheton* - қосымша) – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсеңді нақтылау қиын. Әрине, бұрын- соңды сан мәртебе қолданылып, бояуы оңған ығыр болған эпитеттерді қайталай берудің керегі жоқ.

Мыналар - әшейін «бос мақалдайтын бұрынғы ескі ақындар» емес, әрқашан «жаңалыққа Жаны құштар», дәл бүгінгі күндерімізді құлпырта жырлаған немесе жырлап жүрген жаңа, жас жүйріктер; эпитет жайлы жоғарыда айтқан пікірімізді дәлелдеу үшін өзгелер емес, осыларды оқып қарайық:

Көктемнің *балған* кезі еді,

Әнші құс көкте ағылған.

Жемнің де *жасыл* өзегі

Көгілдір мұнар жабылған.

(С.Жиенбаев)

Мың сәуле бар: кел- кел деп, шақыратын,

*Бір сәуле бар қасымда отыратын,
Мың кітап бар ешқашан оқылмайтын
Бір кітап бар күн сайын оқылатын.*

(Т.Молдағалиев)

*Бейбіт күннің өзі күрес мылтықсыз,
Онда да жұрт жатады атып мүлтіксіз.*

(Қ.Мырзалиев.)

*Тентек үн кетіп еді дауылдап бір,-
Аңқиып әр жерде бір ауыз қапты.*

(Ж.Нәжімеденов.)

*Мен бүгін сонау көгілдір күнге сағынып ұшып барамын,
Бірге қақ қанат қасымнан қалмай, сағынып көрген, қарағым,
Жалғасын сен айт бұл асқақ әннің, жабылып кетсем егер мен
Ғұлама жылдар судырлатқанда парағын.*

(Т.Айбергенов.)

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішіні ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеу (орысша- сравнение). Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді. Сонда бұлар туралы оқырман түсінігі айқындалу үстіне тереңдейді де, өнер туындысының эстетикалық әсері күшейе түседі.

*Қайыңдар күмістің сом бақанындай,
Жиі терек әскердің қатарындай,
Бұтақтар жапырағы сылдыраған,
Өзбектің батсайы шапанындай.*

(С.Мұқанов)

Шұғыла шалған кешкі бұлттай,

Толқын шашта оттар ойнап,
Өрт топанын кешіп *Нұхтай*
Жалғыз өзі тұрды бойлап;
Тұрды ұқсап, тұрды кейде
От ұстаған Прометейге.

(Қ.Аманжолов)

Шашылып Алатаудың ұршығындай,
Шабыттың шырқап биік *ыршуындай*,
Шолып тұр шартарапты Абай шыңы,
Шытырман жақпар-жақпар *жыр шыңындай*

(Ж.Молдағалиев.)

Шілдеде қандай момақан,
Толқының майда *мақпалдай*.
Бір неше жұмсақ алақан,
Көтеріп бара жатқандай...

(Ғ.Қайырбеков.)

Қай теңеуді алмайық, суреттеліп отырған нәрсені не құбылысты тура біздің көз алдымызға әкеліп, олар туралы дәл, нақты ұғым қалыптастырады. Бұл ретте теңеу белгісіз затты белгілі затқа айналдырып, шығармадағы авторлық идеяға қолма-қол көркемдік шешім тауып тұрғандай.

Айқындау сияқты, теңеудің де құны сонылығында, ойламаған жерден өзгеше өрнектер жасап, құлпырып, ойнап тұруында, орнымен қолданылуында жатады. Кезінде осы талап тұрғысынан жасалған-ды, Тайыр ақынның:

Желектей желпіп желінді,
Желқомдай жырттым жерінді,
Түбіттей түтіп бұлтыңды,
Таспадай тілдім толқынды,
Бағынбай енді нең қалды? –

деген отты жолдарындағы келісті, кенен теңеулер әлі күнге дейін қасиетін жояр түрі жоқ.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР.

1. «Тіл әдебиеттің негізгі материалы» дегенді қалай түсінесің?
2. Жазушы тілі және ауызекі сөйлеу тілі;
3. Сөздің тура және ауыспалы мағынада қолданылуына мысал келтір.
4. Автор тілі мен кейіпкер тілі деген не, айырмашылығын көрсет.

ӘДЕБИЕТТЕР.

1. З.Қабдолов. Сөз өнері.
2. Д.Қуранов. Адабиетшуносликка кириш.
3. Жазушы және шеберлік (жинақ).

лекция 12

ТІЛДЕГІ КӨРКЕМДЕГІШ ҚҰРАЛДАР ТРОПТАР, ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ.

Жоспар:

1. Троп – сөзді құбылтып яғни тура мағынада емес бұрма мағынада қолдану
2. Троптың түрлері
 - а) метафора
 - ә) Метонимия
 - б) кейіптеу
 - в) аллегория
 - г) символ (астарлы)
 - д) мегзеу (синекдоха)
 - е) гипербола (әсірелеу), градация
 - ё) литота
3. Троп түрлерінің ара қатынасы мен байланысы.

Тірек сөздер мен ұғымдар троп, бұрма, құбылту, ажарлау, метафоралық қолданыс, метонимиялық қолданыстар, олицетворение –кейіптеу, аллегория, перделеу, градациялық қолданыс.

Әдеби тілді ажарлау аз, құбылту керек. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де орасан қажет тәсіл-құбылту, яки троп (гр. tropos – иін, иірім) – сөздерді тура мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті айналдырып айту. Бұл ретте әдеби тілді ажарлау оны құбылтудың алғашқы кезеңі – ең қарапайым түрі деуге болар еді.

Задында, суреткер қолындағы бояу секілді, иінін тауып (қолындағы сөз суретші) мың құбылтуға болады. Құбылған сөз әсерлілік үстіне адам баласының танымын байытпақ; бір сөз бір –ақ нәрсені танытса, оны түрлендіре құбылту арқылы тірішіліктің сан алуан сырын тануға болады. Демек, троптың ең басты мәні таным тарапында жатыр.

Құбылтудың (троптың) түрлері көп. Әдеби тілдегі ең басты құбылтулардың бірі –ауыстыру, яки метафора (грекше metaphora – көшіру) – сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеп отырған затты не құбылысты айқындау, ажарландыра түсу үшін оларды өзлеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.

Гималай - көктің кіндігі,
Гималай – жердің түңдігі

(І.Жансүгіров)

Бұл мысалдағы метафора Гималайды біресе көктің кіндігіне, біресе жердің түңдігіне балап, әншейін бір жер атын қолма-қол заттандырып, тауға көл-көсір мағына беріп отыр.

Жоғарыда біз бір сөздің ретінде ауыстырудың ұлғайған, күрделі бір түрі болатынын атап өткенбіз. Күрделі метафора жасаудағы мақсат та - сөзді құбылту арқылы ұғымды тереңдету; ой образын үстелемей, өсіре келе оның әсерін күшейту.

Мен – тауда ойнаған қарт марал,
Табаным тасқа тиер деп,
Сақсынып шыққан қиядан,

Мен бір шарға ұстаған -
Қара балта едім,
Шабуыл таппай кетілдім,
Қайрасаң тағы жетілдім,

Ақын өзін маралға баласа, маралдың күллі қасиетін, балтаға баласа, балтаның барлық ерекшелігін еселей, төкпектетіп айту арқылы өлеңге де айрықша екпін, қайсар күш дарытып, оқырманды отты сөз, өр мінезбен билеп, баурап әкетеді.

Ауыстыру жеке сөздерде немесе сөйлем ішінде ғана ұлғаюмен тынбай, кейде бүкіл шығарманың өн бойындағы бейнелеу тәсіліне де көшуі мүмкін. Шығармадағы жансыз заттың, табиғат құбылысы кәдімгі тірі кісінің қылығымен ауыстырыла суреттеледі. Құбылтудың (троп) мұндай түрі – кейіптеу. (гр. *prosopopeia*, орысша олицетворение).

Абайдың Лермонтовтан аударған “Теректің сыйы” деген өлеңіндегі бейнелеу тәсілі – түп-түгел кейіптеу; асау Теректің долдануы, буырқануы, бұйра толқынның айдаһардай бүктетілуі, Кавказдан азан-қазан, у-шу арқырап шыға бере, қалың қайратын бойына жасырып, беті күле момынси қалуы – бәрі де өзен емес, адам мінезіне ұқсайды.

-Аптығып асау інің келді, ақсақал!

Тау, тасқа, адамзатқа салып жанжал.

Дем алайын деп келдім, аш қойныңды,

Сәлем- сауқат әкелдім, қош көріп ал, -деп адамша саудырап сөйлеп тұрады.

Кейіптеу ертегілер мен аңыз әңгімелерде жиі қолданылатын тәсіл. Ал мысал өлеңдердегі құбылту, көбіне пернелеу яки аллегория (гр. *allegoria* – пернелеп айту) түрінде келеді. Мұнда жай ұғым қалпында тұрған дерексіз нәрселер кәдімгідей көзге көрінер деректі нәрсеге ауыстырылады. Айталық, қулық, зорлық, қастық секілді жалпылама ұғымдарды дәл осы қалпында түсінуге болғанымен, көзбен көру қиын. Осыларды Сәбит Дөнентаев өзінің “Ауырған арыстан” деген аллегориялы өлеңінде қолға ұстатқандай нақты,

деректі нәрселерге көшіреді. Бұл өлеңде қулық – Түлкі, зорлық – Арыстан, қастық – Қасқыр бейнелеріне көшіріліп, пернеленіп көрсетілген.

Троптың бір түрі – астарлау, яки символ (гр. symbolon – шартты белгі) – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды анықта ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру. Астарлы шығарманың идеясы жалаң көрінбейді, автордың ой-толғаныстары арқылы көңіл ұйытып, көкірекке терең ұялайды. Пушкиннің “Анчары” мен Лермонтовтың “Желкені”, Тютчевтің “Фонтаны” мен Блоктың “Әдемі әйел жайлы жыры” - әлгі айтқанымыздай сұлу сыр мен сезімге толы астарлы өлеңдер.

Отырмын теңіз бойында,
Ойнайды дауыл ойымда,
Соғады толқын шың, жарды,
Шертеді көңлім мұңлы әнді.
Достарым қандай көп еді.

(Ә.Тәжібаев)

Троптың бір түрі – алмастыру, яки метонимия (гр. metonymia – қайтадан атау) -өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың өзара байланысты ұғымдар мен шартты сөздердің бірінің орнына бірін қолдану. Мұның да әдеби тілде атқарар қызметі әжептәуір: кейде ой ықшамдығы үшін, кейде образ нұсқалылығы үшін көп сөз жұмсап, оның бейшара мүшкіл қалпын қазбалаудың қажеті жоқ, иығындағы өрім-өрім жаман жамылғысын әншейін атап өтсең жетіп жатыр. Осынау жаман жамылғы секілді әр нәрсенің бар болмысын бір- ақ танытар шағын деталь - метонимия.

Үйі мәз боп қой сойды,
Сүйіншіге шапқанға

(Абай)

Болыстың семьясын, туған- туысқанын түгел тізіп жатқан Абай жоқ, бәрін үйі деген бір ғана сөзбен алмастырады. Әрине, мәз болған үйі емес, үй ішіндегі адамдар екені өзінен-өзі түсінікті.

Мамасы, босат, еркімен өссін тал шыбық,

Ауа мен күнге, ай менен нұрға малшынып,
Бұлқынып жатыр, ұмтылып жатыр, қарашы,
Кішкентай жүрек көрсетіп жатыр қарсылық

(М.Мақатаев)

Ақынның тал шыбығы да, кішкентай жүрегі де - өзінің сәби бөбегі; ұғым метонимия тәсілімен шартты түрде әдемі өзгертілген. Кішкене жүрек, бір жағынан, мегзеу, яки синекдоха (гр. *synekdocha* – арақатынасын ашу) тәсіліне де көшіп тұр. Мегзеу – алмастырудың бір түрі –бүтіннің орнына бөлшекті немесе керісінше, жалпының орнына жалқыны немесе керісінше қолдану.

Дуғай сәлем жазамын Күйісбайға,
Бермек болған айғырдын көзі қайда?
Көзді көрсең-бересің, тайсаң-танып,
Алдамшы атанғанның несі пайда?

Екі көз де -әр нәрсенің өзі. Жай бүтіннің орнына бөлшек алынып отыр.

-Әй, сақал! Бұл арадан Плюшкинге қалай баруға болады? (Гоголь)

Синекдоха арқылы адамның орнына сақалы ғана алынған.

Троптың бір түрі – кекесін, яки ирония (гр. *eironia* -келемеждеу); тағы бір түрі –мысқыл, яки сарказм (гр *sarkasmos* – масқаралау)

-Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші, есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де, билей бер!

Сырттай қарағанда, құмырсқа шегірткенің ала жаздай ән салып, көгалды қуып гөлайттап кеткенін қитықсыз қабылдап, түсініп, өлеңші, әнші, есіл ерді кәдімгідей мүсіркеп тұрған секілді. Ал енді осы “мүсіркеудің” астарына үңілсек, мырс-мырс күлкі, келеке тұрғанын көреміз. Иронияда, міне, осындай бүркеншік сын, сырты тәп-тәтті болғанмен, іші ап-ащы әжуа жатады; ирония әдеби тілдің түрі мен сырын осылай құбылтады.

Троптың бір түрі –ұлғайту, яки гипербола (гр. *hyperbole* –үлкейтілген, қомақты); тағы бір түрі – кішірейту яки литота (гр. *litotes* – қарапайым,

қораш) Бұлар да суреткердің тілі мен стиліне бірсыпыра бояу қосады, сөздегі суретті түрлендіреді, өзгеше өрнектер төгеді, сөйтіп көркем шығарманың оқырманға әсерін арттыра түседі.

Жоғарғы ерні көк тіреп,

Төменгі ерні жер тіреп.

Жермен көктің арасы түп-түгел ауызға айналып кеткендей. Ал литота гиперболаға керісінше шамадан тыс ұлғайтылған құбылысты құлдырата көрсетеді.

От орнындай тұяқтан,

Оймақтайы қалыпты,

Етектейін еріннен,

Екі елісі қалыпты.

Бұл мысалдарға қарағанда, ұлғайту мен кішірейту тәсілдері ауыз әдебиетінде, әсіресе, батырлар жырында көп қолданылады.

Ұлғайту мен кішірейту тәсілдері жазба әдебиетте де, поэзияда, көсем сөздерде (публицистикада), комедиялық шығармаларда қолданылады. Бұл ретте, Т.Жароковтың “Күн тіл қаттысындағы”

Қарыңды қағып су қылдым,

Суыңды сілкіп бу қылдым,

Түніңнен таң атқыздым.

Жеріме жұлдыз жаққыздым.-

деген тұсты кезінде профессор Жұмалиевтің гипербола деуі өте орынды.

Бір ескеретін нәрсе – ұлғайту мен кішірейту, я болмаса әсірелеу тәсілдерін қолданғанда аса сақтық, шеберлік керек; бұларды олақ қолдану не болмаса бұлармен орынсыз әуестену жайдақтыққа, жасандылыққа апарады.

Қысқасы, көркем сөзді ажарлап қана қоймай, оны мазмұн жағынан да пішін жағынан да құбылта құлпыртып, әрқашан “тілге жеңіл, жүрекке жылы тигізудің” тәсілдері көптен-көп; жоғарыда солардың кейбіреулерін ғана атап өткен едік. Айта берсек, тіпті табу (полинезейше *tarm*-бәрін белгімен білдіру); перифраз (грекше *periphraso*-қайта айтып беру) эвфемизм (грекше *euphraso* сыпайылап сөйлеу) тағы да басқа осылар тәрізді ауыстыру амалдарының да

бірқыдыру тіл құбылтар мүмкіндіктері бар және бұл тәсілдер реті келгенде кейбір әдеби шығармаларда қолданылған, қоланылып та жүр. Ығысын тауып, ыңғайымен қолданылған жағдайда перифраз бен эвфемизмдер көптеген әп-әсем роль атқарады.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Тропка тән өзгешеліктер қандай?
2. Ажарлану мен құбылтудың арақатынасы мен байланысы.
3. Абай өлеңдерінен метафораға мысал тап!
4. Батырлар жырынан метонимияға, гипербола мен литотаға мысалдар тауып жаз.
5. Кейіптеу қалай беріледі, өлеңдерден нақты мысалдар келтір.

ӘДЕБИЕТТЕР.

1. Қ.Жұмалиев. Әдебиет теориясы.
2. Д.Құранов. Адабиетшүносликка кириш.
3. Т.Бабаев Адабиетшүнослик асослари.
4. З.Қабдолов . Сөз өнері.

лекция 13

ФИГУРА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Жоспар:

1. Фигура тілдің ажарлағыш құралы.
2. Фигураның анықтамасы
3. Фигураның түрлері және олардың ойды жеткізудегі қызметтері.
 - а. Арнау, оның түрлері
 - ә. Қайталау
 - б. Шендестіру
 - в. Дамыту
 - г. инверсия
 - д. эллипсис
4. Эпитет пен теңеу, олардың ерекшеліктері.

Тірек сөздер мен ұғымдар:

Тілдің көркемдік элементтері, көркем тіл, ауызекі сөйлеу тілі, көркем тілдің образдылығы, эмоционалдык, экспрессивтік қызмет, фигуралар, көркемдеу құралдарының түрлері.

Әдеби тілді ажарлау, құбылтумен қатар керек жағдайда айшықтай білген жөн. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де әжептәуір қажет тәсіл-айшықтау, яки фигура (лат. *figura* – бейне, келбет) – сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптан гөрі өзгешелеу ораммен, айрықша айшықпен құру. Мұндағы мақсат біреу-ақ –сөздерге ерекше леп, екпін тыныс беру, сөйтіп олардың оқырманға әсерін күшейту.

Фигураның түрлері көп, біз солардың бірнешеуін ғана үлгі ретінде ұсынамыз.

Айталық, арнау – жазушының көбіне-көп ақынның өзіне не өзгеге, кейде тіпті жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайырыла сөйлеуі, олармен іштей кеңесуі. Арнауды профессор Қ.Жұмалиев үш түрге бөледі. Жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Бұл – жарлай арнаудың үлгісі: ақын жеке адамға емес, жалпы жұртқа қайырыла сөйлеп, олармен жария кеңескен.

- Шырағым-ау, шашың неге ағарды?
Әлде біреу кемітті ме бағанды?
Сенің қара тұлымыңнан сипаған,
Сарғайдың ба, ойлап мендей ағанды.

Бұлар – сұрай арнау үлгілері. Ақын өз ойын өзгеге арнап сан-сала сауал арқылы айтып жеткізеді, өзі сол сауалдарға жауап күтеді. Бұл бір. Енді мына өлеңді оқып көріңіз:

Желкілдеп жалау қолында,
Өн шырқаған шыңнан кім,
Маршын ойнап бақытты,
Шыңнан дыбыс ұрған кім?

Бұлар сұрау – арнау үлгілері; бірақ мұндағы өзгешелік – арнауда қойылған сұрақтарға автор жауап күтпейді, өйткені олар ешқандай жауапсыз-ақ түсінікті, арнаудың өн бойында өзінен-өзі анықталып жатыр. Сұрай арнаудың мұндай түрлерін шешендік, яки риторикалық (гр.rhetor - ділмар) айшық деп атайды.

Әуелгі бас қосқаным Жалғабайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды,
Өлгені Төлегеннің рас болса,
Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды?!

Бұл – Жібектің зары, зарлай арнау үлгісі.

Фигураның бір түрі- қайталау сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәртебе қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу. Қайталаудың бірнеше түрлері бар:

1. Жай қайталау.
2. Еспе қайталау.
3. Әдепкі қайталау, анафораның (гр. anaphora –биікке шығару) үлгісі.
4. Кезекті қайталау, яки эпифораның (гр.epiphora – соңынан алып жүру) үлгісі.

Жанғанда табынатын тәңірім – табым,
Табы жоқтың, тәңірі жоқ, күні жарым,
Табым десем, бұлақтай таудан аққан,
Өн бойымды шымырлап, билейді ағын.

Бұл жай қайталау үлгісі.

Ұйқыдан соң-

Жапырақпын

Ұйқыдан соң-

Кұспын

Ұзақ ұшып, көліне кеп дем алған.

(С.Мәуленов)

Бұл - әдепкі қайталаудың, яки анафораның үлгісі. Мұнда өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады.

Фигураның бір түрі- шендестіру, яки антитеза (гр. *anitbesis* –қарама-қарсылық) – бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр-түсі әр бөлек нәрселерді өз-ара бетпе-бет қою арқылы, бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін анықтау. аңғарту, елестету.

Мысал үшін “Ер Торғын” жырындағы Ақжүністің Қартқожаққа:

Қара жерге қар жауар,

Қарды көр де, етім көр.

Қар үстіне қан тамар,

Қанды көрде бетім көр,- дегені.

Фигураның бір түрі – дамыту, градация (лат. *gradation* – бірден-бірге күшейте беру) – алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра асқақтата түсу. Мұның да жұртқа мәлім мынадай үлгілері бар.

Қиқу салып құзға ұшқан,

Құздан суық мұзға ұшқан,

Мұздан биік бұлтқа ұшқан,

Бұлттан биік көкке ұшқан,

Қарулы қыран кім еді?

(Т.Жароков)

Қазақ поэзиясында қолданылу сипаттарына қарап градацияны, шартты түрде, профессор Е.Ысмайыловтың үлгісімен екіге бөлуге болар еді.

Бірі – түйдектеу:

Адам ол – қайғырымпаз, қуанымпаз,
Жиіркенімпаз, сүйімпаз, уанымпаз,
Дариядай жарқымпаз, жаттампаз,
Керкетімпаз, тасымпаз, суалымпаз.

(С.Мұқанов)

Екіншісі – баяулату:

Әм жабықтым, әм жалықтым,
Сүйеу болар қай жігіт,
Көңілден кеткен соң тыйым,
Әм сүйіндім, әм түңілдім,
Үнемі кеткен үміт,
Өткен соң бар жақсы жылым?

(Лермонтов - Абай)

Жалаң түр қуаламай, әр иіні мен иіріміне парасатты сыр ұялата, құр босқа алабұртпай, терең һәм кең тыныспен тебіріне білсе, -дамыту – аса әсерлі, адам жанын баурағыш нәрсе. Өйткені оның әр бұрылысында адамның әрі аяулы, әрі асқақ сезімі жатады.

Фигураның бір түрі – сөз орнын ауыстыру, яки инверсия (лат. *inversio* орын өзгерту, төнкеру) прозалық, әсіресе поэзиялық шығармаларда сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс орындарын ауыстырып, өзгеше тіркестер құру.

Қазақ жазушыларының ішінде инверсияға көбірек бой ұратын – Ғабиден Мұстафин. Оның романдарынан жиі ұшырайтын ауыспалы тіркестерге оқырман көзі о баста біраз тосырқай қарағанмен, кейін үйреніп кетті. Мысал келтірейік:

Сапардың Аманы ... шаңқан боздың басынан аса секіретей, ерінен көтеріліп, ұмтыла береді алға. Жаныңнан безгенің келе бер дегендей,

етпетінен түсіп, көзінен от шаша күрілдеп жатыр көкжал. Қайтып тұра алған жоқ, тал шоқпар жүйелете тиді шекеге. (“Дауылдан кейін.”)

Фигураның бір түрі –сөз тастап кету, яки эллипсис (гр.ellipse түсіріп тастау, аттап айту) сөйлем ішінде немесе өлең шумағында атап айтпаса да түсінікті кейбір сөздерді әдейі жазбай тастап кету

Ақ көбігің ... ақ жүзің,
Айнама еді бір қарар,
Өткізген түнім ... күндізім...
Тербетер мені, ой салар.

(Ж.Сайн)

Эллипсис кейде эвфемизмнің орнына да қолданылады: кейбір былапыт сөздерді бүкпелей, жұмсартып жатпай-ақ, тастап кетсе де түсінуге болады:

-Шап, әкеңнің... -дедім мен оған ақырып. Эллипсис кейде адамның ішкі халін, қиын сезімдері мен ұғымдарын, шытырман психологиялық иірімдерін аңғарту үшін жұмсалады.

Фигураның тағы бір түрі – егіздеу яки параллелизм (гр. parallelos – қатар жүру, қанаттасу) –екі ұдай нәрсені құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу.

Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта,
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.

Ақын жаздағы жаңбыр мен адамның көз жасын қатар суреттей келіп, екі түрлі шындықты танытады да шынайы философиялық түйін шығарады.

Эпитет те, теңеу де алдымен өмір құбылысын сурет арқылы көрсететін көркем сөздер саналады және әдеби шығармаларда мейлінше жиі кездеседі. Сондықтан олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталуға тура келеді.

Эпитет (грекше epitheton- қосымша) адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін көрсету, олардың бейнесін оқушылардың көз алдына елестету, ой қиялына әсер ету үшін қолданылатын көркем сөздердің бір түрі .

Мысалы:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.

(Абай)

Ала тау қаусырма өркеш шөгіп жатты,
Алабын ақ шудамен бүркеп жауып,
Арда өскен асау аңдар аясында,
Асыр сап ойнап жатты ауық-ауық.

(Әбділда)

Бұл келтірілген үзінділердегі курсивпен басылған сөздердің бәрі де эпитетке жатады.

Эпитетті қолданғанда, жазушылар жай қолдана салмайды. Белгілі мақсатпен қолданады. Жазушының қолданған эпитеттері суреттеген нәрсесіне өзінің қатынасын көрсетеді. Біз келтірген мысалдағы ақындардың қолданып отырған эпитеттері таптық мүдделерімен байланысты. Жалпақ жауырын, жуан батыр, жұп-жұмыр жұмысшының білегі бар дегенде мұндағы эпитеттер, ойланбай алына салған нәрсе емес.

Дүниені қайта жасаушы, алып күш жұмысшылардың кім және қандай адам екенін, оның еңбек пен теорияны қатар ұстай алатындығын көрсету үшін, оларды басқаларға үлгі ету үшін қолданылып отыр.

Эпитеттің және бір түрі- тұрақты эпитет. Тұрақты эпитет деп көпшілігіне сол нәрсеге тұрақталып, бекілген эпитеттерді айтады.

Мысалы:

Қызыл ту, қызыл әскер, шұбар төс. Бұл өлеңдер де де кездеседі.

Мысалы:

Мүйіз қара жұдырық,
Тоқпақтай болып жұмылып,
Бұлтылдаған бұлшық ет
Денеде бұлт-бұлт жүгіріп.

Осы келтірген үзінділердегі курсивпен басылған эпитеттер, көбіне сол сөздерге қосақталып айтылады. Мысалы: жұдырықтың алдындағы мүйіз жебенің алдындағы қызыл сырлы, сұр т.б.

Батырлар жырында «жебе» деген алдында көбінде екі эпитет жүреді. Осы екеуі тұрақталып бекілген.

Жебе деген сөзді қай жерде қолданса да, не қызыл сырлы, не сұр жебе деп келеді.

Жазушы бір нәрсені көркемдеп суреттеу үшін ол нәрсенің өзгешелік белгілерін көрсетпей-ақ оны екінші нәрсемен салыстырса теңеу деп атайды.

Теңеудің өзіне тән ерекшелігі – белгісіз нәрсені белгілі нәрсеге салыстыру арқылы көзге елестету.

Мысалы:

Дауылпаз
Нажағайдай жарқылдайды,
Оқтай зымырап, бұлтқа енеді.

Осы келтірген үзінділердегі нажағайдай, оқтай деген теңеу арқылы біз белгісіз дауылпаздың қимылын көзімізге елестетеміз.

Теңеулердің көпшілігі зат есімге, есімше етістікке жалғанған –*тай (-тей)*, –*дай (-дей)*, –*ша (-ше)*, және –*дайын (-дейін)* жұрнақтары арқылы жасалады.

Бұлардың әрқайсысына жеке-жеке мысалдар келтірелік:

Оның сөзі көкте жанған жұлдыздай,
Оның сөзі – желден жедел найзағай
Оның сөзі – күндей күліп, жарқырап,
Сақталады жүрегімде ол ұдай.

(Жамбыл)

Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күңгірт тартып және оттай жанған,

(Абай)

Бұл келтірген мысалдардан екі нәрсенің (теңейтін нәрсемен теңелетін нәрсенің) сыртқы ұқсастығы болатындықтан теңелетіні көрінеді. Бірақ бұл - әңгіменің тек қана сыртқы жағы. Шынында теңейтін зат пен теңелетін заттың

несептен, не үшін теңелгенін тереңірек ,қарасақ оның түпкі қазығы басқаша болып шығады.

Әр таптың жазушысы, эпитет сықылды, теңеуді де өзінің дүние тануына, таптық тілегіне сәйкес етіп, оқушыға өзінің әсерін тигізу мақсатымен қолданады.

Мысал үшін Тайырдың “Өмір сөйлейді”сінен мына бір үзініні келтірейік:

Күш тілейді соңмалды мүліктерім,

Тоздарда толдан өскен түліктерім,

Қойлардай айыр тұяқ қаламымды,

Сондықтан маңыратып жүгірткенім, -дейді.

Мұндағы қойлардай айыр тұяқ деген теңеу – жаңа теңеу.

Теңеудің ішінде болымсыз теңеу дейтіні болады. Бұнда бір затты екінші затқа теңегенде болымсыз мағана шығарады. Мысалы: Ол онша әдемі жігіт емес. Дегенмен бір көруге сиықсыз адам сықылды да емес. Денелі томардай жуан да емес. Тал шыбықтай жіңішке де емес т.б.

Өмірдің әр түрлі жақтарын суреттеу үшін эпитет, теңеулер жазушыға тіл құрамының негізгісінің бірі боп саналады. Пушкин, Горький, Абай, Сәкен сықылды үлкен суретші, ірі ақындардың еңбектерінде эпитет, теңеулер көп кездеседі.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Фигураның анықтамасы, оның троптан өзгешелік жақтары.
2. Ажарлағыш құралдарды тиімді пайдалану қалай жүзеге асады.
3. Өзің оқыған поэзиялық туындылардан фигураларды тауып, оларды түр-түрге ажыратып бол.
4. Абай поэзиясынан эпитет пен теңеулерді тап.
5. Эпитеттің түрлерін атаң, мысалдар келтір.
6. Теңеудің жасалу жолдарын анықтап бер.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ.Жұмалиев. Әдебиет теориясы.
2. З.Қабдолов. Сөз өнері.
3. Э.Худайбердиев. Адабиетшуносликаға кириш.

ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ. ҰЙҚАС, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Жоспар:

1. Өлең туралы түсінік.
2. Өлеңнің әлеуметтік ролі.
3. Ырғақ.
4. Шумақ, оның түрлері.
5. Өлеңнің тармақ құрылыстары. Буын, бунақ.
6. Өлең формалары.

Тірек сөздер мен ұғымдар:

өлең, поэзия, силлабика, тоника, метрика, өлшем түрлері; қара өлең, шұбыртпалы ұйқас, ақ өлең, ырғақ өлшемдері; тармақтар, бунақ пен буын, жаңа ізденістер.

Өлең және көркем қара сөз. Көркем әдебиет өлең не қара сөзбен жазылады. Өлеңмен жазылған көркем шығармаларды поэзия, көркем қара сөзбен жазылған шығармаларды проза деп атайды. Драмалық шығармалар өлеңмен де, қара сөзбен де жазыла береді.

Өлең мен қара сөздің өзара жақындығымен қатар, айырмасы да үлкен. Мұның екеуі де образ арқылы жасалады. Оқушылардың ой-сезіміне сурет арқылы әсер етеді. Өмір құбылысын әдеби образдардың көмегімен танытып, тәлім-тәрбие береді. Эстетикалық сезімімізді оятады.

Өлең сөйлемдерінің құрылысы қара сөздердің сөйлем құрылыстарынан басқаша. Өлең сөйлемдерінің буын, бунақтарын алсақ, белгілі бір тәртіпке бағынатындығын көреміз. Егер ол тәртіп болмаса, сөйлем өлеңдік қасиетінен айрылады. Демек, бұл өлең құрылысының өзіне тән заңдылығы барлығын аңғартады.

Қара сөздерде буын, бунақтарының белгілі бір тәртіпке бағынып отыруы шарт емес. Бір сөйлемдегі буын, бунақтар бір түрлі болса, екінші сөйлемде мүлде басқаша болуы мүмкін. Ол қара сөздің көркемдік қасиетіне ешбір

нұқсан келтірмейді. Сондықтан өлеңнің буын, бунақтарының белгілі бір тәртіпке бағынуы немен байланысты деген сұраққа жауап беруіміз керек.

Ырғақ (ритм, грекше *rhythmos* -өлшем, өлшемі сай келушілік), жалпы алғанда, белгілі бір мезгілде бірдей қайталанатын қимыл. Ол қимылдың бір мезгілдің ішінде бірдей қайталанатындығын көзімізбен көруге, құлағымызбен естуге, денемізбен сезінуге болады. Ырғақ музыка, сөз өнерлерінде де ерекше орын алады.

Музыка, сөз өнерлеріндегі ырғақтың шығу тегін зерттеушілер еңбекке негіздейді. Адам баласының еңбегін жеңілдету, өнімін арттыру ісінде ырғақтың ролі үлкен деп бағалайды. Алғашқы адам баласы ауыр нәрсені көтеру керек болғанда,» әу» десіп күш қосу үшін, шартты түрде белгілі бір дыбыс шығарып, сол дыбыстың айтылу мезгіліне сай қимыл жасау арқылы күш біріктірген, осы тәрізді еңбек процесінің нәтижесінен ырғақ туған дегенді айтады.

Өлең жолдарындағы белгілі бір бөлшектің бірыңғай дәлме-дәл қайталанушылығын өлеңнің ырғағы дейді. Мысал үшін он бір буыннан құралатын өлеңнің бір-екі жолын алалық:

3 4 4

/Жұрт үстін/ /қоңыр желмен/ /желпіндіріп,/

3 4 4

/Көсілген/ /көлегейлеп/ /көлеңкесі./ т.б.

Біз бұл үзіндіден әр жолда дауыс үш рет кідіріс жасайтынын және бір үш буынды бөлшектерден құралғандығын, сонымен қатар бірінші қатардағы дауыс кідірісі, бөлшектер екінші жолда да дәлме-дәл қайталайтынын көреміз. Осылар тәрізді өлең жолдарындағы белгілі бір бөлшектердің бірыңғай қайталануын өлеңнің ырғағы деп ұғынуымыз керек.

Жоғарғы айтылғанларды қорыта келгенде, өлеңнің қара сөзден негізгі бір айырмасы ырғағында, өлең сөйлемлерінде ырғақтың берік сақталуында. Кейбір көркем қара сөздерде де ырғақтың күштілігі аңғарылады, бірақ ол өлеңдегі тәрізді қатал сақталынатын заңдылыққа бағынбайды. Бір жерде ырғақты болып келсе, екінші жерде сақталмайды және ырғақты

бұзушылықтан шығармаға кемшілік те келмейді. Егер бір шығарма басынан аяғына шекем ырғаққа құрылса, оны ұйқассыз өлең не ырғаққа негізделген қара сөз дейді. Қалай болғанда да олардың әлі шын мәніндегі өлеңдік дәрежеге жете алмай жатқандығы аңғарылады.

Көркем қара сөзден өлеңнің ерекшелігі – ұйқасында. Өлең жолдарының аяққы дыбыстарының не бірнеше буындарының берік сақталатын ұйқастар қара сөздерде болмайды. Кейбір сөйлемдердің аяғында кездесетін ұйқас тәрізді, құлаққа бірыңғай естілетін буын, не дыбыстар өлеңдегідей айқын сезіліп, сезімге әсер етпейді. Сондықтан қара сөздер ұйқассыз көркем шығармалардың түріне жатады.

Қазақ өлең құрылысы да силлабикалық өлең құрылысына жатады. Демек, қазақ тіліндегі өлең шығарудың негізгі шарты буын санын бірдей келтірумен орындалады. Қазақ өлең құрылысының негізі буында. Өлшеуіші – буын. Бірақ бұл өзгермей бекіп қалған нәрсе емес. Өзгеруі мүмкін нәрсе. Сөйтсе де, қазіргі күнде буын заңы күшті. Әзіргі өлең құрылысымыз, көпшілігінде буын заңына бағынған құрылыс. Ол талассыз. Біз енді сол буын құрылыс заңдарына тоқтаймыз.

Шумақ. Өлең құрылысы әр түрлі. Бұлардың сыртқы түрімен де танысуымыз керек. Түрді білу – түршілдік емес. Түрді мазмұннан бөліп алу – түршілдік.

Бір неше жолдар мағына жағынан, дыбыс үйлестігі (ұйқас) жағынан қиюласып шумақ құрайды. Өлең сөйлемдеріндегі синтаксистік бір ойдың бітуін шумақ деп атайды. Шумақ болу үшін өлең жолдарының көбі не азы шарт емес, синтаксистік бір ойдың бітуі шарт. Қазақтың бір ауыз өлең дейтіні бір шумақ болады. Өйткені айтайын деген ой бітеді.

Мысал үшін мына бір халық өлеңін алсақ, бір-ақ ауыз өлең және ой бітіп тұр. Сондықтан ол бір шумақты өлең болады.

Хат жаздым қалам алып қауырсыннан,
Қаршығам қаз іледі бауырсынан.
Шақырса тауда тарлан таң сәріде,
Еділде бұғады үйрек дауысынан.

Синтаксистік ойдың бітуіне қарай, шумақ та әр түрлі болады. Ол екі жол өлеңнен бітсе, екі тармақты шумақ, үш жол өлеңнен бітсе, үш тармақты шумақ, төрт жол өлеңнен бітсе, төрт тармақты шумақ деп аталады. Тармақ саны бесеу де, алтау да, он да, онан да көп бола береді. Ол – ойдың бітуіне қарай.

Әр шумақта бірнеше тармақ болады. Шумақта тармақ екеуден кем болмайды. Тармақ деп өлеңнің бір жолын айтады. Өлең тармағы түрлі-түрлі. Мысал үшін бірнеше үзінділер келтірелік:

1) Екі тармақты шумақ

Жанған шамым, шам шырағым,
Сенсің менің атқан таңым!
Сен жалғызым, сен күнімсің
Көкте жанған жұлдызымсаң! *(Бесік жыры.)*

2) Төрт тармақты шумақ.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп. *(Абай.)*

Міне осылар сықылды өлеңнің әр шумағы екі жолдан не төрт жолдан тоқтап ой аяқталып отырса, екі тармақты не төрт тармақты өлең дейді. Басқалары да осылар сықылды. Айырмасы, тек тармақтарында. Сондықтан біз бұлардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтап жатпай, мысалдарын ғана келтіреміз.

3) Алты тармақты шумақ.

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң,
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым, Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан. *(Абай)*

4) Жеті тармақты шумақ

Сен мені не етесің,
Мені тастап,
Өнер бастап,
Жайыңа
Және алдап,
Арбап,
Өз бетіңмен кетесің. *(Абай)*

5) Сегіз тармақты шумақ.

Алыстан сермап
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,

Тағыны жетіп қайырылған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.
(Абай)

6) Он тармақты шумақ.

Бұл күнде сен
Бақыттысаң
Бостандықтың
Ақынысың,
Сал көзіңді алысқа!
Түйе орнына
Темір жолдың,
От орнына
Электрдің,
Шыққанын жаз қалыспа!

(Әбділда, «Тараспен әңгіме».)

Тармақ құрылыстары. Өлеңнің бір жолын тармақ деп атадық. Өлеңнің бір тармағында бір не бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Дауыстың соқпа-соқпасының арасын сызықпен белгілеп бір-екі мысал келтірелік:

- 1) /Майдалай/ /соқса майдың/ /қоңыр лебі./
/Балауса/ /балбырайды/ /жер желегі./
/Тау қалғып,/ /құз құлазып,/ /орман тынып,/ /Шомғандай/ /терең ойға/ /бәрі тегі./

(Асқар.)

- 2) /Білімдіден/ /шыққан сөз/
/Талаптыға/ /болсын кез./
/Түрін, сырын/ /көруге/
/Көкірегшінде/ /болсын көз./

(Абай)

- 3) /Бойы бұлғаң./
/Сөзі жылмаң./
/Кімді көрсем/ /мен сонан/
/Бетті бастым./
/Қатты састым./
/Тұра қаштым/ /жалма-жан/ т.б.

(Абай)

Осы келтірілген сызықтардың аралары бунақ болады. Біз бұлардың әрқайсысына жеке-жеке мысалдар келтірелік.

1. Екі бунақты тармақ.

- /Мүйізді кара/ /жұдырық/
/Токпақтай боп/ /жұмылып,/ /Бүкілдеген/ /бұлшық ет/
/Денеде бұлт-бұлт/ /жүгіріп/

/Баттасқан болат/ /буындар/
/Түтін шалған/ /отты көз/
/Еңбекке төніп/ /үңіліп/
/Бір жарықты/ /көруге/
/Күні кеше/ /ынтық ед./

(Сәбит)

Қазақ әдебиетіндегі жыр, желдірме деп атап жүрген өлең шығармалардың көбі екі бунақты өлеңге жатады.

2. Үш бунақты тармақ

/Атадан/ /Біржан сал боп/ /тудым артық./
/Ұраным/ /Ер Қарқабат./ /Алтай Қарпық./
/Аққумен/ /аспандағы/ /ән қосамын./
/Шығарсам/ /ащы күйді/ /түптен тартып./

(Біржан сал)

Жұрттың кара өлең деп айтатын өлеңдерінің бәрі де үш бунақты өлеңге жатады.

Бунақ құрылысының түрлері. Өлеңнің бір жолын алсақ, бірнеше буыннан құралады. Буынға бөлу үшін әуелі бунаққа бөлеміз. Өлеңнің бір тармағы бірнеше бунақтан құралатыны бізге қанық.

Әр бунақта буын кемі екеу, көбі төртеу болады. Қазақ өлеңінде бір бунақтағы сөздердің буын саны төрттен аспайды. Аса қалса жыр өлеңдерінің бунақтарындағы бес буынды бунақ сықылды, біреуі үш буынды, біреуі екі буынды екі сөзден құралатын бунақтар ғана болады.

Дыбыстардың осы жылысу, кірігу қасиеттерін өлең жазғанда ақындар да пайдаланады. Буын мөлшеріне сыймаған жерлерде екі дауыстыны қатар келтіріп, өлеңнің буын сандарын түгел шығарады. Мысалы:

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12

Ән-ше-йін күн өт-кіз-бек әң-гі-ме ү-шін,

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11

Тың-дар е-дің бір сө-зін мың-ға ба-лап.

Осы үзіндінің соңғы жолының буын саны 11. Алдыңғысының бір буыны артық. Әйтсе де буынның артықтығы байқалмайды. Оның себебі: соңғы бунағында бір сөз дауысты дыбысқа тынса, екінші сөз дауысты дыбыстан басталып отыр (мысалы, әңгіме үшін).

Сөйтіп кейде екі дауысты дыбыс қатар келген жағдайларда, он бір буыннан артық болса, онда осы тәрізді керексіз бір дыбыстың түсіп қалуы арқылы да буын сандары қысқартылады.

Өлеңнің буын түрлері. Қазақ өлеңдерін бунағына, бунақ ішіндегі буын санына қарап, негізінде, 5 түрге бөлуге болады:

1. Он бір буынды өлең.
2. Сегіз буынды өлең.
3. Жеті буынды өлең.
4. Алты буынды өлең.
5. Аралас буынды өлең.

Он бір буынды өлең

Мысалы:

3 4 4

/Арқаның/ /кербез сұлу/ /Көкшетауы./

3 4 4

/Дамылсыз/ /сұлу бетін/ /жуған жауын./

3 4 4

/Жан-жақтан/ /ертелі-кеш/ /бұлттар келіп,/

3 4 4

/Жүреді/ /біліп кетіп/ /есен-сауын./

(С.Сейфуллин)

Бұл өлең 11 буынды. Әр тармағында үш бунақ бар, әрбір қос сызықтардың арасы бір бунақ. Әр тармағындағы бунақтары 4 буынды екі бунақтан, 3 буынды бір бунақтан келген.

Қазақтың «Қара өлең» деп айтатын өлеңдерінің барлығы да үш бунақты, 11 буыннан құралады.

Бір тармағы он бір буыннан құралған өлеңдерді, бунақтарының ілгерілі-кейінді келуіне қарай, өз-ара 3 ке бөлуге болады.

Бас бунағы 4 буынды өлең.

Мысалы Сәбит өлеңінен үзінді келтірейік:

4	4	3
/Еңбек, теңдік/ /бостандыққа/ /табындық,/		
4	4	3
/Қашан жауға/ /«есірке» деп/ /жалындық./		
4	4	3
/Қазіргі күн/ /сәулесі алтын/ /қызыл күн/		
4	4	3
/Қара тұман,/ /қара күннен/ /арылдық./		

Мұнда аяққы бунағы ылғи 3 буын боп келеді. Схемасын салып көрсетсек, былай боп шығады:

:xxxx: :xxxx: :xxx:
:xxxx: :xxxx: :xxx:
:xxxx: :xxxx: :xxx:
:xxxx: :xxxx: :xxx:

Бас бунағы 3 буынды өлең.

3	4	4
/Қобызшы/ /Молқыбай шал/ /Матайдағы,/		
3	4	4
/Матайда/ – /Кенже, Тұңғат/ /Сақай дағы./		
3	4	4
/Қазақта/ /қобызшының/ /қалғаны сол,/		

3 4 4
/Жорға еді/ /маймаңдаған/ /бақайшағы./

(І.Жансүгіров.)

Схемасы:

:xxx: :xxxx: :xxxx:
:xxx: :xxxx: :xxxx:
:xxx: :xxxx: :xxxx:
:xxx: :xxxx: :xxxx:

Сегіз буынды өлең. Қазақ өлеңдерінің барлығы он бір буынмен құрыла бермейді. Басқа түрлеріде бар. Соның бірі – сегіз буынды өлең. Бұл өлеңнің бір тармағы екі бунақты 8 буыннан құрылады.

Мысалы: «Онегиннің өлердегі сөзі» деп, Абайдың өзі жазған өлеңінің басқы 4 жолы 8 буынды өлеңге жатады.

4 4
/Жарым жақсы/ /киім киіп./
4 4
/Келді жанға/ /жылы тиіп./
4 4
/Диуана болды/ /бұл көңілім./
4 4
/Басылмай бір/ /құшып-сүйіп./

Таза 8 буынды өлеңнің екінші түрі өте жиі ұшырайды. Мұнда бір жолдың алдыңғы бунағы 5 буын, соңғы бунағы 3 буын болып келеді және осы өлшеуден таймайды.

5 3
/Кешегі өткен/ /ер Әбіш./
5 3
/Елден бір асқан/ /ерек-ті./

5 3

/Жүрегі жылы,/ /бой (ы)/ /құрыш,/

5 3

/Туысы жаннан/ /бөлек-ті./

Сегіз буынды өлеңнің бұл түрі қазақ өлеңдеріне әбден еніп, тұрақталған, көп ақындардың өлеңдерінен кездестіруге болады.

Жеті буынды өлең. Көп өлеңдер ылғи жеті буыннан құралады. Бұл да екі бунақты болады. Мұның алдыңғы бунағы кілең 4 буыннан құралады да, соңғы бунағы кілең 3 буыннан құралады. Таза 7 буынды өлеңдер бұл өлшемнен аспайды. Сондықтан мұны жеті буынды өлең дейміз.

4 3

/Ханның кірген/ /ақ орда/

4 3

/Бұзуын ойлап/ /кеңестік./

4 3

/Аламанға/ /жел бердік,/

4 3

/Аса жұртты/ /меңгердік,/

4 3

/Қара қазақ/ /баласын,

4 3

/Хан ұлына/ /теңгердік./

4 3

/Өздеріңдей/ /хандарды,/

4 3

/Қарны жуан/ /билерді/

4 3

/Қабырғасын/ /сөгілтіп,/

4 3

/Қабырғадан/ /аққан қан/

4 3

/Ат баурына/ /төгілтіп,/

4 3

/Әділ жаннан/ /түңілтіп,/

4 3

/Ат артына/ /өңгердік./ (Махамбет)

Алты буынды өлең. Өлеңнің бір шумақтағы тармақтары бір өңкей 6 буыннан құралады. Біздің өлең құрылыстарында негізге алатынымыз шумақ. Біз 11 буын, 8 буын, 7 буын дегенде, осы буындармен жазылған шумақтар бар ма, жоқ па міне осы жағынан қараймыз. Жоғарғы бунақтарға бөлуіміздің негізінде шумақ жатыр. Сол буындармен құралған шумақтар бар болғандықтан жоғарғы буындарға бөліп отырмыз.

Алты буынды өлең екі бунақты болып келеді. Біріншісінде де, екіншісінде де буын үшеуден аспайды да, кем де түспейді. 6 буынды өлеңнен өз алдына шумақ та құралады. Тек қана бір шумақ емес, алты буынды өлеңмен үлкен поэма да жазуға болады.

Мысалы:

3 3

/Қара көз,/ /имек қас,/

3 3

/Қараса,/ /жан тоймас./

3 3

/Аузың – бал,/ /қызыл гүл,/

3 3

/Ақ тісің/ /кір шалмас,/

3 3

/Қыр мұрын/ /қыпша бел./

3 3

/Солқылдар/ /соқса жел./

3 3

/Ақ етің/ /үлбіреп,/

3 3

/Өзгеше/ /біткен гүл./

(Абай)

Бұл секілді өлең басқа ақындардан да табылады.

Аралас буынды өлең. Қазақ өлеңдері тек қана 11, 8, 7, 6 буындардан құралып қоймайды. Олардың буын сандары өзгеріп те отырады.

Өлеңнің бұл құрылысы поэзиямызда мейлінше көп. Бұл түр негізінде қазақ поэзиясында Абайдан бастап кірді деуге болады. Бұл құрылыстың өзара бір-бірінен өзгешеліктері бар.

Бұл үшін бірнеше мысалдар келтірелік:

5

1) /Алыстан сермеп,/

5

/Жүректен тербеп,/

5

3

/Шымырлап бойға/ /жайылған;/

5

/Қиуадан шауып,/

5

/Қисынын тауып,/

5

3

/Тағыны жетіп/ /қайырған;/

5

3

/Толғауы тоқсан/ /қызыл тіл,/

5

3

/Сөйлеймін десең/ /өзің біл./

(Абай)

5

2. /Сайрай бер тілім,/

5

3

/Сарғайған соң/ /бұл дерттен./

/Жар тайған соң/ /әр серттен./

5

/Қамықты көңіл./

/Қайтсе болар жеңіл./

(Абай)

4

4

3) /Ата-анаға/ /көз қуаныш/

4

3

/Алдына алған/ /еркесі./

4

3

/Көкірегіне/ /көп жұбаныш./

4

3

/Гүлденіп ой/ /өлкесі./

5

/Еркелік кетті./

3

/Ер жетті./

3

/Не бітті?/

(Абай)

Міне осылар сықылды, өлең құрылысының әр шумақтағы тармағына, бунақ, буындарына қарай, өзара бір-бірінен өзгешеліктері болса, барлығын жинастыра келіп бір сөзбен айтқанда аралас буынды өлең деп атаймыз.

Қазақ өлеңінің негізгі өлшеуіші буын десек, синтаксистік жағынан біткен бір ойды білдіретін бір шумақтан бастап, барлық шумағында да толық қайталайтын 10 буынды, 9 буынды, бір шумақтың бір жолы 4 буын, екінші жолы 7 буын болып келетін өлеңдер жайлы үндемей кетуге болмайды. Өйткені олар қазақ өлеңдерінде бар.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Өлеңнің анықтамасын айт.
2. Ұйқас өлеңде қандай қызмет атқарады ?
3. Ұйқас түрлеріне қазіргі ақындар поэзиясынан мысалдар келтір.
4. Тармақ пен шумақтың айырмасы неде?
5. Қазақ поэзиясында ұйқастың неше түрі бар, мысал келтір.
6. Өлеңде буындардың дәл келуі, буынның кірігуі дегенді қалай түсінесің?

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. З.Ахметов. Өлең сөздің теориясы.
2. З.Қабдолов. Сөз өнері.
3. Д.Қуранов. Адабиетшуносликка кириш.

лекция 15

ӘДЕБИЕТТЕГІ ТЕК ПЕН ТҮР. ЭПОС, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Жоспар:

1. Әдебиеттің текке, түрге бөлінуі туралы ұғым.
2. Эпостық тек, оның ерекшеліктері.
3. Эпостық тектің (түрдің) жанрлары
 - а) новелла
 - ә) әңгіме
 - б) поэма
 - в) дастан
 - г) очерк
 - ғ) повесть
 - д) роман

Эпос (грекше epos – баян, әңгіме, тарихтап айту) –көркем әдебиеттің байырғы, негізгі тектерінің бірі, дәлірек айтқанда қалыптасу тарихы тым әріге, адам санасының алғаш ояну дәуірлеріне тамыр тартып жатыр. Қай халықтың болсын, баяғы бабалар заманынан бері қарай ауыздан-ауызға

таратып ұрпақтан-ұрпаққа мұра ғып келе жатқан әдеби туындыларының дені – эпостық шығармалар.

Адамның көңіл –күйінен туатын лирика мен қимыл-әрекетіне негізделетін драмадан эпостың айырмасы - мұнда шындық кең көлемдегі баяндау, әңгімелеу арқылы жинақталады. Сонда эпикалық шығармадағы авторлық суреттеу мен қаһармандардың диалог монологтары – эпостың баянды жүзеге асыру жолдары, амалдары мен тәсілдері ғана.

Бұдан шығатын түйін –эпос жан-жақты жанр; эпикалық шығармада адамның өмір жолы кеңінен баяндалады, оның басынан кешкен тағдыры мен тіршілігі толық жинақталады, ал қатынасқан оқиғалар молынан суреттеледі. Ол жасаған іс-әрекеттер тұтас бейнеленеді, сайып келгенде, адамдар арасындағы қарым-қатынастар әр қырынан айқын көрсетіледі. Өмір шындығын қамту, адам мінезін ашу мүмкіндіктеріне қарай эпикалық жанр үш түрге бөлінеді:

1. Шағын көлемді эпикалық түр;
2. Орта көлемді эпикалық түр;
3. Кең көлемді эпикалық түр;

Қандай эпостық шығарма болсын, бәрі-бір осынау үш түрдің біріне жатады.

Шағын эпикалық шығармалар әдебиет тарихының әр кезеңінде әр сипатта болған. Мәселен, ежелгі көне дүниедегі бұл тектес көркем туынды – миф, одан кейінгі әр тұстардағы үлгілері – аңыз, ертегі, мысал, новелла т.б.

Миф – табиғат құпияларын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын, қиял-ғажайып оқиғаға айналдыра бейнелейтін фантастикалық баян.

Мифологиялық эпос – жалпы эпос атаулының басы. Бұл эпостың идеялық – тақырыптың негізі адам баласының табиғат пен қоғам туралы ғылым тумай тұрғандағы сонау алғашқы қауымға тән идеологиялық синкретизм тұсында етек алған аңқау әрі аңғырт ұғым-нанымдары.

Эпостың көне түрлерінің бірі – **аңыз**. Бұл да миф секілді, әсіресе, қиял аралас фантастикалық хикая. Бірақ мифтен өзгешелігі – аңыздың негізінде шындыққа жанасымды, көбіне тіпті өмірде болған, халық жадында сақталған

оқшау оқиғалар жатады. Әр халықтың тарихындағы әлдебір абзал адамдар – аса көрнекті қайраткерлер хақында да талай аңыздар туған.

Қазақ ауыз әдебиетінде Асан қайғы туралы аңыздар бар. Бул тарихта болған адам. Бірақ тірлік еткен заманы Жәнібек ханның тұсы дегені болмаса, дәлді кім еді, қай ортадан шығып еді, қандайлық еңбек, әрекет етіп, қандай өмір кешіп еді, ол жайының еш қайсысынан дәлді дерек жоқ. Бір ескеретін нәрсе – Асан жайлы аңыздар екі ұдай; бірі халыққа жат, онда Асан Жәнібек ханның жанындағы кертартпа сәуегей халінде көрінеді де, екіншісі – халықтық аңыз, онда Асан жалпы жұрт үшін "қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын" жайлы қоныс, құтты мекен іздеп жүрген ел қамқоры күйінде көрінеді. Соңғысы қызық аңыз. Бізге керегі де осы аңыз. Бұл аңыз шағын эпикалық түрдің қазақ әдебиетіндегі тәп-тәуір, нұсқалы туындысы да, Асан кәдімгідей көркем шығарманың кейіпкері.

Шағын көлемді эпикаға тән жанрлық түрлердің бірі- **ертегі**. Бұл да миф пен аңыз ға ұқсас, адам өмірінде не хайуанат дүниесінде болуға лайық әр алуан қызық кейде тіпті ғажайып оқиғаларды ойдан шығарып әңгімелейтін көркем баян әсерлі хикая.

Осынау ертегілерден, оның ішінде хайуанат жайындағы ертегілерден туындап шығып, шағын өзгеше бір түріне айналған нәрсе – **мысал**.

Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатта, көбіне аң ,хайуанат, кейде зат туралы жазылады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырып, сықақпен саналады.

Көркемдік дамудың жаңа кезеңдерінде эпикалық шығармалардың да бұрынғы түрлері өзгере, жаңғыра тұра, тіпті тың түрлері туып отыратыны сөзсіз.

Феодализм мен капитализм тұсындағы шағын эпоста сондай жаңадан туған түрдің бірі - **новелла** – (итальянша *novella* – жаңалық, соңы сөз) бұрын-соңды көз көріп құлақ естімеген тамаша оқиға туралы шындыққа сыйымды әңгіме.

Біз новелланы эпостың шағын түріндегі даму сырларын қатерге алғандықтан ғана атап отырмыз. Әйтпесе новелла біздің дәуірімізде көркем әңгімемен ұласып, екеуінің ара жіктері жойылып бара жатыр. Әңгіме новелладан кейінірек туған ұғым болғанмен, екеуінің табиғаты бір екені даусыз. Әдебиет білімпаздарының бірқатары, тіпті бұл екеуін бір-бірінен айырып қарауға қарсы, екеуін бір нәрсе деп түсіндіреді.

Әңгіме қиын жанр. Алдымен көлемі шағын. Ол жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң оқырманды бірден үйіріп әкету үшін, сол шағын көлемдегі өмір эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс. Сюжетке ене бастаған бетте-ақ оқырманның көз алдына іші- сыртын, мінез-кұлқын, іс әрекетін аттаған сайын аңғартып, содан келе бастауы керек. Ол адам өзіне тән ең бір елеулі өзгешелігімен шұғыл даралана беруі тиіс. Адам тұл көрінбейді; оның өзін қоршаған айналасы айқын көзге түсуі, сол арқылы белгілі бір әлеуметтік топ, қоғамдық орта танылуы шарт. Әлгі адам соның өкілі, типтік тұлға болуы қажет. Осының бәрі жазушыдан өмірді терең білумен қабат шұрайлы сөз байлығын жете байқағыштықты, асқан талғампаздықты, тілдегі тамаша суреттілікті, бір сөзбен айтқанда, қалам тиген жерді өмірдің өзіне айналдырар нағыз шеберлікті, соған қоса кемел идеяға апарар терең білім мен биік мәдениетті талап етеді. Мұның бәрі-күрделі, қиын жұмыс; сондықтан болуға тиіс, қаламгер қауым әңгіме жазуды шеберлік шыңдау деп ұғады.

Рас, әңгіме шеберлік мектебі. Ірі жазушылардың бәрі қаламын осы "мектептен" ұстартып шықты. Қазақ жазушыларының үлкен ұрпағы да (Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов т.б.) алғашқы бетте әңгімемен көрінді.

Осы ғасырдың жиырмамыншы- отызыншы жылдардағы қазақ прозасының дені әңгіме болатын; Бүгін де бұл жанр одан ары дамып, өркен жайып, жан-жақты жетілу процесін бастан кешіріп отыр.

Қысқасы, әңгіме – шағын көлемді эпикалық түрдің асыл үлгісі; әңгіме, негізінен қысқа жазылады да жинақты болады.

Шағын эпостың әңгімеге жақын тұрған бір түрі **очерк**. Бұл да қысқа көлемді көркем шығарма. Мұнда да үлкен шындықтың кішкене бір бөлегі,

адам өмірінің аздаған эпизоды нәрлі тілмен, әрлі суреттер арқылы шебер, тартымды бейнеленуі тиіс.

Очерктің әңгімеден өзгешелігі, очеркте суреттелетін шындық – ойдан шығарылған нәрсе емес, ал өмірде болған, не бар адам. Содан соң, очерк өткен шақтың көне шындығымен емес, осы шақтың жаңа шындығынан ғана туады. Бұл ретте, очерк - өз кезінің үні, жаңалық жаршысы.

Эпостың шағын түріне жататын очерк секілді аралық жанрдың бірі – **фельетон**. (французша *feuilleton* –парақ); бұл да әрі әдеби жанр, әрі газет жанры, өлеңмен де қара сөзбен де жазыла береді. Мұның әдеби қасиеті мол, жақсы үлгілерінде кәдімгідей көркем бейнелер, қызық мінездер, сатиралық типтер жамалған. Фельетонның газет жанры ретіндегі болмыс бітімін профессор Д.Засловскийдің "Газеттегі фельетон" (М., 1952-ж.) деген кітапшасынан оқып байқауға болады. Қазақ фельетонының тарихы мен теориясын арнайы зерттеп жүрген ғалым – журналист профессор Т.Қожакеев. Ол І.Жансүгіров, Б.Майлин, А.Тоқмағамбетов, С.Төлешовтар творчествасына мынадай сипаттама береді:

"Фельетон дегеніміз шағын көлемді, публицистикалық үнді, көркем тілді, сын-сықаққа бай, күлкі шығаратын әдеби шығарма". Ал ұзақ әңгіме, яки повесть – орта көлемді эпикалық түрдің үлгісі.

Орта көлемді эпостың повестен басқа тағы бір түрі **поэма** (грекше *poïeta* -туынды) -өлеңді повесть, өмірде болған не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен сипаттау.

Поэмалар түрлі-түрлі; сюжетті поэмалар да, сюжетсіз поэмалар да болады. Поэмаларда жасалатын адам образдары да әр алуан: эпикалық образ да, лирикалық образ да, романтикалық образ да, реалистік образ да болады. Поэма қазіргі қазақ поэзиясындағы мол өркендеп, кең өріске шыққан шешуші жанрлық түрлердің бірі.

Зерттеліп отырған жанрдың үшінші бір саласы –кең көлемді эпикалық түр. Кең көлемді демекші, эпостың бұл түрінде жазылған шығармалар

шындықтың жекелеген эпизодтарын суреттеумен тынбайды. Әдеби шығармаға арқау болған адам мен қоғам тіршілігін мейілінше кең қамтып, алуан-алуан даму кезеңдерімен тұтас жүйелеп, толассыз қимыл қозғалыс қалпында жан-жақты жинақтайды.

Адам мен қоғам өмірінің қандай ақиқаты болсын, мұнда күллі тамыр тереңімен қопарыла көрсетіледі де, оқырманның көз алдында өзгеше бір әлем, бүтін бір тіршілік дүниесі пайда болады.

Романның кең құлашты, мол тынысты синтетикалық жанр ретінде әбден кемелденген кезеңі – сыншыл реализмнің тұтасы.

Мазмұндағы мұндай салиқалы бітім мазмұнды пішіндегі жан-жақтылыққа әкелді: авторлық баяндау мен суреттеу, қаһармандардың монологтары мен диалогтары, әр тәсілді мүсіндеу мен мінездеу, жинақтау мен даралау, сөздегі сурет пен психологиялық дәлел, биік парасатты пафос пен терең философиялық талғам – бәрі бірімен, бірі бәрімен ұштаса ұласа келіп, романның бұрын- соңды болмаған үлгілерін туғызды да тың мүмкіндіктеріне жол ашты. Мұның өзі жанрдың жақсы дәстүрін белгіледі. Жаңа ғасырдың Томас Морр мен Фолкнер, Гашек пен Хемингуэй, Мартин дю Гар мен Грэм Грин туғызған жаңа романдары әлгідей жақсы дәстүрлерде дамыды. М.Горький мен М.Шолохов бастаған жаңа заман жазушылары жазған романдар да сол игі дәстүрді тың өріске маңыта дамытты.

Проза- қазақ әдебиетінде кешендеу туған, бірақ шапшаң дамыған сала. А.Құнанбаевтың ғақлиясы мен Ы.Алтынсариннің әңгімелері, С.Көбеевтің "Қалың малы" мен С.Торайғыровтың "Қамар сұлуы" жаңа туған жас жанрдың алғашқы тәжірибелері ғана болса, тарихи жағынан қысқа мерзім ішінде Б.Майлиннің, М.Әуезовтың, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтың, Ғ.Мұстафиннің, Х.Есенжановтың, Ә.Нұрпейісовтың күрделі кесек шығармалары көп ұлтты әдебиеттің ең алдыңғы қатарына бір-ақ ырғып шықты. Бұл қазіргі қазақ прозасын, оның ішінде роман жанрын, сөз ете қалғанда атап айтар айрықша сипат.

Дүние жүзілік әдебиеттегі кең көлемді эпикалық түрдің соңғы жүз жыл ішіндегі дамуына тән тағы бір тамаша сипат – эпопеяның кемелденуі болса,

қазіргі қазақ романы бұл сипатқа да еркін ие болып отыр. "Роман – эпопеяның басты ерекшелігі" -деп жазады профессор Т.Нұртазин, онда бұл романның кемерінде бірнеше роман иіндесе сыйысады. Қазақтың эпопеялық романдарының ішінде мұндай ерекшеліктер "Абай жолында» бар. Романның төрт кітап болуының өзі бір романда төрт романның басы тоғысқанын көрсетеді. Төрт кітап Абайдың басымен байланысты оқиғалар мен тұтас желілінеді. Алайда әр кітаптың логикалық тынысы бар.

Ғалымның осы ойлары және осыған байланысты айтқан "тұйық роман", "ашық роман" туралы тұжырымдары жанр табиғатын танығысы келгендерді бір алуан қызық толғанысқа мегзейтін кенеулі пікірлер.

Эпопеялық сипаттағы шығамалар роман жанры тумастан бұрын, баяғы көне дүние әдебиетінде де болғаны, олардың кең көлемді эпикалық түрдің ежелгі үлгісі ретінде танылғаны мәлім. Бірақ біздің тұсымыздағы роман-эпопеяның сыр-сипаты бұлардан басқаша екенін түсіндіріп жату артық.

Жалғыз-ақ эпопея –эпостың шыңы екенін, оның негізгі қаһарманы – халық, суреттер шындығы – халық басынан өткен кезенді құбылыстар екенін ғана еске саламыз.

Біздің дәуір үлкен эпопеяның гүлдену дәуірі, роман жанрының жаңа белеске, кең өріске шыққан кезі. Батыс модернистерінің (Роб-Грийе, Бютор, Натали Саррат, т.б.) классикалық роман үлгілеріне қарсы күресі, бұл "жанрды жерлеу" саясаты - әншейін әурешілік ғана. Роман эпостың ең таңдаулы үлгілерінің бірі болған және солай бола бермек.

ТІРЕК СӨЗДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Әдеби тек, әдеби түр, жанр, В.Г. Белинский тек пен түр туралы, эпикалық герой, персонаж, сюжет, фабула, эпос, эпостың түрлері мен жанрлары, кіші эпикалық жанр, публицистика жанры, әңгіме мен новелла, повесть пен роман, хикая, эпикалық тектің фольклорлық түрлері.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Эпикалық тектің өзіндік сипаты.

2. Шығарманы текке, түрге бөлу принциптері.
3. Эпикалық түрдің жанрлары.
4. Эпикалық түрдің негізі оқиға екенін дәлелде.
5. Эпикалық туындылардағы диалогтар мен драмадағы диалогтің айырмашылығы неде?

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. З.Қабдолов. Сөз өнері.
2. Т.Бабаев. Адабиетшуносликка кириш.
3. С.Ахметов. Әдебияттануы.

Лекция 16

ЛИРИКА ЖӘНЕ ДРАМА, ОЛАРДЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ ҰҒЫМ

Жоспар:

1. Лирика туралы ұғым.
2. Лирика жанрының түрлері.
3. Философиялық лирика.
4. Азаматтық лирика.
5. Махаббат лирикасы.
6. Лириканың жанрлық белгілері
 - а) баллада
 - ә) элегия
 - б) ода
 - в) сонет т.б.
7. Драма туралы түсінік.
8. Драманың түрлері.
 - а) драма
 - ә) комедия
 - б) драманың майда жанрлары (скетч, водевиль, инсценировка т.б.)

Лирика (грекше *lira*- ежелгі гректер үніне қосылып, ән салған музыка аспабы) -әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі, шындықты адамның ішкі көңіл-күйінен бөлек ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығармалардың бірі. Көбіне өлеңмен жазылады.

Лирикалық шығармаларға ақынның ішкі дүниесінің сыртқы себептермен, жалпы ақиқат шындықтың әсерімен қатты толқуы, автордың өз басының алуан-алуан нәзік түйсіктері, күйініш-сүйініш тән болып келеді.

Қандай суреткер болсын, көркем шығарма жазудағы мақсат-адамды көрсетіп қана тыну емес, адам арқылы қоғамды, мүмкіндігінше өмірдегі өзекті шындықты көрсету. Осы тұрғыдан алып қарасақ, лириканың өзге тектеріне, айталық эпосқа принциптік қайшылығы жоқ, олардан тек тәсіл жағынан айырмасы бар. Эпос пен лириканың ерекшелігін Ә.Тәжібаев өзінің “Өмір және поэзия” деген кітабында Б.Белинскийдің сөзімен былай талдап түсіндіреді: “Эпос субъект оқиғаға сіңіседі де, көрінбей кетеді, ал лирикада ол құбылысты өзі игеріп, өз ойына қабылдап қана қоймай, сол құбылыспен қақтығысудан туған түйсік түрінде жаңа сырына айналдырады. Лирика тілсіз түйсіктерге сөз береді.

Лириканың бас қаһарманы –ақынның өзі. Мұның эстетикалық қасиеті де, тәрбиелік күші де айрықша үлкен. Себебі бұл арада өлеңді жазған адам оқыған адамға айналып, ақын мен оқырманның көңіл күйлері бір-біріне ұштасып, бірігіп, біте қайнасып кетеді. Ақын оқшау образ жасап, оқырманға “содан үйрен не жирен” дегендей тенденциямен ғана тынбайды, оған тура өз басындағы сезім мен сырды тұп-тұтас көшіре салады. Сонда ақын көкірегіндегі сезім-оқырман сезімі, ақын көңіліндегі сыр оқырман сыры болады да шыға келеді.

Армысың-ау, армысың,
Айналайын, жеңешем!
Бармысың-ау, бармысың,
Айналайын, жеңешем,
Жарқ еттің-ау, біріндей

Қос ырғайдың, жеңешем!
Құшақ жая жүгірмей,
Тосырқайсың неге сен?

Лириканың күші әсерлілігінде, әсерлілік әр нәрсені әншейін ауызекі әңгіме қылғандай сылдыратып айтып беруде емес, айтайын дегенін сырлы суретке айналдыруда, демек лириканың күші-баяндауда емес, суреттеуде жатады. Ал лириканың суреттер шындығы ұлан-ғайыр, шындықты қамту құлашы кең; шын мәніндегі шебер лирикті не жалаң қайғының, не бірыңғай қуаныштың ақыны, не мұңшыл, не күлкішіл ақын деуге болмайды; талантты лирикалық өлеңдерінде соның бәрі түгел, тұтас жатады. Оның сырлы жырларындағы сәл ғана, ең бір жай сезінудің өзі, Белинскийше айтсақ, оқыған жанның сана-сезімін түгел баурап, көңіл-күйін түгел тербетіп, барлық пернені бірден басып, барлық шекті бірден сөйлеткендей сайрап кетеді. Сондықтан шын мәніндегі шынайы лирика сырландық атаулыдан әрқашан аулақ тұрады.

Мұндай лириканың үлгілерін Гете мен Пушкин, Абай мен Шевченко, Блок пен Брехт, Хикмет... секілді әлемдік әдебиеттің әйгілі классиктерінің бәрінен табуға болады. Лирикада реалистік эпос пен драмадағыдай қарама-қарсы екі жақтың қиян-қилы, қат-қабат қақтығысы шиеленісу, өрбу үстінде көріне бермейді. Лирикалық қаһарман, әдетте, ұнамды кейіпкер. Сөйте тұра лириканың тартысты және тартыссыз түрлері болады. Лирикада мінез болады. Ол ақынның мінезі, өлеңім өзіме тарт дегендей, әр өлең тек иесіне ғана тартады. Сондықтан оқырманның өлеңді сынайтыны секілді, өлең оқырманды сынайды. Орта ғасырда роман (француз, испан, итальян) елдерінің поэзиясында туып қалыптасқан лириканың ерекше бір түрі – баллада (итальянша ballate - билеу) – лиро-эпостық сипаттағы, шағын сюжетті өлең. Баллада өзінің ұзақ даму тарихында талай өзгерістерге ұшырады: Әуелде бір топ адам қол ұстасып, би билеп жүріп айтатын ән түрінде көрінсе, кейін сыршыл толғау енді бірде асқақ әуенді арнау түріне ауысты.

Лириканың антик әдебиетінде көп тараған түрлерінің бірі – идиллия (грекше eidyllion суреттеу, сурет) -әлдебір парықсыздау салтанат, характерсіз

қызық, уайым-қайғысыз өмір туралы жыр. XVIII ғасырдағы Француз әдебиетінде идиллия мадригалға (французша *madrigal* – малшы сазы) ауысты. Бұл да басында жым-жырт, ың-жыңсыз рақат тірішілікті мадақтайтын өлең болатын. Кейін әйелдерге арналған альбомдық сипатқа көшті: енді бірде азын-шағын сықақ, күлкі араласатын болады. Лириканың әдемі түрлерінің бірі – сонет (итальянша *sonetto*: *sonare* - сылдырлау) арнаулы өлшеммен әртүлі тақырыпқа жазылатын сыршыл өлең; XIII ғасырда Сицилияда туған Данте, Петрарка көп жазған; кейін Батыс Еуропаның басқа елдеріне кең тараған классикалық үлгілерін Шекспир жасаған. Сонет қазіргі қазақ лирикасында да бар. Соңғы кезде бұл түрмен Е Әукебаев біраз өндіріп жазып жүр. Лириканың бұлардан басқа да түрлері толып жатыр: арнау, ой, концонетта, романс, пастораль, эклога, элегия, , эпитафия, эпиграмма т.б.

Лириканы тақырыбына қарай саяси лирика, махаббат лирикасы, философиялық лирика, табиғат лирикасы деп бөлуге болады.

Лириканы бұлай салалап тексерудің бірқатар мәні бар: әр түрінен ақынның әр қырын табуға болады. Айталық махаббат лирикасы. Абайдың осы саладағы лирикасынан не аңғаруға болар? Сөз жоқ ақынның сұлулыққа көзқарасынан бастап гуманизміне дейінгі талай қырын аңғарған болар едік. Бұларды өз алдына қойғанда, ақынның творчестволық эволюциясын, суреткерлік шеберлікке жетілу сырын таныған болар едік Мысалы:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды,
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Бұл арада, әрине қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы бір сұлу қыздың бет-пішіні пайда болады. Бар сән-салтанатымен, ажар-көркімен, міне, көз алдымызда қиылып тұр. Бірақ бары сол ғана. Сұлу бір жарқ етіп көрінді де, көлеңкедей қатты тұрып қалды, тірі кісіден гөрі түрлі-түсті бояумен келістіріп салған жансыз сурет сияқты үнсіз, тілсіз ...

Ал мынау ше :

Қызарып, сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі,
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзді керегі

Жоқ, мұнда басқа, мұнда адамның сырт құбылысының өзінен-ақ ішкі сезім толқындары тулап көрініп тұр. Бұл арада ақын да бағанағыдай ауыз әдебиетінің үлгісінде сылдырата бермей, адам жанының нәзік иірімдеріне тереңірек барып, өзінше бір суреткерлік мәдениет танытады. Бұл арадағы объект- құр сыртқы портрет, жалаң сурет емес, кәдімгі адам. Оған ақын енді жан бітірген. Ол енді қимылдайды, сөйлейді, сыр шертеді. Енді біз оның сырт бояуын қана көріп сүйсінбейміз, ішкі психологиялық жайларын қоса түсінеміз.

Драма (грекше drama – қимыл, әрекет,) - әдебиеттің үшінші тегі, шындықты айрықша тәсілдермен синтез қалпына келтіріп, шиеленіскен тартыстар үстінде жинақтап, оқиғаға қатысатын адамдардың сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдында қолма-қол көрсететін күрделі жанр – “әдебиеттің ең қиын түрі” (Горький). Белинскийдің байыптауына бақсақ, эпос пен лирика “ақиқат әлемнің екі қиыры” болса, драма – сол екі қиырдың қосындысынан туған “үшінші, түрі, өз алдына бөлек”, аралық әлем – “поэзияның жоғарғы тегі, өнердің биік өрі”. Өзге жанрлардай емес, драматургияда шарттылық көп.

Алдымен, драматургиялық шығармаға көлем жағынан шек қойылады. Қандай пьеса болсын, бәрібір, жетпіс -сексен беттен аспауы шарт.

Драматург барлық шындық пен образды сол белгіленген мөлшерге сыйғызуы тиіс.

Екіншіден, драматургиялық шығарма тек қана қатысушылардың сөздерінен құралады. Шындық пен образ тек қана диалог пен монологқа негізделген. Сахнада сөйлейтін тек персонаж ғана; автор сахна сыртында, залда қалады. Демек драмадағы ең басты, ең шешуші нәрсе - тіл. Пьесаның күші де, әлсіздігі де тілде.

Үшіншіден, драма деген терминнің мағынасы қимыл екенін тегін деуге тағы болмайды; қимыл, әрекет жоқ жерде драматургиялық шығарма да жоқ. Тартыс атаулының ең бір шиеленіскен, шым-шытырық, күрделі түрі пьесада жатады. Арқауында аса маңызды, қатал, қиын қақтығыстар жатпаған пьеса-пьеса емес. Сөйтіп, драмаға шымыр шиеленіс, шыыршық атқан тартыс табу, яки драманы драматизмге жеткізу – үшінші қиындық.

Төртіншіден, драмадағы шындық көркемдік шешімін тек сахнада табады; драмадағы образ тек сахнада жасалады. “Драма тек сахнада ғана тірішілік етеді дейді Гоголь, -сахнасыз драма денесіз» деген. Айлардан айларға созылған соншалық ауыр коллективтік еңбектің нәтижесінде барып сахналық шешімін тапқан драматургиялық шығарма көрермен көңілінен шыға ма, жоқ па, - мәселенің үлкені осы арада жатыр.

Драмадағы ең шешуші нәрсе - тартыс. Көлемді эпикалық шығарманың сюжеті секілді, драмадағы тартыстың да кезең-кезеңдері - басталуы мен байланысы, шиеленісі мен шешімі болады; драматургиялық шығармалардың классикалық үлгілері, драмадағы тартыстың да кезең-кезеңдері - басталуы мен байланысы, шиеленісі мен шешімі болады; драматургиялық шығармалардың классикалық үлгілерінде бұл кезеңдер композициялық жағынан шебер қиыстырылып, оқиғаны өрбіту тәртібі жазылмаған заң ретінде қатал сақталған.

Драмадағы хал-күйдің басы (экспозиция), әрине, пьеса, әрине, пьесаның кіріспесі іспетті, алғашқы актіде жатады. Мұның міндеті көрерменді пьесаға қатынасатын адамдармен (персонаждармен) таныстыру. Экспозиция екі түрлі (жағдай экспозициясы, мінез экспозициясы) болуы мүмкін.

Байланыс (завязка) көрерменге қаһармандар арасындағы болашақ қақтығыстардың себебін аңғартып, сахнадағы біртұтас қимылды бастайды.

Біртұтас қимыл (единое действие) – тартыстың ұлы арқауы, шығармадағы шиеленістер оқиғаның дәл өзі.

Драмадағы хал-күйдің (развязка) – пьесаның шешімі; шиеленіскен оқиғалардың соңынан ақырғы актіде келеді. Тартыстардың немен тынғанын көрсетеді.

Драматургия үшін орасан қажет нәрсе – тәсіл. Тартысқа адамдарды еселеп кіргізу (постепенный ввод) тәсілінен әдемі әсер, сұлу сыр (лирическое замедление) тәсіліне дейін, оқыс танысу (неожиданное узнание) тәсілінен зат (вещ) тәсіліне дейін ондаған типін тізіп көрсетуге болар еді.

Эпос пен лирика сияқты, драманың да бірнеше жанрлық түрлері бар. Соның бірі – трагедия: (грекше *tragedia* –текенің әні) – құдіретті күш иесі, ғаламат қайсар, ақ... ер де өр тұлғалардың жаратылыстағы, жалпы өмір – тірішіліктегі адам жеңіп болмас асыңқы, асқақ кедергілермен кескілесіне, оның жан дүниесіндегі терең тебіреністерге, өзімен-өзінің іштей арпалыстарына құрылған күрделі сахналық шығарма. Трагедиядағы оқиғалар әдетте катерлі, қайғылы халден туындап тұтасады да, бас қаһарманның қазасымен – мұңмен, зармен – бітіп отырады.

Дүние жүзілік драматургияда трагедияның тұңғыш классикалық үлгілерін көне Грецияның ұлы драматургтары Эсхил (б.э.б. 525-456 жж.) Софокл (496-406 жж.), Эврипид (б.э.б.480-406 жж.) туғызған. Эсхилдің “Бұғауланған Прометейі” мен “Парсылары”, “Орестея” трилогиясы, Софоклдің “Эдип патшасы”, “Антигонасы”, Эврипидтің “Медеясы” мен “Электрасын” білмейтіндер кемде-кем шығар.

Батыс Европада трагедия Ренессанс дәуірінде дамыды. Англияда Марло мен Шекспир, Францияда Корнел мен Расин, Германияда Гете мен Шиллер туғызған кең тынысты эпикалық шығармалар, Пушкиннің “Борис Годуновы”, “Шағын трагедиялары”, И. Сальвинскийдің “Командар” мен Вс.Вишневскийдің, “Оптимистік трагедиясы”, Ғ. Мүсіреповтың “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Ақан сері-Ақтоқты” қазақ әдебиетіндегі жақсы үлгілері.

Драматургияның бір түрі –комедия –(грекше *komadia* күлкілі қызық ән) - өмірдегі келеңсіз, керексіз құбылыстарды, адам бойындағы қасиетсіздікті, оспадарлықты, мінездегі мінді сықақпен сынап, келекеге айналдыратын күлдіргі пьеса.

Комедияның тамаша үлгілері – көне Грециядағы “комедия атасы” Аристофанның (б.э.б. V-IV ғ.ғ.) “Салтанаттылар”, “Бұлттар”, “Бақалар”, ж.т.б. шығармалары.

Аристофан дәстүрін Римде Плавт пен Теренций жалғастырып, комедияға қоғам өмірімен қатар семья тұрмысын да тақырып етті.

Батыс Европа әдебиетінде комедияның мықтап өрістеген тұсы – классицизм кезі Мольердің “Сараны” мен “Тартюфін”, орыс әдебиетіндегі классикалық үлгілері Фонвизинның “Тоғышарлары” мен Грибоедовтың “Ақылдан қайғысы”, Гогольдің “Ревизоры” мен “Үйленуі”. Маяковскийдің “Қандаласынан”, Қ.Мұхамеджановтың “Бөлтірігіне” дейін, ондап, жүздеп саналады.

Комедияның күші – күлкіде, күлкінің күші шыншылдық пен табиғилықта. Шыншыл һәм табиғи күлкі терең мазмұнды тартыстан туып, толыққанды юмордың, не сатиралық образдарға көркем жинақталып, парасатты биік идеяға шебер бағындырылғанда ғана комедия жалаң водевиль, жеңіл фарс, арзан мелодрама сипаттарынан аулақ, бұл жанрдың шын мәніндегі шынайы шығармасына айнала алады. Комедия авторына талап осы тұрғыдан қойылуға тиіс.

ТІРЕК СӨЗДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Тек пен түр, жанрлық ерекшелік, лирика, эпос, драма, ода, элегия, сонет, эпиграмма, ән өлеңі, қазіргі лирикалық жанрлар, азаматтық, пейзаждық, махаббат, интімдік, лирика, сахна, театр, трагедия, комедия, персонаж, авторлық ремарка, ақ өлең, шешендік өнер, риторика

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Лирикалық жанрларға ортақ сипат қандай?
2. Лирика тақырыптық тұрғыдан қандай түрлерге бөлінеді, қазақ лирикасы мысалында айтып бер.
3. Лирикалық кейіпкер туралы не білесің, субъект дегенді қалай түсінесің?

4. Драмалық жанрдың өзге түрлерден басты айырмашылықтарын атап көрсет?
5. Комедия қандай жанр, қазақ әдебиетінен мысал келтір.
6. Трагедияның жанрлық сипатын анықта, мысал келтіріп айт.

ӘДЕБИЕТТЕР:

5. З.Қабдолов. Сөз өнері.
6. Р.Нұрғалиев Айдын.
7. Р.Нұрғалиев Трагедия табиғаты.
8. Ә.Тәжібаев. Қазақ драматургиясының қалыптасуы.

лекция 17

КӨРКЕМ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ МЕТОД, ТҮРЛЕРІ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Жоспар:

1. Көркем творчестволық метод туралы түсінік.
2. Романтизм.
3. Реализм. Сыншыл реализм.
4. Әдеби ағымдар: классицизм, сентиментализм, натурализм, модернизм.
5. Стиль, стильдік ерекшеліктер.

Таяныш сөздер мен ұғымдар:

көркем метод, әдіс, тәсіл, классицизм, романтизм, реализм, сентиментализм, әдеби стиль, творчестволық метод, творчестволық ізденіс, жазушының стилі, ағым.

Творчестволық метод туралы түсінік.

Метод (грекше зерттеу әдісі) өмірді эстетикалық меңгеру, оны көркемдеу және бағалаудың жалпы принциптері. Бұлардың ең бастылары: метод – «болмысты бейнелеу әдісі», «өмірді типтендіру принциптері; «шығарманың идеясын белгілеуші образдарды салыстыра тексеру және оларды даму үстінде көрсету «принциптері», «өнердің өмірге творчестволық қатынасы» т.б.

Бұл белгілер бірін-бірі толықтырады және метод туралы түсінігімізді нақтылай, кеңейте түседі.

Тағы бір бір мәселе: әдебиеттануда «метод», «көркем метод» және «творчестволық метод» атаулары қолданылады. Бұлар, негізінде, бір-бірінің синонимі екендігін естен шығармау қажет.

Бірақ әдебиеттануда қолданылып келе жатқан «жазушының көркем методы («М.Әуезовтың, С.Мұқановтың реализмі») және қаламгерді белгілі бір топқа бірлестіретін көркем метод түсінігі бір емес. Бұл жерде ой-пікір дамуының белгілі басқышында жазушыларды бір топқа ұйымдастыратын творчестволық метод туралы айтпақпыз..

Творчестволық метод дүние таным, эстетикалық идеал, көркем талап т.б. мәселелермен тығыз байланыста болады.

Көркем методты үйрену процесінде методты стильмен салыстыру әдісін де пайдалану мүмкін. Себебі бұл әдіс көркем методты да, индивидуаль стильді де анық дәл түсінуге жәрдем береді. Метод пен стиль біріншіден өзара тығыз байланысты, екінші жағынан дәл олар бір нәрсе емес.

Профессор Л.И.Тимофеев: «Методта ең алдымен жазушыны басқа өзіне жақын болған жазушылармен байланыстыратын жәйіттер анық көрінеді, ал стильде болса, оларды бір-бірінен ажыратып тұратын жақтары оның жеке тәжірибесі, таланты, сөз саптауы т.б. айқын сезіледі», - деп жазады.

Ақиқаттан да, стиль дегенде әрбір қаламгер творчасының тек өзіне ғана тән, қайталанбас идеялық-көркемдік ерекшеліктерін түсінсек, метод

дегенде керісінше, алдымен өмірдегі оқиға, әрекеттердің таңдап алынуы, суреттеу мен бағалауда қаламгердің негізге алған эстетикалық принциптерінің жинақтылығын, дербестігін түсінеміз.

Көркем метод – тарихи эстетикалық категория. Ол қоғам тарихының белгілі бір басқышында сол дәуірдің әлеуметтік- эстетикалық талаптарына байланысты пайда болады, қалыптасып дамиды, белгілі кезең мен жағдайға байланысты өз орнын өзге творчестволық методқа босатып береді. Бір жаңа методтың әдебиетте пайда болуы үшін алдымен әлеуметтік өмірдің өзінде реал алғышарт және негіз болады, яғни метод осындай ортаның жемісі ретінде пайда болады.

Творчестволық методтардың бұл тәрізді орын ауыстырып тұруы - әдебиет дамуының негізгі заңдарынан бірі.

Көркем әдебиет тарихында романтизм мен реализм методтары кең тараған.

Романтизм – (французша *romantisme* –роман тілінде жазылған шығарма) Европа мен Америка мемлекеттерінде XVIII ғасырдың соңы XIX ғасыр бастарында творчестволық метод ретінде пайда болған.

В.Г.Белинский айтқандай романтизмнің түп-тамыры ерте замандарға (антик әдебиетке) барып тіреледі.

Бірақ ертедегі романтизм метод сипатында емес, бір элемент, не тенденция формасындағы романтизм (дәлірегі романтика) болды.

Шығыс халықтары, оның ішінде қазақ әдебиетінің де негізгі творчестволық методы, ғалымдарымыздың көрсетуінше, романтизм еді. Бірақ бұдан өткен дәуірлердегі әдебиетімізде реализм элементтері жоқ екен деген бір жақты тұжырым шықпауы тиіс.

Әрбір халықтың әдебиетінде романтизм нақты әлеуметтік- тарихи кезеңге орай, өзіне тән ұлттық ерекшеліктерге ие болады.

1. Романтизм, өмірді көркемдік жағынан зерттегенде, оны әлеуметтік- тарихи нақтылықта көрсетуде өмір жайындағы концепцияларға сүйенеді.

Романтик жазушы қандай-да бір керемет сұлу және жетіліскен өмірді армандайды, бірақ өзі арман еткен өмірдегі жақсы сипаттарды дәл сол қоғамнан таба алмайды. Өзі айналасына наразы, сондықтан да өз айналасындағыны суреттеуден гөрі өзі қиялдаған өмірді бейнелеуді артық көреді. Романтизмнің ірі өкілі Жорж Санд реалист жазушы О.Бальзакпен болған әңгімесінде: «Сіз адамды өмірде қандай түрде көрсеңіз дәл сондай етіп суреттейсіз. Ал мен болсам қандай түрде көруді армандасам, сондай етіп суреттеймін». Романтизм мен реализмнің негізгі айырмасы – міне, сонда.

Романтизм методы арман мен қиялды бейнелеуге көбірек назар аударады, сондықтан да жағымды бейнелердің көпшілігі идеалдастырылып беріледі. Мысалы «Қозы-Көрпеш Баян сұлу» поэмасында Қозы да, Баян да идеалдастырылып берілген. Махаббатқа адалдық, қиындыққа төзімділік, алған бетінен, аңсаған арманынан ешкімнің қайтара алмауы, Қозының керемет өнерлі болуы т.б.

2. Адамның рухани күштілігі мен беріктігін бейнелеп беру – романтизмнің негізгі өзгешелігі. Романтик жазушы өз туындысында тікелей өз атынан не қаһармандары атынан өзінің қайғысы мен мұңын, жек көрушілігі мен қуанышын айта отырып, халықтың пікір-қиялын, басынан кешкендері мен үміттерін, бақытты болашақ туралы армандарын да бейнелеп береді.

Мұны біз С.Мұқановтың «Сұлушаш», И.Байзақовтың «Ақбөпе», Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр т.б. туындылардан айқын көреміз.

3. Романтикалық шығармаларда әдетте аңыздар мен мифтерге де жиі сүйеніп отырады: романтикалық кейіпкерлер аңыздардағыдай күш-қуатқа ие болады, адам таң қаларлық, ғажайып оқиғалар көбірек көрсетіледі. Бұған мысал шығыстық сюжетке құрылған «Ескендір», «Масғұт», «Ләйлі-Мәжнун» т.б. қаһармандардың ерекше ғажайып күш-күдіретке ие.

4. Романтизм үшін өмірді көтеріңкі рухта, әралуан бояулармен бейнелеу характерлі. Ақындарымыздың өлеңдерінде, лирикалық шығармаларында, әсіресе, махаббат сезіміне құрылған интимдік өлеңдерде бұл айқын

байқалады. Қазақ ақындары: Ақансері, Абай, Мағжан т.б. лирикалық геройлары соншалықты эмоциональды, көтеріңкілікпен бейнеленеді.

5. Романтизм туралы пікір айтқанда романтизм және романтика атауларының мәніне түсініп алу қажет. Себебі «романтика» және «романтизм» дәл бір нәрсе емес: романтизм – творчестволық метод, романтика тенденция: жоғарыға ұмтылу, көтеріңкі көңіл күйлерін бейнелеу тәсілі.

Романтика яки романтикалық тенденция ерте дәуірлерден бастап біздің заманымызға дейін жалғасып келуде. Ол үнемі жазушының шабытына қанат, творчествосына өрлеу береді. Романтиканың негізгі қайнар көзі - өмірдің өзінде. Өмірде адамға зауық беретін

немесе адамды қайғы-қасіретке салатын оқиғалар (еңбек зауқы, құмарлық дәмі, қайғылы- дертті хал) өте көп, олардың өзі де, өмірі де романтика. Тұрмыстағы романтика жазушы жүрегіне шабыт дарытады, оның көңіліне шығармашылық дәнін себеді. Сондықтан да романтика әдебиеттің мәңгілік серігі болып қалады. Бірақ романтизм творчестволық метод ретінде көркем ой тарихының белгілі бір басқышында пайда болады және өз қызметін өтеп болудан орнын басқа методқа босатып береді.

6. Көркем творчествода субъектив факторларға ерекше көңіл бөлінуі романтизмнің елеулі ерекшеліктерінің бірі, мұнда қаламгердің өзі, оның дүниеге көзқарасы үлкен роль ойнайды.

7. Прогрессив романтизм ешқашан реализмге қайшы емес. Олар көп жағдайда бірі бірімен араласып кетеді. Тіпті бір жазушы творчествосында екі методтан да пайдаланған жағдайлар болған. Бұл туралы М.Горький: «... Бальзак, Тургенев, Толстой, Гоголь, Чехов, т.б. туралы айтқанда, олардың романтик немесе реалист екендігін анық айту қиын».

Бұл пікірлер өткен ғасырлардағы ақын-жазушыларымыздың шығармашылығын үйренуде үлкен роль атқарады. Мысалы, осы тұрғыдан қарағанда Абай, Султанмахмут, Мағжан творчестволарын қалай анықтау

керек. Бұл ақындардың творчестволық методы романтизм бе әлде реализм бе?!

Мысалы Абайдың творчестволық методы негізінде реализм, дегенмен оның бірқатар лирикалық туындылары романтикалық рухта жазылған. Бұл пікірді Мағжан, Сұлтанмахмұт т.б. туралы да айтуға болар еді.

8. Романтизм әлем әдебиеті тарихында, соның ішінде қазақ әдебиеті тарихында да үлкен маңызға ие болған. Бірақ дәл қазіргі кезде романтизмнің метод ретінде әлсіз жақтары да бар: шығармашылық процесінде субъективтілікке көбірек мән беріледі, объективизмге жетерлі көңіл бөлінбейді.

Реализм (латынша – материалдық, шындық) – оқиғаны шындық тұрғыда объектив дәл болмыстың өзіндей етіп, не өзіне ұқсатып бейнелеуді мақсат ететін – творчестволық метод.

М.Горький сөзімен айтсақ «адамдарды, олардың тұрмыс – тіршілігін шындық тұрғыда, боямасыз суреттеу – реализм деп аталады.

Жазушы – фотограф емес, ол өмірден көшірме алмайды, керісінше өмірді көркем түрде зерттейді.

Реализм өмір оқиғаларының мәнін тереңдей ашуды, оқиғаны кең қамтуды, оны бүтіндігімен, бүкіл болмысымен, қарама-қарсылығымен суреттеуді ұсынады. Реализм адамды өзінің әлеуметтік ортасымен тығыз байланыста суреттеуді мақсат етеді.

Іс-әрекетті, оқиғаны даму процесінде суреттеу реализмнің ең басты принципі.

«Реализм атауы –XIX ғасырдан бастап қолданылады. Қазіргі кезде реализм кең және арнайы мағынада қолданылып жүр.

1. Реализм (кең мағынада) оқиғаны шындыққа сай бейнелеуге, адамзат қоғамы дамуы үшін болған проблемаларды көтеруге, шешуге ұмтылады.

Әрбір көркем шығарма өмірлік мәні зор қоғамдық мәселелерді (мораль, философия т.б.) көркемдеп бейнелейді. Әдеби шығарма барлық уақытта да қоғамдық ой-пікірдің бейнесі болып табылады. Шығарма өмірге қаншалықты

жақын болса, ондағы реализм де соншалықты нанымды, соншалықты күшті болады.

Түркі халықтары әдебиетінің ең алғашқы үлгілері Юсуп Хас Хажибтің «Құтатқу-білігі», Махмұд Қашқарийдің «Диуани лұғат ат-түрк», Ахмет Югнакидің «Хибат ул-Хақайық» сияқты шығармаларында сол дәуірдің ең басты қоғамдық проблемалары (мораль, әдеп, тіл мәселесі, мемлекетті әділдікпен басқару, патша мен халықтың қатынасы) суреттелген және авторлардың өз ортасына субъектив көзқарасы да көрсетілген.

Қазақтың демократтық – ағартушылық бағыттағы әдебиетінде, әсіресе оның екінші жартысы мен XX ғасыр басында реализм сапа жағынан күшейіп, терендесіп барады. Бұл дәуірдегі реализмді «ағартушылық реализм» деп те «сыншылдық реализм» деп те атауға болады.

2. Реализм (арнайы мағынада) оқиғаны реалистік түрде бейнелеудің эстетикалық принциптерінің комплексі (творчестволық методы).

Реализм өмірді ақиқат детальдар, типтік характерлерді типтік жағдайда шынайы тұрғыда бейнелеп беру тәсілі. Бұл тәсіл реализмнің негізгі жолы.

Реализм творчестволық методы – көркем ой тарихында оңайлықпен пайда бола қалмады. Әлемдегі прогрессив әдебиеттің ұзақ ғасырлардағы ізденістері-реалистік тенденциялардың тынымсыз өсуі нәтижесінде пайда болды. Реализм методы алғаш XIX ғасырда алдыңғы Европа әдебиетінде пайда болды, кейін басқа халықтар әдебиетіне кең тарқалды.

Қазақ әдебиетінде реализм метод дәрежесінде XIX ғасырда пайда болған... Шығыстың бір қатар әдебиеттерінде реализм дамиды, қазақта Ы.Алтынсарин, Абай одан, сәл бұрын Махамбет, Шернияз, Дулат, Шортанбай, Мұрат т.б. ақындар шығармашылығында реализм айқын көріне бастаған.

Дегенмен, Орта Азия халықтары әдебиетінде реализм Батыс Европа соның ішінде орыс әдебиетінде ерісілген нағыз сыншыл реализм дәрежесіне көтеріле алмады.

Сыншыл реализм –реализм дамуының жаңа басқышы XIX ғасырдағы әлем халықтары озық әдебиетінің жетекші творчестволық методы.

XIX ғасыр орталарында Европада, соның ішінде Россияда феодалдық қатынастардың дағдарысқа ұшырауы, капиталистік қарым-қатынастар тудырған әділетсіздік, халық тұрмысының кедейленуі т.б. бір сөзбен айтқанда, өмірдегі әралуан жағдай көркем ой дамуын жоғарғы сатыға – сыншыл реализм сатысына көтереді. Заман қаламгерлер алдына феодалдық түзімнің шіріктігін, буржуазияның ашкөздігі мен әділетсіздігін кескін ашып көрсету сол қоғамның жексұрындығын мейлінше анық сынау, әшкере ету міндетін қояды. Осы дәуірдің алдыңғы қатарлы әдебиетінде – сол қоғамдық құрылысты сынауды, әшкере етуді – поэтикалық пафос дәрежесіне көтереді. Бұл дәуір реалистік әдебиетінің творчестволық методының сыншыл реализм деп аталуының себебі де сонда.

Сыншыл реализм өзінен бұрынғы реалистік методтың жетілдірілген түрі деуге болады. Өмірдегі мерездерді әшкерелеу, жою арқылы әсемдікті, сұлулықты дәлелдеу, бекіту – сыншыл реализмнің өзіне тән характерлі белгісі. Қазіргі кезде сыншыл реализм методы өзінің алдындағы реализмнің эстетикалық принциптерін және алдыңғы дәстүрлерін қамтып алады.

Сыншыл реализм методы өзінің бейнелеу мүмкіндігінің кеңдігі және эстетикалық принциптерінің күрделілігімен өзге творчестволық методтардан өзгешеленіп тұрады. Егер де романтизм методындағы шығармаларда адамның рухани талабына көбірек назар аударылса, бұл методтағы шығармаларда адамның рухани талабына көбірек назар аударылса, сыншыл реализмде адам өмірінің барша жақтарына көңіл бөлінеді. Күнделікті тұрмыс жағдайлары – реалистік әдебиеттің мәңгі серігі.

Сыншыл реалистер өмірдің көркем анализіне көңіл бөледі. Олар қоғамды объектив процесс деп білген, оны үйренген, талдаған, болашақтың жарқын жолдарын іздеген.

Әдеби ағымдар. Әдеби ағым әдеби процестің белгілі бір басқышында бір тайпа жазушылардың эстетикалық бағдарламасы - өмірді түсіне, сезе білуі және көркемдеп бейнелеуінің принциптерінің жиынтығы.

Белгілі бір ағымға жататын жазушылар өмірден тақырып таңдау, оны суреттеуде, сюжет пен композицияда, характер сомдау және көркем тілді дұрыс қолдануда, стиль мен көзқараста бір-біріне жақын болады. Себебі олар бір мақсат үшін еңбек етеді. Әлем әдебиеті тарихында бір неше әдеби ағымдар белгілі. Классицизм, сентиментализм, натурализм, модернизм т.б. осылар қатарында орын алады.

Классицизм (латын. *классик* - үлгілі) – тұрмысқа сәйкес, ақыл-парасатқа лайық әрекет ету, антик әдебиетті, өнер туындыларын үлгі ретінде алып оның дәстүр, заңдарына сүйеніп отыратын әдеби ағым. Классицизм өкілдері негізінде реал тұрмыс және реал адамдарды суреттеу - әдебиет пен өнердің негізі деп саналған.

Классицизм Францияда XVII ғасыр басында пайда болып, кейін Европа мемлекеттеріне, XVIII ғасырда Россияға тарқалған.

Классицизмнің төмендегі белгілері бар:

1. Барлық нәрседе (творчество процесінде) антик әдебиетке сүйену. Классицизм аталуы да айқын, яғни классик әдебиетке сүйенуден келіп шыққан.

2. Әдеби шығарманы нақты бір заңдылықтар негізінде жазу. Мысалы «үш бірлік» заңына бағыну. а. Заман, уақыт бірлігі (шығармадағы оқиғалар қысқа уақыт ішінде, бір күнде болып өтуі) ә. мекен, орын бірлігі (шығармадағы оқиғалар, әрине, бір жерде, бір орында болуы) б. Оқиға мен әрекет бірлігі (шығармада бір ғана бүтін оқиға болуы шарт)

3. Шығарма үшін қаһарман таңдау тәртібі (эпос, драма, трагедияларда тек қана ұлы адамдар, патшалар, батырлар образы жасалса, комедияда қарапайым халық өкілдері образы беріледі)

Классицизмнің ірі өкілдері П.Корнель, Ж.Расин, Ж.Мольер, Ж.Лафонтен, А.Д.Кантемир, А.П.Сумароков, М.В.Ломоносов, Д.И.Фонвизин т.б. шығармалары XIX ғасырда реализмнің пайда болуына негіз даярлады. Классицизм XIX ғасырға келіп заманның талаптарына жауап бере алмай, өз орнын сентиментализмге босатып береді.

Сентиментализм (французша - сезінбек) ақыл-парасаттан сезімді жоғары қою нәтижесінде жеке адамды, оның ішкі дүниесін талдауға негізделген әдеби ағым. Сентиментализм XVIII ғасырда Батыста феодализмнің құлауы және капиталистік қарым-қатынастардың өмірге келуі дәуірінде классицизмнің догма – заңдылықтарына қарсы күрес процесінде келіп шығады.

Сентиментализмнің классицизмнен ажыралып тұратын бірнеше ерекшеліктері бар. Сондай-ақ егер классицизм әдебиетінің «жоғары жанрларында» -үстем тап өкілдері образын жасауға ұмтылған болса, сентименталистер әдебиетте, негізінен қарапайым адамдарды өз тұрмыс жағдайында көрсетуді мақсат етеді. Нәтижеде, әдебиетте патшалар, батырлар, қолбасылар т.б. образдары орнында буржуа- мешандардан шыққан «орташа адамдар» образдары пайда болды. Классицизмнің бейнелеу қызметінде төтенше тарихи оқиғалар тұратын болса, енділікте қарапайым халықтан шыққан адамдардың жеке өмірін суреттеуге ерекше назар аударылды.

Классицизмде қарапайым адамдардың сезім күйлеріне, рухани дүниесіне жетерлі көңіл бөлінбей келсе, сентиментализмде негізгі мақсат қарапайым адамның ішкі дүниесін ашып көрсетуге қаратылды. Классицизм өкілдері – қарапайым еңбекші бұқараға түсінуі қиын болған күрделі тіл мен стильде жазған болса, сентименталистер әдеби шығарманың тілі мен стилін демократияландыруға, қарапайым сөйлесу тіліне жақындатуға ұмтылды.

Бірақ сентиментализмнің әлсіз жақтары да бар еді: сентименталистер адамның ақыл ойына жетерлі баға бермеді, көбінше сезім күйлерін, көңіл наздарын қуалап кететін.

Қазақ әдебиетінде сентиментализм дербес ағым болып қалыптаспады. Бірақ әдебиет зерттеушілерінің көрсетуінше XX ғасыр басындағы бір қатар ақын жазушыларда адам характерін тереңдете беруде сентиментализмге бейімдік байқалады. (М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал шығармалары»). Бұларда қаһармандар әлсіз, бақытсыз жағдайда көрсетіліп, оқушыда оларға деген аяушылық, қайғыру сезімдері пайда болады.

Натурализм (латынша -табиғи) өмірді және адамды «объектив (өмірде қандай болса сондай) көрсетуге ұрынушы күрделі әрі қайшылықты ағым.

Натурализм ағымының өкілдері бейнелеу объектісіне сын көзбен қарауды бекерлейді, тұрмысты, өмірді сезімсіз, көңіл-күйсіз суреттеуге, көшірмешілікке, бір сөзбен айтқанда, өмірдегі шешуші жәйіттерді болмашыдан, табиғиды табиғи еместен, заңдылықты заңдылық еместен ажыратпастан майда-шүйделерімен дәл «объектив» көрсетуге ұмтылады. Олар үшін оқиғаның ішкі мәні, маңызы емес, керісінше сыртқы жағы маңызды роль атқарады.

Натуралистар адам жан-дүниесін, характерін ғылыми (экспериментал) тұрғыда үйренуді негізгі мақсат етіп қояды, көркем шығарманы «адам құжаты» ретінде анализдейді, адам өмірін бейнелеуде көбірек оның физиологиялық жақтарына, әсіресе, эротикалық жағдайларды ашық (пердесіз) жалаң түрде бейнелеуге үлкен мәні береді.

Бұл методтың негізін салушы – француз жазушысы –Эмиль Золя. Ол өзінің «Эксперименталь романында» (1880) натурализмді метод ретінде дәлелдеп берді. Содан тез арада Э.Золя айналасында натуралистік мектеп пайда болды. Г. Мопассан, П.Алексис, Г.Ибсен, Г.Флобер т.б. қаламгерлер натурализм принциптерін жасады, оның суреттеу мүмкіндіктерін кеңейтуде, өнерді демократияландыруда, өмірді шындық негізінде бейнелеуде, түрлі топтағы адамдар өмірін көрсетуде бірқатар табыстарға ерісті. Әсіресе Э.Золя, Ги де Мопассон т.б. натурализмнің қабығын жарып шығып, өздері өмір сүрген дәуірдегі аристократтардың бұзықтығын, буржуазия өкілдерінің зұлымдық келбетін ашып тастады.

Тақырып ерекшелігімен қатар, әр жазушының творчествосында мінез (характер) бірлігі деген болады. Мұны, әрине, бір жазушы он образ жасаса, бәрінің мінез-құлқы бірдей болады деп ұқпау керек; он образ – он түрлі мінездің адамы бола берсін, бірақ он мінездің де жасалу тәсілдері бір-біріне ұқсап отырады. Бір жазушы айталық адам мінезін қимыл-әрекет үстінде танытуға бейім болса, енді бір жазушы оның көңіл күйін, сезім сырын, ой-арманын, әралуан психологиялық иірімдерін суреттеу арқылы ашуға шебер...

Мінез бірлігімен қатар, әр жазушының творчествосынан оның тек өзіне ғана тән тіл ерекшелігін аңғарамыз. Бізде Сәбиттің тілі, Ғабиттің тілі, Мұхтардың тілі

дейтін көп тіл жоқ, тек ғана қазақ тілі бар; Мұқанов та, Мүсірепов те, Әуезов те сол бір ғана қазақ тілінде жазған, жазып жүр. Бірақ үшеуінің тіл мәнері, сөз қолдануы, сөйлем құрауы, сөзбен сурет салуы не баяндап беруі, сыр ағытуы не сезімді жеткізуі... үш түрлі. Үшеуін тіпті шатастыру мүмкін емес. Өйткені тіл ерекшелігі-шешуші ерекшелік. Әр жазушының тіл ерекшелігіне қарап оның бір шығармасы емес, кейде тіпті күллі суреткерлік бітімін бір қырынан байқап қалуға болады.

Сонымен біз әрбір жазушының күллі творчествосының өн бойынан идеялық-көркемдік негіздің (идея – тақырып – мінез - тіл) тек сол жазушыға ғана тән ерекшелігін аңғарамыз. Мұндай ерекшелікті жазушы творчествосының мазмұны мен пішініне қатысты басқа жайлардан да іздеп таба беруге болады. Міне, стиль - әр суреткерге тән осындай творчестволық ерекшелік.

Стиль (грекше - *stylos*) деген терминнің мағынасы әр түрлі: байырғы римляндар сырлы тақтаға сөз жазатын бір ұшы қалақша, бір ұшы сүйір таяқшаны стиль деген болса, кейін әркімнің қолтаңбасы, жазу өрнегі, одан бертін келе сөз мәнері, сөйлеу машығы, ақыр аяғында әр суреткерге тән өнер ерекшелігі стиль атанған.

Себебі: «стиль – шын талант, ұлы ақын жазушылардың қаламдарына тән сипат. Кез келген ақын жазушыдан стиль іздеу – бекершілік. Өйткені барлық қиыстырушыларды ақын, сөз жаза білушілерді жазушы десек қателескен болар едік. Дарын жоқ та - стиль жоқ. Бұл екеуі сабақтас. Оқырмандарының ойына азық, жанына сусын бермейтін можантопай шығармалар жазып, «жазушы» атану мүмкін. Бірақ ондайлардың өзіне тән стилі болады деу қате.

Стильдің өзгеруі де мүмкін. Егер суреткердің дүние танымында немесе идеялық бағытында өзгеріс болса, стильге де ықпал ететіні даусыз. Осы секілді стильдің өзгеруін, С.Мұқановтың өз сөзімен айтқанда, бұрын «Адасқандар», енді «Мөлдір махаббат» аталып... басынан аяғына дейін қайтадан жазылып шыққан романынан да байқауға болар еді. Ол –ол ма, кейде, тіпті, стиль ешқандай тосын ықпалсыз, жазушының әдеттегі заңды творчестволық эволюциясына сәйкес те кәдімгідей құбыла береді: Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» мен «Оянған өлкесін» салыстырсақ, арада әжептәуір стильдік метаморфоза бар.

Иә, стиль – адам. Ендеше, адамның сәбилік шағы, жастық кезі, әбден кемеліне кеп толысқан тұсы болатыны сияқты, стильдің де тұтасқан тірі ғұмыры бар.

Қысқасы, шын мәнідегі ірі жазушының стилін оның суреткерлік бітімінен бөліп қарауға, оның бүкіл әдеби беті мен бағытын, күллі творчествосының мазмұны мен рухын белгілеген өзге «құпиялардан», айталық, ағымнан, не әдістен ажыратып әкетуге тіпті де болмайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Творчестволық әдіс пен көркемдік әдістің ерекшелігі туралы айт.
2. Әдіс пен әдеби ағым дегенді қалай түсінесің?
3. Романтизм методы, оның басты белгілерін ата!
4. Реализм методы қандай метод, оның өзге методтардан ерекшелігі неде?
5. Әдеби ағымдарды ата, әрбіріне нақты мысал келтір. Олардың қайсылары қазақ әдебиетінде кездеседі.?
6. Стиль (қаламгердің стилі) дегенді қалай түсінесің, стильдің қалыптасуы қалай жүзеге асады.?

Әдебиеттер:

1. З.Қабдолов. Сөз өнері.
2. Т.Бабаев. Адабиетшунослыққа кириш.
3. Стиль сыры (Жинақ).

Мазмуны

лекция 1. Әдебиеттану ғылымы пәні, оның сипаты, мазмұны мен мақсаты	2
лекция 2. Әдебиеттанудың құрамдас салалары.	13
лекция 3. Көркем әдебиеттің спецификасы. Көркемдік пен образдылық.....	19
лекция 4. Көркем әдебиеттегі типтілік. Тип пен характер	24
лекция 5. Әдеби образ, оның түрлері	31
лекция 6. Әдебиеттің халықтығы мен ұлттығы	41
лекция 7, 8. Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы	48
лекция 9. Көркем сюжет, Сюжеттің құрамдас бөлімдері	54
лекция 10. Композиция және оның элементтері	60
лекция 11. Көркем шығарманың тілі. Поэтик тіл, кейіпкер тілі.	71
лекция 12. Тілдегі көркемдегіш құралдар Троптар, олардың түрлері.	83
лекция 13. Фигура және оның түрлері	89
лекция 14. Өлең құрылысы. Ұйқас, оның түрлері	98
лекция 15. Әдебиеттегі тек пен түр. Эпос, оның түрлері	112
лекция 16. Лирика және драма, олардың жанрлық ерекшеліктері туралы ұғым ...	119
лекция 17. Көркем творчестволық метод, түрлері, ерекшеліктері	127
